

Б. СӘРСЕКЕЕВ

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Оқыту әдістемесі

Жалпы білім беретін мектептің
6-сынып мұғалімдеріне арналған

Қазақстан Республикасының Білім және
ғылым министрлігі ұсынған

2-басылымы



Алматы «Атамұра» 2011

УДК 373 (072)
ББК 74.266.3
С 28

Пікір жазғандар:

Аманбаев А.Ж., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жанпейісова М.М., тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент.

Сәрсекеев Б.С.

C28 Ежелгі Қазақстан тарихы. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сынып мұғалімдеріне арналған.
2-басылымы. – Алматы: Атамұра, 2011. – 104 бет.

ISBN 978–601–282–217–5

УДК 373 (072)
ББК 74.266.3

ISBN 978–601–282–217–5

© Сәрсекеев Б., 2011
© «Атамұра», 2006
© «Атамұра», 2011

КІРІСПЕ

Тарихты оқып үйрену – оқушыларды дербес зерттеу қызметіне талаптандыратын, олардың өз тұжырымдары мен пайымдауларын талдауға ынталандыратын, өз ойын білдіру қабілетін дамытатын белсенді процесс. Адамдардың бұрынғы үрпақтары жинақтаған тәжірибесін пайдалану тарихтың негізгі өлеуметтік міндепті болып табылады. Дүниемен қарым-қатынаста жинақталған білім тәжірибеде шығармашылық тұрғыда жүзеге асырылады. «Адамзаттың құндылықтарын зерттеу» міндепті тарихи білімнің мазмұнын, оны іріктеудің негізгі принциптерін өзгертуді талап етеді. Біздің ойымызша, педагогикалық аспектілерді ғана есепке алumen бірге, тәрбие берудің өлеуметтік-мәдени аспектілерін де бағдарлай алу қажет.

Тарихи білімнің мазмұнында жергілікті, ұлттық, ортаазиялық және әлемдік тарихтың элементтері үйлесім табуы тиіс. Осы элементтердің дұрыс сәйкес келуіне қол жеткізу негізгі міндеп болып табылады.

Қазақстан тарихын оқып үйрену дербес жұмыстың белсенді әдістерін, соның ішінде әр түрлі деректерді қоса пайдалануды көздейді. Мұндай жұмыс оқушыларға басты проблемалардың жергілікті деңгейде қалай, қандай жағдайда қабылданатынын көруге мүмкіндік береді.

Тарихқа тарихи және логикалық талдау элементтерін үйлестіретін ерекше тарихи таным тән. Мұғалім дүниетану материалына, қоғамның даму теориясына қатысты көзқарас алуандығын бейнелейтін материалдарға:

- ғалымдар еңбегінің нәтижелерін сипаттауға;
- зерттелетін нысандардың қасиеттерін ашуға;
- әр түрлі модельдерді, үғымдар мен теорияларды пайдалануға;
- экологиялық мәселелерді бейнелеуғе;
- теориялардың, модельдердің, заңдардың қолданылу шенберін түсіндіруге көніл аударуы тиіс.

Әдіснамалық білімдерді қалыптастыру шыгармашылық қабілетті дамытуға оң әсер етеді.

Тарихтағы өзгерістерді зерттеу ғылыми көзқарасты жетілдіруге көмектеседі. Адам өмірін талдауда және тарихи тәжірибе жинақтауда мұғалімнің жұмысы оқушыларға көп пайда келтіреді.

Республикамыздағы қазіргі тарихнама жағдайы мектептегі тарихи білім берудің ақпараттық тасқын жағдайында жүзеге асырылып жатқандығымен сипатталады. Оқушы мен оқытушы оқулық, ғылыми, ғылыми-көшпілік әдебиетті пайдалануға қол жеткізді. Сонымен қатар бұрынғыға қарағанда теориялық, әдіснамалық, идеологиялық негізге сүйенген еңбектер пайда болуда. Процестің екінші жағындағы өзгеріс жаңа теориялық-әдіснамалық түрғыда түсіндіруді мұқтаж ететін толып жатқан жаңа құжаттар мен мұрагаттардың ашылуына байланысты ақпараттар ағыны болып табылады. Сөйтіп жақын болашақта мектепте тарихи білім беру, ең алдымен тарих пәнінің оқу материалы жаңғыртылады деп болжауға болады.

Отандық тарих ғылымы мен тарихи білім беру ісі әлемдік ғылымдағы соңғы теориялық жаңалықтар мен әдіснама саласындағы жетістіктерден, тарихи дидактикадан қол үзіп қалмауға тиіс. А.Тойнби, К.Ясперс, Э.Г. Карр, П.Сорокин еңбектеріндегі жаңа тарихи тұжырымдамаларға, өткенді зерттеудегі макро-микро көзқарастарға жаңаша түрғыда мән берген жөн. Қазақстандық тарих ғылымының табыстары мен әлемдік теориялық-тәнімдік саладағы негізгі еңбектерді үдайы пайдаланып отырғанымыз абзал.

Бүгінгі тарих пәні ұстаздарының міндеті мыналар болып табылады: Қазақстан тарихының басты ерекшеліктерін көрсету; Еуразиядағы басқа да мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстанның жалпы және ерекше даму өзгешеліктерін анықтау; тарихи эволюцияның, шаруашылық өмірдің, мәдениет пен тұрмыстың, ұлт менталитетінің өзіне ғана тән нақыштарын түсіндіру. Мұғалім оқушыларға негізгі тарихи оқиғалар туралы тұтас, жүйелі түсініктер беруге; адамның рөлі мен қызметін ашып көрсетуге; оқушыларға әр түрлі деректерден өз бетінше білім алуды үйретуге, олардың тарихи құбылыс пен оқиғаларды өздігінен талдай және ба-

галай білу қабілетін дамытуға, өзіндік ой-пікірлерін қалыптастыруға тиіс.

Бұл әдістемелік құрал тарих және педагогика ғылымдары тақырыптарын бірге қамтиды. Сондықтан бізге екі мәселені – мазмұн мен әдістемені қоса қарастырып, «нені оқыту керек?», «қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап беру маңызды. Әдістемелік құралда әр түрлі ғылыми-әдістемелік және тарихи:

- окулыққа қосымша ақпарат;
- оқылатын курсқа қажет пәннің мазмұны жөніндеңі ақпарат;
- оку процесін жетілдіру жөніндегі педагогикалық ақпарат баяндалған.

1-тарау. ЕРТЕДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ. НОМАДИЗМ – ӨНДІРУШ ЭКОНОМИКАНЫң ЕРЕКШЕ ТҮРІ

1.1. Көшпеліліктің генезисі мен эволюциясы

6-сыныпта Қазақстан тарихын жүйелі оқып үйрену басталады. Мұнда көшпелі мал шаруашылығын, көшпелі өмір салтын ғылыми ұғыну негіздері қаланады, сондықтан оқушыларда «көшпелілер», «көшпелі шаруашылық», «көшпелі мал шаруашылығы» сияқты базалық ұғымдарды дер кезінде қалыптастыру маңызды. Бұл ұғымдар оқулықтың 12, 13-параграфтарында түсіндіріледі. Мұғалім «көшпелілер» ұғымының көшпелі өмір салтын білдіретінін нақты түсіндіруі тиіс. Онда екі түрлі көзқарас бар. Кейбіреулер көшпелі өмір салтын қолданатынның бәрін көшпелілер дейді. Мұндай көзқарасты көшпелі аустралиялық аборигендермен, аңшылармен байланыстырады. Кейбіреулер номадтарға көсіптері негізгі иемденуші емес, керісінше, өндіруші мал шаруашылығымен айналысушыларды ғана жатқызады. Бұл арада номадизм өндіруші экономиканың ерекше түрі ретінде қарастырылған. 12-параграфта көшпелі мал шаруашылығы өндіруші шаруашылықтың ерекше типі ретінде баяндалған.

Мұғалім көшпелі мал шаруашылығының анықтамасын тақтага жазып, оны оқушылардың дәптерлеріне көшіріп алудына мүмкіндік жасауы қажет: «Көшпелі мал шаруашылығы дегеніміз – өндіруші экономиканың ерекше түрі, онда жылжымалы мал шаруашылығы негізгі көсіпке айналады да, халықтың басым бөлігі кезеңдік қоюыс аударуға қатысады».

Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы тура-лы теориялар жеткілікті /6/. Көшпелі мал шаруашылығының шығу себептерін баяндағанда (§12), мұғалім оқушыларды ғылыми ортада таралған «үш саты» теориясымен таныстырыуна болады. Бұл теорияның пайымдауынша, көшпелі мал шаруашылығы аңшылықтан, ең алдымен егіншіліктен пайда болған. Бұл ретте схеманы бормен сыйып көрсеткен жөн.

Схема: Көшпелі мал шаруашылығының шығу салынысы:



«Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы мен дамуы» деген 12-параграфты оқығанда, мұғалім көшпелліктің дамуының ғылыми теорияларын жайғана санап шықпауы керек. Көрініше, балалардың қоршатған табиғат туралы білімін пайдаланып, олармен әңгіме үйімдастырғаны және көшпелі жағдайдың ерекшеліктерін атап көрсеткені дұрыс. Бұл ретте мұғалім ғылыми болжамдарды ұсына алады. Кейбір ғалымдар, мысалы, Л.Н. Гумилев, климат факторларын артығырақ санайды /7; 8; 9/. Ал бірқатар зерттеушілердің пікірінше, мал санының өсуіне байланысты мал өсірушілер жаңа аумақты игеруге және мал жаю жүйесін шапшандатуға мәжбүр болды. Номадизм алғашқы қауымдық құрылыштың ыдырауы мен оңтүстіктегі егіншілік шаруашылықтарының мал өсірушілерге жасаған экономикалық және саяси қысымы салдарынан пайда болған деген көзқарас кең тараған /10/. Бөлкім, көшпелі тұрмыстағы өскери артықшылықтар көшпеллілердің номадизмге өтуінде шешуші рөл атқарған шығар.

Жалпы мұғалім номадизмге көшудің негізінде – климаттық, антропогендік, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени факторлардың жатқанын, бәрі жиылдып, көшпелліктің қалыптасуын қамтамасыз еткенін мақұлдайтын ғалымдар туралы жалпы қорытынды жасай алады. Егіншілік шаруашылығы өзінің бар мүмкіндіктерін тауысқаннан кейін, географиялық ортада өзгеріске үшырады.

Кеңес әдебиетінде мал басының өсуіне және оларды асыраудың қындығына байланысты көшпелі мал шаруашылығына көшу туралы көзқарас басым болған еді. Бұл тұжырым бойынша жайылымды жиі-жіі ауыстырып, малды барған сайын қоныстардан алыс жерге жаю күшейді. Кеңестік теория негіzsіз еді: біріншіден, көшпеллілер мал санын реттеп отыруды білген; екіншіден, себептері онша толық болмаса да, мал саны табиғатта өздігінен реттеліп тұрады; үшіншіден, мал шаруашылығының экстенсивті жағдайында мал басының өсуі мүмкін

емес, өйткені шаруашылықты біржакты мамандандырудан бірқатар кемшіліктер туындаиды.

Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуын бірғана себеппен түсіндіру мүмкін емес. Мал шаруашылығының басталуын өндіруші шаруашылық басталған кездегі неолит дәуірінен-ақ байқауға болады. Көшпеллік мал өсірудің отырықшы тұрларінен басталып, белең ала бастады. Алғашқы кезде үй маңылық мал өсірушілік жекелеген аймақтарда таралып, отырықшы мал шаруашылығының әр түрлі салаларын қалыптастырыды, ал кейбір жерлерде көшпелі мал өсіру пайда болды. Бақташылық белгілі бір жағдайда жартылай көшпелі және көшпелі шаруашылықтың бастамасы болуы да мүмкін.

С.А. Плетневаның пікірінше, номадизм өзінің даму барысында екі сатыдан өтеді: бірінші – «таборлық», яғни жыл бойы көшіп жүру сатысы. Екінші – тұрақты баспаналары бар қыстауларға көшу сатысы, бұл отырықшылыққа әкеледі.

С.Е. Толыбеков өзінің тұжырымында жайылымдық мал шаруашылығын үш сатыға бөледі: 1) таза көшпелі саты, ол жыл бойы көшіп жүруімен және маусымдық жайылымдарының жоқтығымен сипатталады; 2) жартылай көшпелі мал шаруашылығы, оның ерекшелігі – бір жерде жылына 6 айдан артық тұрақтамайды; 3) «жайылымдық-экстенсивтік, отырықшы мал шаруашылығына жуық» саты, оның таулы, орманды және орманды-далалы аудандарда тұрақты коныстары бар, сондай-ақ тұрақты қыстауларымен, мал қораларымен, баспаналарымен, жемшебімен, диқаншылықпен сипатталады.

Н.Е. Масановтың пікірі біршама басқаша /6/. Көшпеллік өзінің пайда болуынан бастап шағын жылжымалылықтан үлкен қозғалысқа қарай өсіп отырады. Мұның нәтижесінде ат әбзелдері (ауыздық, үзеңгілер, шылбыр-ноқта), мал қөліктеріне жүк арту құрал-саймандары жетіледі; материалдық мәдениет бүйімдарын (киіз, жабдықтар, жиһаз, киім-кешек) ат пен түйеге артуға көшеді; арбамен көшу тәсілінен бас тартады (бұған табиғи тоқауылдар – өзен, көл, тау-тас, төбе, тегіс емес жерлер, сай-сала т.б. кедергі жасайды); мұның бәрі қозғалу жүйесін күштейтіп, оның жылдамдығы мен жиілігін арттыруды.

Жалпы еліміздің тарихын өлемдік тарих түрғысында қарастырған дұрыс. Мұғалім көшпелі шаруашылық-мәдени қызмет түрінің Еуразия аймағындағы далалық, жартылай шөл және шөл кеңістіктердің бөрінде кең тарағанын атап айтады /6/.

Сынып тақтасына көшпелі мал шаруашылығы туралы екінші анықтаманы жазып қою керек: «Көшпеллік – адамның күрделі географиялық жағдайларға бейімделу түрі, өндіріс процесін үйімдастырудың ұтымды әдістерінің жиынтығы, жануарлар мен қоршаған дүние туралы білімдердің қосындысы».

Көшпелілік тіршілік етудің табиғи жағдайлары нақты сипатталған аумақ ішінде қатаң түрде шектелген. Қазақстан аумағы көшпеліліктің барлық шарттарымен: жауын-шашынның аз түсі, құрғақшылық, ыстық ауа райы, табиғи-климат жағдайларының өзгермелігі мен құбылуы, топырақ пен су корларының аздығы, өсімдік қорының жетіспеуі, топырақ қабатының эрозия мен шөлге ұшырауымен сипатталады. Монголия, Жоңғария, Арабия тубегі, Орта Шығыс, Оңтүстік Азия, Сахара, Понти-Каспий, Солтүстік Африканың саванна-сахел жерінде де көшпелі мал шаруашылығы үстемдік ететіні қызығарлық жағдай.

Қазақстанның географиялық жағдайы да табиғи-климат ерекшеліктеріне әсер етеді. Еліміздің аумағы мұхиттан алыс орналасқан, ішкі континенталдық жағдайы салдарынан климат күрт өзгеріп, ауа райы (маусымдық, жылдық, тәуліктік) шұғыл құбылып тұрады. Климат сондай-ақ жауын-шашынның біркелкі түспеуіне де әсер етеді. Жаздың ыстық әрі қысқа, аңызақты және қыстың ұзақ та қатал әрі боранды болуы егіншілікпен айналысады қыннадатады. Сондықтан мұнда шаруашылық жүргізудің басым әдісі көшпелі мал шаруашылығы болды. Табиғи-климат жағдайларын бұлайша түсіндіру – Қазақстан аумағында номадизмнің кеңінен тарау себептерінің басты дәлелі болып табылады.

Көшпелі тіршілік Қазақстанда Тұран мен Каспий маңы ойпаты аумағын, Үстірт, Торғай, Орал сырты (Жем) үстіртін, Бетпақдала, Орталық Қазақстандағы ұсақ шоқыларды, Мұғалжар, Маңғыстау тауларын, Жалпысырт қыраттарының бір бөлігін, Алтай, Тарбағатай, Жоңғар және Іле Алатауының тау бөктерлері мен таулы аудан-

дарын, Қырғыз жотасын қамтыды. Қөшпелі тіршіліктің өзен, көл, тау бектерлерінде, жазық жер мен табиғи климат жағдайлары қолайлы аймақтарында отырықшы егіншілік кәсібі дамыды.

Мұғалім жергілікті жерлердің табиғи ерекшеліктерін үйде жазып келуді тапсырып, содан кейін тапсырманы Жұмыс дәптері арқылы орында туына болады, ойткені онда қөшпелі тіршіліктің мынадай ерекшеліктері сипатталған:

- күшті күн радиациясы;
- табиғи-климат ерекшеліктерінің өзгермелілігі;
- кезеңдік құрғақшылық;
- су қорларының аздығы;
- жер қорының жетіспеуі;
- желдің үздіксіз соғуы;
- шөп қоры өнімділігінің аздығы /6/.

Көшпелілік ерекше қолайлы жағдайлар бар жерде пайда болады. Сынып деңгейіне қарай, қөшпелі шаруашылыққа көшүдің оқулықта көрсетілген себептерінің тізіміне тағы біршама толықтырулар енгізуге болады:

1. Мал шаруашылығы маңызының артуы.
2. Салт аттылардың пайда болуы.
3. Өр түрлі техникалық және технологиялық жаңалықтардың шығуы.
4. Орталық-ауыспалы шаруашылықтың өр түрлі формалары.
5. Егіншілік рөлінің төмендеуі.
6. Табиғи-климаттық факторлардың өзгеруі.
7. Антропогендік, саяси және этникалық-демографиялық өзгерістер.
8. Өлеуметтік-мәдени жаңа еліктеушілік.
9. Жаңа жағдайларға өзгеше бейімделу.

1.2. Қөшпелі шаруашылықтың түрлері

Еліміздің тарихын оқып үйрену барысында Қазақстан тарихы жалпы тарихтың бір бөлігі болып табыластындығын және осында болған процестердің жалпы заңдылықтарға ие екендігін атап өтудің маңызы зор. Қөшпелі өмір салты Қазақстанға ғана тән емес. Өлемнің көптеген аймақтарында қөшпелілік өлі де бар. Бұл жөнінде галымдар сан алуан деректерге негізделген өр түрлі ти-

пологиялық схемаларды алға тартады. Оқушыларға көшпелі шаруашылықтың түрлері жөнінде қысқаша шолу жасауға болады. Олар номадтарды мынадай белгілер бойынша жіктейді:

1) баспана типтері бойынша (жылжымалы, тұрақты, отырықшы т.б.) немесе сыртқы формасы бойынша – қазақтардың киіз үйі дөңгелек күмбез, қалмақтардың үйі конус тәрізді (шошак);

2) көшудің ұзақтығы мен бағыты бойынша (меридиандық, тік, ендік т.б.);

3) малдың тур құрамы бойынша (мүйізді ірі қара, жылқы саны қанша пайызды құрайды т.б.);

4) шаруашылық көсіптердің сипатты бойынша (егіншіліктің, аңшылықтың рөлі қандай т.б.).

Біздің пікірімізше, оқушыларға көшпелі шаруашылықтың түрлерін (§§12, 13) мынадай жіктеу бойынша түсіндірген дұрыс:

Көшпелі мал шаруашылығы. Тіпті көмекші көсіп ретінде болса да, егіншілік жок, таза күйінде сипатталады. Бұл – Солтүстік Еуразия, биік таулы Ішкі Азия, Арабия, Сахара, Еуразиялық далалар.

Жартылай көшпелі мал шаруашылығы. Екінші және қосымша шаруашылық ретінде егіншілігімен қоса сипатталады. *Жартылай* көшпелі мал шаруашылығының көптеген балама түрлері бар. Мысалы:

1. Қоғам егіншілікпен де, мал шаруашылығымен де шүғылданады.

2. Қоғамда тек мал шаруашылығына көніл аударатын және егіншілікпен шүғылданатын топтар бар.

Жартылай отырықшы мал шаруашылығының жартылай көшпелі шаруашылықтан айырмашылығы – егіншіліктің басым болуында. Оның жартылай отырықшы деп аталуы бұл қоғамдағы жекелеген мал өсіруші топтар мен отбасылардың маусымдық қоныс аударып отыруына байланысты. Отбасылар жемшөп дайындаумен айналысып, көбінесе отырықшылық өмір кешеді.

Бақташылық немесе *жайылымдық* мал шаруашылығында халықтың басым бөлігі отырықшы болып, егіншілікпен айналысады, ал мал жыл бойы өз бетімен еркін жайылады. Оларды малшылар бағады. Мысалы, көктем мен жазда малды жайылымға шығарып, күз бен қыста қыстак маңындағы қораларда үстайды /10/.

Бақташылық мал шаруашылығының таулық түрі – жайлаудагы мал багу болып табылады. Жазғы жайылым тауда өтеді. Альпі мен Пиренейде осындағай альпілік мал шаруашылығы болған.

Отырықшы мал шаруашылығы. Бұл егіншілікке қосымша сала. Оның мынадай түрлері бар: үй маңындағы қорада бағылатын мал шаруашылығы, онда жылдың біраз мезгілінде мал жайлауда бағылады, одан кейін қорада ұсталады. Үй маңындағы қорада ұсталып, өз бетінше еркін жайылатын шаруашылықта кейде жемшөп аз дайындалады.

1.3. Су пайдалану ерекшеліктері

Су пайдаланудың ерекшеліктері туралы Қазақстанның орталық аймақтарын оқыған кезде айту қажет (§19). Көшпелі шаруашылық жайылымдарды, жемшөп және су қорларын, малдың өнімділік қасиеттерін ұтымды пайдалануға негізделіп құрылған. Сондықтан табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестерді тепе-тең сақтауга мүмкіндік туғызу үшін, мал үлкен аумакқа шоғырландырылған.

Қуандықшылық аймакта су – өсімдіктің, жануарлар мен адамның ең басты тіршілік көзі /6/. Номадтар су қорларының барлық түрлерін (өзен, көл, қарасу, қар суы, қар) пайдаланған.

Су пайдаланудың негізгі екі тәсілі бар: табиғи су және жасанды су.

1. Табиғи су – шөл және шөлейт жерде, ағын су жоқ, далалық, тау бектері мен биік таулы аудандарда, көл маңында пайдаланылады. Мұнда көшіп-қонудың қарқыны онша емес, өйткені су көп, малды еркін суаруга болады. Судың айналасында, өсіреле орманды-далалы аймақтарда шалғындар мол. Бұлактар, қарасулар көл мен өзендерге бармай-ақ мал суаруга мүмкіндік береді. Сондықтан көшүге асықпай, ұзак уақыт тұрақтайты.

2. Жасанды сумен жабдықтау туралы бұлай айта алмайсың, мұнда көшү тәртібін, оның қарқынын ең алдымен су қорының молдығы айқындаиды. Құдықтардың арасы 15–20 шақырымнан артық болмауы тиіс.

Мұғалім Батыс Қазақстан аумағындағы жасанды сумен жабдықтаудың ерекшелігіне тоқталуы қажет. Жал-

ғыз адамның құдық қазуы қын, сондықтан малшылар бірлескен. Онша үлкен емес құдықты бірнеше сағатта қазуға болады, бірақ су 4 метрден теренде жатса, онда мұндай құдықты екеулеп қазуға кемінде 4 сағаттан астам уақыт кетеді. Бұл ретте құдықтар көшетін жолдың маңында болуы тиіс. Құдықты өз қалпында ұстап тұру ете ауыр іс болды. Жұмсақ топырақ опырылып, қабыргасы құлайды, сондықтан жыл сайын ескі құдықты қайта қалпына келтіру қажет немесе жаңасын қазу керек.

Мұғалім ғылыми деректерден бірқатар фактілерді келтіре алады: терендігі 12 метрден асатын құдықтан су тарту қыынға түсті. Онша терен емес құдықтан 600–800 бас отарды суару үшін 2-3 сағат уақыт кеткен. Ал 30 метрден терен құдықты қазудың қажеті шамалы еді /6/. Мысалы, бес қабатты үйдің биіктігі (шамамен 15–17 метр) мұндай құдықтың терендігінің жартысындай-ақ болады. Ағын сұзы аз Батыс Қазақстан үшін (Үстірт жоны, шөл аймақтары) құдық аса қажет.

Солтүстік Қазақстан үшін сумен жабдықтаудың 1-турі тән. Суды пайдалану ерекшеліктерін түсіндіре келіп, оқушыларға дала тұрғындарының тіршілік етуіне су пайдаланудың әр түрлінің әсері туралы сұрақ қойып, бұдан туындаитын проблемаларды талқылауға болады. Атап айтқанда, суды пайдалану мен сумен жабдықтаудың Қазақстанның әр аймағындағы мәдениет, тұрмыс, дәстүрінің дамуына әсер еткендігі. Өрбір су пайдаланудың ерекшелігін жазып көрсеткен дұрыс.

Табиғи суды пайдаланудың ерекшеліктері:

– өрісті ағын су «асықпай» көшуге мүмкіндік жасады;

– су пайдалану процесін үйымдастыруда, мал жаюда, мал шаруашылығынан басқа кәсіптермен шұғылдануда, өмір салтында көшпелілердің өзіндік ерекшеліктері болды.

– тұрақты баспана мен отырықшы егіншілік басымдық танытты;

– еңбек және материалдық қорларды көптеп шоғырландырды;

– құндылықты бағдарлаудың психологиясы мен жүйесінде айырмашылық орын алды.

Жасанды суды пайдаланудың ерекшеліктері:

- мал отарының құрылымы көбірек қозғалысқа түсті (жылқы, түйе, қой);
- миграцияның ыргағы, жиілігі мен жылжуы күшейді (осыдан келіп түйе саны көбейді), тұрақтар ұзаққа созылмады, жыл бойы көшу айналымы («таза көшу») қысқарды;
- құдық қазуға, малды сумен қамтамасыз етуге көп еңбек жұмсалды;
- өндірістік қарым-қатынаста (егер құдық қазылса, суға «монополия» жасау), әлеуметтік қарым-қатынастарда (рулардың бірігуі мен топтасып көшу) айырмашылықтар болды.

Сөйтіп көшпелілердің мал шаруашылығында кемінде екі түрлі көшу қалыптасты. Олардың айырмашылықтары сумен қамтамасыз етуден және қоғамдық өндірісті ұйымдастыру жүйесінен туындалады.

1.4. Мал табынның құрамы

Жер бетінің әр аймағындағы көшпелілер табынның мал құрамы әр түрлі. Дара құрамды аймақтар да бар, мысалы, Ресейдің солтүстігінде негізгі және жалғыз мал – бұғы. Табын құрылымы күрделі аймақтар да кездеседі. Мысалы, Қазақстанға малдың 4 түрін бірге бағу тән. Табын құрылымы бағылатын малдың биологиялық ерекшеліктерімен анықталады.

Малды пайдалану да әр халықта әр түрлі болып келеді. Қазақстанда түйе көбінесе көлік ретінде, Арабияда – әскери мақсат пен сауда керуені, ал бедуиндер тағам өнімі үшін пайдаланады.

Табынның саны географиялық жағдайларға, табынның түр құрамына, табынның биологиялық ерекшелігіне, әлеуметтік-экономикалық факторларға (жайылым жағдайына, жұмыс қолының санына, мәдениет пен көсіптік салт-дәстүрге) байланысты.

Ал көшпелілердің әр түрлі топтарының көшіп-қону сипаты көптеген факторларға: көшіп-қону мезгіліне (маусымаралық, маусым ішінде), жүріп өтетін қашықтыққа, бағытқа (тік, көлденең), шаруашылықтың жағдайына (жемшөп, су, температура жайы) байланысты келеді.

Tік көшіп-қону тік бағыттағы жайылымның (биік таулы Ішкі Азия, таулы облыстар) ауысуымен байланысты.

Эллипстік көшіп-қону деп – жыл бойы жүрген жолы картаға түсіргендеге эллипс құрайтын көшіп-қонуды айтады.

Тарамды-айналма көшіп-қону – белгілі бір орынды, мысалы, су көзін айнала көшу.

Жайылымдарды маусымаралық ауыстыру табиғи-климаттық жағдайларға байланысты. Накты жайылымдар жылдың белгілі бір мезгілінде пайдаланылады. Көшіп-қонудың ұзақтығы жемшөп пен судың мөлшеріне, табынның санына, оның құрамының түріне байланысты келеді және бірнеше шақырымнан бастап (Шығыс Африкада сиыр бағу) кемінде 90 шақырымға дейін (Арабия, Еуразия далалары, Орта Шығыс, Солтүстіктең бұғы шаруашылығы) өзгеріп тұрады. Жемшөп солтүстік пен қоңыржай аймақтар үшін, су – ыстық аймақтар үшін маңызы аса зор проблема саналады /10/.

Көшпелілерге көшіп-қону тұрақтылығы тән. Ертедегі грек географы Страбон Еуразия далаларындағы тұрғындар туралы былай деп жазды: «Олар өз табындарының соңынан жүріп, үнемі жайылымы жақсы жерлерді, қыста Меотида маңындағы, ал жазда жазықтағы жерлерді таңдайды». Бұдан 2000 жылдан соң Плано Карпини де былай деп жазды: «Олардың бәрі қыста теңізге жақындейды, ал жазда дәл осы өзендердің жағалауы арқылы тауға көтеріледі» /11/. Сөйтіп 2000 жылдан аса уақыт бойы көшпелілердің көші-қон ауқымы тұрақты болғаны байқалады.

Қазақстан туралы айта келіп, мұғалім аймақтар бойынша малдың құрылымдық түріндегі айырмашылықтарды атап көрсетуіне болады. Қазақстанның онтүстігінде қойлар, батыста түйелер мен жылқылар базым болды. Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігі өрдайым мүйізді ірі қара малдың көптігімен ерекшеленеді, бұл оның мал шаруашылығының жартылай көшпелі болғанын білдіреді.

Табынның тұр құрылымы өсімдік шығымдылығына және маусымдық сипатына әсер етті. Көшпелілер қай жерде шүйгін шөп өсетінін, оны малдың қашсан жеп таусатының жақсы білген. Малшылар жайлау шебі тықырланып, шаны шықпас үшін жайылымын үнемі дерлік ауыстырып отырған. Оқушыларға өздерінің тұратын жерлеріндегі өсімдіктер және сол жердің тұрғындары

ұстайтын мал туралы материал жинау тапсырмасын беруге болады.

1.5. Өндірістік цикл мәселелерін оқыту

Көшпелілер өркениетінің мәнін түсіну үшін бұл тақырыптың ерекше маңызы бар. Үш мың жылдан аса өмір сүрген көшпелі өркениет дәстүрлі қоғамға жатады, ойткені оның көптеген аспектілері экономикалық, өлеуметтік тіршіліктегі онша өзгерген жоқ өрі уақыт тезінен аман өтті. Мұғалім өндірістік циклдің барынша ортақ кезеңдеріне тоқталып өтуі тиіс.

Көшпелілік неолиттік және индустримальық қоғам арасынан орын алыш, өндірістік шаруашылықтың иемденуші (аңшылық, балық аулау, терімшілік) және басқа бірқатар түрлеріне (тесе, қайла, соқа егіншілігі) қарсы тұрды. Сонымен бірге көшпелі мал шаруашылығы өндіруші шаруашылықтың басқа түрлерінен толық ажыраған жоқ.

Көшпелі мал шаруашылығының ерекшеліктері:

1. Мал шаруашылығы – шаруашылық қызметтінің басым түрі.
2. Малды жыл бойы қорадан тыс көшпелі сипатта бағуға байланысты экстенсивтік мазмұны.
3. Жайылым аумағының шегінде орын ауыстырып отыру.
4. Көшіп-қонуға халықтың жаппай немесе басым бөлігінің қатысуы (бақташылық немесе отарлық-жайылымдық мал шаруашылығынан айырмашылығы).
5. Экономиканың табиғи сипаты (фермерлікten айырмашылығы).

Мал шаруашылығының негізгі түрлері. Мал шаруашылығының жіктеудің әр түрлі нысандары бар:

- географиялық таралуы;
- табынның құрамы;
- көшіп-қонудың ұзақтығы;
- көшіп-қонудың бағыты;
- баспананың сипаты;
- отырықшылықтың сипаты;
- шаруашылық жүйесіндегі егіншіліктің үлес салмағы;
- шаруашылық жүйесіндегі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қарым-қатынасы;
- су пайдаланудың ерекшеліктері /6/.

Көсіптің негізгі түрлері. Қөптеген ғалымдардың пікірі бойынша, шаруашылықтың басым үш түрін – көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы турлерін үйлестірді. Қөшпелілердің табындарында қой көп болды. Шаруашылықта жылқы маңызды рөл атқарады. Қыстық жемшөп өзірленбекен кезде жылқы тебіндеп жайлайды.

Мал мен шаруашылық өнімдері айырбас құнын иемденіп, көшпелі қауымның отырықшы көршілерімен сауда-саттық жасаудың жағдай туғызды. Сонымен қатар Қазақстанның ежелгі тұрғындары егіншілікпен де айналысты. Мысалы, сақ, үйсіндердің «Алтын киімді адам» заманындағы ондаған қоныстарында жүргізілген қазбалар сақтар мен үйсіндердің қала салғанын дәлелдеді. Ғалымдар жасанды суландыру арқылы ғана өсірілетін бидай сортының дәндерін тапты.

Мал өсірушілер жазғы жайлаудан өздеріне таныс қыстауларга көшіп-қонып, жыл мезгілі мен қонысты мүқият таңдады, сөйтіп ғасырлар бойы жасаған мал шаруашылығы мәдениетін сақтады.

Қыстаулар үшін ен алдымен өзен маңындағы жерлерді таңдады, өйткені оның жағасындағы қалың қамыс пен бұталар үш рөл аткарды: олар дауылдан, қардан, бораннан сақтады, малға азық болды, адамдарды сұықтан қорғады. Жағалауда жайылымдар көбейген сайын, көшпелілер қыста өзен бойына көттеп орныға бастады. Өйткені қыс мезгілінде қарым-қатынас жасау қыынға согатын.

Көктемгі жайылымдар қысқы қоныстарға қараганда өдетте қырқалар мен жоталарға орналасты. Көшпелілер күні бойы далада, ашық аспан астында жүрді. Көктем – көшпелілер үшін үлкен мереке, арық малдар қонданып, қойлар, биeler мен інгендер төлдейді. Көшпелілердің жұмысы көктемде қой мен түйенің жүнін қырқумен абыр-сабырға ұласады.

Ең еркін уақыт жазда жайлауға шығу болып табылады. Өдетте оған орынды даланың шетінен таңдаған. Бұл кезде көпшілік той жасаған, ат жарысын өткізіп, күрес үйымдастырған, жүрт ақындар айттысын тындаған.

Күзде малшылар көктемгі жайылыммен сәйкес келетін күзгі жайылымдарға ауысқан. Халық жиылстыарында ру мен тайпаларға ортақ маңызды мәселелерді шешкен.

Көші-қондардың арасы әр түрлі болды: Қазақстаның солтүстігінде 25–30 шақырым, батыста қашықтық кейде 500 шақырымға дейін жеткен. Қоныстардың ара-қашықтығы жергілікті жердегі табиғи ландшафтың кли-маттық ерекшеліктеріне байланысты келді.

Қысқы жайылымдар оңтүстікте орналасы. Әдетте қары аз әрі шебі көп, кар аз түсіп, ерте еріп кететін жерлерге қоныстанды. Жел соқпайтын, суаттары ыңғайлыш, отыны мол, шебі жеткілікті, пішени мен қамысы қалың жерлер аса қажет-ақ.

Мал қыста тебінде жүріп, барынша отыға алмайды, сондықтан мұйізді ірі қараны түнде көбіне қорада үстады.

Жазда мал жайлауда бағылады. Жылқылар түнде ауылдан 12–15 шақырым жерде жайылды. Жас төлдер бөлек бағылды.

Жер ру меншігі саналды. Суға кім бұрын жетсе, сол пайдаланды – су көзіне (өзен, көл) бірінші болып келгендер «бірінші болып пайдалану» құқына ие болды (құдықты кім қазса, сол иемденді).

Малды бөлекtek жаю жі қолданылды, мысалы, қойды бөлек жаю үшін біршама аумақты қардан әдейі та-зартып қойды.

Накты табиғи-климат жағдайларына байланысты мал шаруашылығын жүргізудің түрлері мен нысанда-ры, көшіп-қону жүйесінің ұзақтығы, жылжудың шап-шандығы мен қарқыны, табынның құрамы мен құрылымы, материалдық мәдениет өзгеріп тұрды. Кейде тіпті өмір салты да өзгеріске ұшырады.

Малды қыста бағу. Ортадағы табиғи-климат жағдайлары жайылымды пайдаланудың маусымдық сипатын анықтады. Жайылым жерлерді пайдалану малды бүкіл өндірістік цикл ішінде жаю процестерімен байланысты болды.

Қысқы жайылымдар әдетте көшетін қоныстың оңтүстігінде, шөл мен шөлейт зоналарда орналасы. Тау бөктеріндегі аймақта таудан 200–300 шақырым төмен, өзендердің төменгі сағасында, көлдің маңында жатты. Қазақстанның солтүстігінде малшылар қыста оңтүстікке қарай орналасы. Оңтүстікке қарай жылжу қыстың ұзаққа созылмауымен (небәрі 2-3 ай) әрі неғұрлым жы-лырак болуымен байланысты еді. Сонымен қатар

оңтүстікте бұрқасын, боран мен қалың қар бола бермейді. Оңтүстікегі жағдай қой малы үшін қолайлырақ, өйткені олар онша қалың емес қарда (10–12 см) тебіндеп жайыла алады, ал Қазақстанның солтүстігінде қардың қалыңдығы 20–30 см-ге жетеді.

Дәріс жүргізудің әдіstemелік ұсыныстары

Мұғалім: «Малдың қыста күйлі болуы үшін қандай жағдай жасау керек?» деген сұрақ қойып, оқушылардың жауабының маңызды тұстарын тақтаға жазып қоюы керек. Мұндай жағдай: «желден жақсы қорғалған, қары онша қалың емес және қар астынан шөп қазып алып жеуге болатын, қасында қолайлы суаттары бар, маңынан отын жинап алуға мүмкіндік туатын, жақын маңда құрғақ шөбі мол немесе қамысы көп жерлер» деп пысықтап отеді.

Оқушылар мұндай жердің әдетте өзен аңғарларында, төбелер мен қыраттардың арасында болатынын түсінеді. Мұғалім мал жаюдың ерекшеліктеріне тоқтала алады. Жылы ауа райы кезінде қыраттарда, сұық кезде қойнауларда, қамыс пен бұталар арасында т.б. жаяды. Қары қалың жерлерді қыстың басы мен сонында, ал даланың ойпатын, шоқылардың, төбелердің, тау етектерінің терістік беткейлерін қыстың ортасында пайдаланған.

Қыс кезінде көбінесе мал тұрақты бір орында бағылған. Оның себебі – қыстың қыска күндері барлық жұмысты атқарып үлгере алмаған. Сондықтан қысқы қоныста – қыстауда тұрған. Қыс кезінде солтүстікте көшу табиги жағдайларға байланысты шектеулі болды: аяз, жел, қалың жауған қар, шөптің азаюы, температуралың күрт төмендеуі – осының бөрі малшылардың тіршілігін қыннадатты.

Оңтүстікте, кейбір аймақтарда, мысалы, құмды жерлерде қыста да көшкен. Әдетте су көзінің төңірегінде, бір құдықтан екінші құдыққа ауысып отырған. Мал жаюдың мүмкіндігі жайылымға, шөптің түрлеріне, мал түрлерін жаю тәртібіне, су көздеріне байланысты болды. Мысалы, бір жылқыға орта есеппен – 20, қойға 5–7 гектар жайылым қажет. Шөлді аймақтарда бұл норма арта түседі (бір қойға 15–24 гектар жер керек). Отардың жылжу жылдамдағы – 0,6–1,2 км/сағат.

Жайылым таңдау мен пайдалану малды бөлекtek жаюға негізделді. Түйелер мен жылқылар қарда терен

іздер қалдырады, ол қойларды бағуға кедергі келтіреді. Оның есесіне қойлар үшкір тұяқтарымен өсімдікті жапырып, жылқының жеуіне мұмкіндік бермейді. Сондықтан жайылымды тазалап тұрган. Қойлар үшін қардың тек үстінгі қабатын, ал мүйізді қара үшін қарды түгелдей тазартқан. Малды табиғи қорларды барынша пайдалану мақсатымен жайған деген ойды мұғалім атап айтудына болады. Мысалы, қойды қыстаудан бастап тең алаптар арқылы радиус бойынша жайған. Бөлекtek және топтап жаю нақты жағдайларға байланысты болды. Мысалы, жұт кезінде солтүстікте малды топтастырып, бірге жайды.

Жұт – көшпелілер үшін сүмдық апат. Жерді мұз қабыршағы басып, мал мұзды бұзып азық тауып жей алмайды. Жұт белгілі бір уақытта (6–8 жылда, кейде 10–12 жылда) қайталанып тұрган. Сондықтан малды бірлесіп – кезектесіп жаюға көшкен. Өуелі жылқыларды жіберген. Олар күртік қарды тұяқтарымен аршып, үсіген шөптің басын жұлып жейді. Олардан кейін түйелер мен ірі қараны, содан соң қой мен ешкі табындарын айдаған. Қоқтайғақ кезінде жылқы табынын айдал, мұздан аршыған немесе тоңды атқа жегілген бөренелермен бұзған. Жұтқа қарсы құресудің басқа да әдістері болды: қар мен жаңбыр ұзақ жауған кезде малды жұт болған жерден басқа жаққа айдал, жайылымды қолмен аршып, тазартқан, малды орманға апарып, қораға қамаған.

Малды жазда бағу. Жазғы жайылым 6 айдан 9 айга дейін созылған. Малды жазда бағу қоқтемде қардың ери бастауынан күзгі қардың жаууына дейін ұласқан. Сөйтіп жазғы жайылым үш – *қоқтемгі, жазғы, күзгі* маусымдарға бөлінген. Оңтүстікте жазғы жайылым 9 айға дейін жалғасқан.

Қоқтемгі және күзгі кезеңдердің ерекшелігі оңтүстікке қарай жылжу есебінен жылы күндерді қолдан «узарту», сондай-ақ солтүстікке қарай жылжу есебінен салқын, ыстық емес уақытты «көбейту» болды. Мұғалім қоқтемгі көшу қарқынының баяу жүргенін малдың қыстан кейін отығуы және шөптің өсіп шығуымен байланысты екендігін атап өту керек. Оқушылармен қоқтемде кезігетін қындықтар туралы өнгіме жүргізілуі мүмкін. Қысқы тебіннен шыққан мал, әдетте, арық бол-

ғандықтан, олардың қондануы үшін біраз күте тұру керектігін де айтқан жөн. Ақпан мен наурызда мал басы көбейеді, мал төлдей бастайды. Қоқтемде: қырқым, малға ен салу, ұрықтандыру сияқты жұмыс көбейеді. Жазғы жайылымға – жайлауға тегіс жерді, өсімдігі мол сайларды, ал күн ыстықта қыраттарды (жел соғатын) таңдаған. Малшылар күн ысымай тұрып, жазғы жайылымға теңірек жетуге асыққан. Тұрақтау жазда ұзағырақ болып, жылжу ыргағын (күн ыстығы, шүйгін шөп) баюллатты. Су жаздағы ең басты проблема еді: жазда мал жақсы семіру үшін, қолайлы жағдай жасау қажет болды. Бұған кен жайылым мен мол жемшөп арқылы ғана жететін. Қонайған малдар күзгі жайылымда – күзеуде бағылды. Күзде қысқы жайылымға қарай жылжу басталады. Қысқы жайылымды тапталудан сақтаудың және оған малды уақытынан бұрын жібермеудің маңызы зор еді, сондықтан күзгі жайылымды немесе ортақ пайдалантын жайылымды пайдаланды. Жайылым тиісінше белгілі бір ру мен тайпаға тән болды. Бұл ретте күзгі табынды сақтап қалып, қысқы табынға қосылған жылқыларға да қалдырады.

Үлестіру материалы

Кешпеліге қажетті ақпарат:

- тұрғындар ортасында жұмыс істеу ерекшеліктері;
- табиғи циклдердің, жауын-шашынның өзгешелігі;
- судың тасу уақыты мен жауын-шашынның мөлшері;
- жайылымдар мен құдықтардың географиялық орналасуы;
- көшу сапарының ең қысқа және өр түрлі жолдары, суаттар орны;
- су көздерінің гидрохимиялық құрамы;
- өсімдік шығындылығының циклдері;
- малдың өсімдікпен қоректену және сіңіру дәрежесі;
- малдың қон жинау процесі және жай-күйінің сапасы;
- қардың жауу және еру уақыты.

Қысқы табындарда жылқының 80%-ына дейін топтастырылды. Бір табында 200–300-ден бастап 1500-ге дейін жылқы болды, ең қолайлысы 400–600 басқа жетті, өйткен үлкен табында жас төлдер есеймей жатып жемшөпсіз, яғни аш қалуы мүмкін. Жылқышылар өдette бірнеше адамнан құралды. Мал жыл бойы бағылды.

Сөйтіп жазғы жайылымнан жылжу қарқыны алғашқыда қүшейіп, қыстауға жақындаған сайын баяулады. Сонымен бірге мұғалім мынаны ұмытпауы туи: көшпелілер сондай-ақ аңшылықпен, терімшілікпен, қолөнермен де шұғылданды, бірақ мұның бері көмекші рөл атқарды.

1.6. Кооперацияның заңдылықтары

Көшпелі ортада кооперация міндettі жағдай еді. Жемшөп өзірлеуді, жұн қыркуды, мал ұрықтандыруды, құдық қазуды, сүт саууды, су пайдалануды, малды бөлек бағуды, оларды құзетуді, төлді күтіп-бағуды, ет дайындауды, ен салуды т.б. шаруаларды атқару үшін күш біріктіру қажет болды. Кооперациялардың принципі көптеген құбылыстардың, нормалардың, салттар мен ғұрыптардың бастапқы негізіне айналды. Интеграция бірлесе өмір сүрудің және сыртқы экономикалық қатынастардың (әскери-саяси одақтар) қажеттігінен туындағы.

Қоғамның тіршілігін, су пайдалануды, сондай-ақ жер пайдалануды реттейтін қоғамдық-экономикалық жүйе қауымның – рудың қолында болды.

Қауым өндірістік және әлеуметтік функцияларды иеленді. Қауымның ерекшеліктері: 1. Негізгі қорларды (жайылымдар) иемденуге қатынасу және оны бірлесіп пайдалану. 2. Қауымның құрамдық сипаты, оның ұрылымының иерархиялығы. Өдette туысқан ауылдар бір мезгілде, бірге, бірақ әркайсысы өз бағыты бойынша көшті. 3. Қауым құрамының тұрақсыздығы: көшпелілер ортаға, жыл мезгіліне, су көздерінің жағдайына, мал санына, жайылымның шығымдылығына байланысты шаруашылықты бірлесіп немесе бөлек жүргізді.

Кооперация мен өзара көмектесу міндettі, бірақ екі тарап бойынша – көршілер мен туысқандар тарапынан жүргізілді. Мысалы, кой қырқымына бері қатысады, ал мерекелерге (үйлену тойына, сұндетке отырғызуға, қалынмал төлеуге) туысқандарғана қатысты.

Мал отбасының меншігіне қарады. Әр отбасы мал жайылымы үшін рулық аумақтың белгілі бір болігін иемденді де, оны рудың бері қорғады.


Рулар мен тайпалардың иерархиясы көшпелі қоғамда үлкен рөл атқарды. Қоғамның басшылығында аксүйектердің екі-үш руы билік етті және солардан мемлекет басшысы да тағайындалды.

Айырмашылықтар да орын алды. Мысалы, мал шаруашылығымен және егіншілікпен шұғылданған үйсіндер қоғамында әлеуметтік және мұліктік жіктелу орнығып, мал жеке меншікке қарады. Әр отбасы өз табынына ерекшелік белгі – таңба салды. Олардың жеке егіншілігі де болғаны туралы жазба деректерден білуге болады. Сонымен қатар ғұндардың жері рудың меншігіне қарады. Қаңылаларда жартылай көшпелі мал шаруашылығы орын алды. Сырдария алқабында олар егіншілікпен, бау-бақша дақылдарын салумен айналысты.

Көшпелілердің теңсіздігін, жайылымдық жерлердің байлық қөлеміне қарай бөлінгенін байқау қын емес.

Н.Е. Масанов өзінің «Қазақтардың көшпелі өркениеті» /6/ деген еңбегінде өндірістік топтардың қалыптасу ерекшелігін ашып көрсеткен. Қажеттілікке қарай еңбекті жас шамасына қарай бөлудің жалпыға ортақ жүйесі болды. Әркім міндетті түрде және тұрақты жұмыс істеді. Құрделі еңбек барысы кезекпен орындалды. Мұғалім үlestіру материалын алдын ала көбейтіп немесе ондай мүмкіндік жоқ болса, тақтага жазып қойып, оның құрылымдық-логикалық схемасын пайдалана алады.

Үlestіру материалы



Малшылар қыста, ерте көктемде және қара күзде еңбек етті. Қыста малдың көп шоғырлануы мүмкін емес еді.

Ру ақсақалы жана жерлерге көшіп-қонуды реттеп отырды. Ол жайылымдарды руларға өзара бөліп берді. Ақсақалдың қоғамда алатын орнына байланысты ол көшіп-қонды басқаруға құқылы болды.

Көшпелілердің билеуші тобы бірте-бірте рулық-қауымдық аксүйектерден құралды. Аксүйек рудың мүддесін қорғап, кесем ретінде өз пікірін білдірді. Сондай-ақ мүліктік теңсіздікті де атап өткен жөн. Көшпелі қоғамда өлеуметтік жіктелудің екі түрі – малға жеке меншіктік және қоғамдағы басшылық бағыт қалыптасты. Жұмыс қүшіне қажеттілік туысқандарды қанауга болмайтындықтан, қауымның кедей мүшелерінен құралды. Бұл өлеуметтік байланысты өлсіретті. Сондықтан көшпелі қоғамда теңсіздікпен қатар ішкі айырмашылықты теңестіру үрдісі де орын алды.

Мал басын шексіз көбейтуге үмтүлу бірқатар себептер бойынша мүмкін емес еді. Негізгі себеп, мал басын пайда табу үшін ғана көбейту жайылымдардың қайта-қайта тапталып, оның тозуына соқтырар еді. Бай адамдар жасақ құрап, өз билігін жүргізер еді. Бірақ ол мұны орындай алмайды, өйткені оларды асырау керек, ол үшін малды шығындал біtedі. Яғни өлеуметтік пайда мүліктік жоқшылыққа душар етеді. Жауынгерлердің еңбегі көшпелі шаруашылықта аз пайдаланылды, өйткені оларды пайдалану саласы шектеулі еді.

Көшпелі шаруашылықтың құлдық еңбекті жаппай пайдалануға бейімделмегенін атап айту керек. Құлдарды мал бағуга пайдалану экономикалық жағынан тиімді емес, сондықтан құлдардың көбісі азаттық алды немесе көшпелілік өмірге бейімделді. А.М. Хазанов өзінің «Көшпелілер және сыртқы дүние» деген еңбегінде мынадай қызық ой айтқан: ерте кезде малшы құлдар егінші құлдарға қарағанда жақсы тұрды, өйткені оларды бақылау мүмкін болмады /10/. Малшының еңбек ету сипаты бастамашылықты талап еткендіктен, оны жарактандыру қажет және бұл қарудың кімге қарсы жұмсалатынына ешқандай кепілдік жок. Сондықтан малшыларға бірқатар еркіндік берілген.

Жіктелудің тағы бір түрі бір тайпаны екінші тайпаның бағынышты етуі еді. Көшпелілер әлитасының егіншілікпен және отырықшы қала дүниесімен байланыс жасауға үмтүлуының экономикалық себептері бар еді және ол өлеуметтік жіктелуді нығайтуға септігін тигізді.

2-тарау. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ

2.1. Тарихты оқытудың ауызша әдісі

6-сыныпта мұғалім миф қаһармандарын, саяси қайраткерлерді, әскербасыларын немесе қарапайым енбеккерлердің жарқын істерін баяндаған кезде балалар қанаттанып кетеді. Оқушылар мұғалімнің әр сөзін қағып алып, өздерін оқиғаға қатысқандай сезінеді. Мұғалімнің алғашқы сабактағы сезін мысалға келтірелік:

«Қазақстан дегеніміз – Азия мен Еуропа. Аумағы бойынша біздің республикамыз екі сағаттық белдеуден өтеді. Еліміз карт Оралдан бастап ежелгі Алтайға дейін көсліп жатыр» деп бастайды мұғалім. «Біздің республика – «нағыз құрлықтағы» ел. Қазақстан сияқты мұхиттан барынша алыс жатқан жер планетада жоқ. Ел аумағының өте үлкен болуының себебі – оның табиғатының әралуандылығы. Елімізде дала да, шөл де, орман да – бәрі де бар. Өсімдіктердің көптігі қандай! Қазақстанды табиғи қарама-қарсылық елі деп бекер айтпаған. Шынында соғай, өйткені республиканың аумағы ландшафтардың сан алуан типтерінің ерекшеліктерімен сипатталады. Ұшақта бара жатып, биіктен қарасаң, шөл даланың–шөлейт жермен, шөлейттің –даламен, даланың – орманды дала-мен алмасып жататынына күе боласың, одан кейін жалпақ жапыракты, содан соң аралас ормандар, тундра, таудың басындағы мәңгі мұздықтар...

Біздің Отанымыздың климаты да алуан түрлі. Шілде айында Алматыда экваторда орналасқан Цейлон, Калимантан, Ява аралдарындағыдай ыстық, ал қыста Шығыс Қазақстанда Жаңажердегі Арктикан да немесе Шпицбергеннен де сүық.

Қазақстан – көп ұлтты ел, мұнда орыстар, украиндар, белорустар, өзбектер, немістер, татарлар, үйгyrлар және басқа халықтардың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, енбек өтеді. Ұлтар мен ұлыстардың саны жүзден асады. Қазақтар түркі текстес халықтарға жатады, саны жағынан солардың ішінде төртінші орында. Қазақтардың ата-бабалары әр түрлі этнонимдермен белгілі болған, олар әз тарихы арқылы әлемдік өркениетке қомақты үлес қосқан. Біз олардың үзақ тарихи жолын, қайғы-

қасірет пен тартысқа толы оқигаларын, басқыншыларға қарсы құресін, ішкі қайшылықтарды бастан кешкенін, жетістіктер мен табыстарға жеткенін оқымыз».

Мұғалім сөзін былай аяқтауға болады. «Қымбатты балалар! Сендер біздің еліміздің тарихын оқуға кірісесіндер. Естерінде болса, тарих адамдар тұрған жерде басталады, тарихты солар жасайды, жер бетінде тарихсыз халық жоқ. Қазақстан тарихы – дүние жүзі тарихының бір бөлігі ғана, сондықтан әр адам өз халқының тарихына зор құрметпен қарауы туіс». Әсерлі сезіммен, өрнекті бояумен айтылған төл сөзді аз-аzdan үстемелеп, ұғымды етіп жеткізген дұрыс.

Саяси, өлеуметтік өмірдің, экономикалық қатынастардың ерекшеліктерін ежелгі дүние өкілдерінің атынан диалогтың көмегімен ашуға болады. Откен кездегі тіршілік туралы әңгімелеп, талас тудыратын әр түрлі оқигаларды, адамдарды ойдан шығарып айтып, окушыларға да осындай тапсырма беру артықтық етпейді. Бұл арада оқу процесін жаппай сахнаға айналдырып алмай, «асыра сілтеп» жібермеу керек.

Мұғалім өмірде болған немесе ойдан шығарылған адамдардың қызметі арқылы әдеттегі қоғамдық құбыльстыарды бейнелеп, кейіпкерлер арқылы көрсете алады. Сөйтіп 5-6 адамды көшпелілер етіп, солардың тағдыры арқылы көшпелі тіршіліктің себептерін 6-сыныпта бейнелеп беру еш қындық келтірмейді.

Мұғалімнің сөзі: «Дала тұрғындары үзак қашықтыққа көшкен. Дала дегеніміз – өте үлкен аумак, онда шағын қыраттар, сұы онша көп емес өзендер мен көлдер бар, жазық жер ондаған шақырымға созылып жатыр. Осында үлкен аумақтың жазы өте қысқа әрі ыстық және қысы қatal. Мұнда бидай өсіру қын, өйткені су аз, егер кенеттен жаңбыр жауса, егінді жинай алмай қаласын. Оның үстіне топырағы құнарсыз.

Міне, ауыл тұрғындарымен бірге отбасының басшылары жиналды. Олар не дейді? Сөздерін тыңдалап көрейік.

– Мен жерді жақсы жыртсам да, егінім бірнеше жылдан бері ыстықтан күйіп кete береді. Тіпті өзен тартылып, сұы құмға сіңіп кетіп жатыр. Канал қазу бір адамға мүмкін емес, сондықтан туыстарыммен бірігіп, солармен бірге көшіп кетемін ғой деймін. Туған жерге қашан оралатынымды білмеймін.

Оны екінші біреу киіп кетті:

— Менің тіршілігім одан да жаман. Бірнеше жыл бойы өнім жақсы болды, содан кейін тәуекел етіп, көршімнен тұқымды қарызға алдым, бірақ осыдан бастап қырсық айналдырды: бірсек күздегі жаңбырдан егінімді жинап үлгірмесем, енді бірде аспаннан бір тамшы тамбай қойды, тіпті өзен тартылып қалды. Қанша тер төксем де, бәрі зая кетті. Биылғы құрғақшылық мені біржола есенгіретіп кетті. Атым мен түйемді көршімнен алған қарызыма бердім, енді туысқаным қосылатын шығармын. Менің малым көп емес, оны да туысқандардың табынына жіберіп, солардың ша-руашылығына көмектесемін.

Жаңынан бір топ салт аттылар өтті. Олар қарапайым әрі ынғайлы кініпті. «Уайымда маңыздар, — деді олардың біреуі, — бәрі орнына келеді. Да лада емін-еркін шапқылап жүрген әдемі аттарға не жетсін? Да ла — біздің асыраушымыз, онда шүйгін әрі шөп мол өседі, олар біздің табынымызды, табысымызды молайтады. Жеріміз — ру мен қауымдікі, оны ешкім тартып ала алмайды, ал мал отбасына қарайды. Мал жаямыз, тұрмысымыз түзеледі, мүмкін егіншілікпен де айналысармыз».

Мұғалім жасаған кейіпкерлерді талдау нәтижесінде оқушылар былай деп сұрап береді: «адамдар неге көше бастады?» Бұл арада Қазақстандағы көшпеліліктің негізгі себептерін түсіндіру аса қажет: құрғақ климат, құнарсыз топырақ әрі ауыз су кемшін.

Мұғалім Батыс, Оңтүстік, Солтүстік-шығыс және Орталық Қазақстан деп аймақтарға боледі. Әрқайсының өзіне тән табиғи-климаттық ерекшеліктерінің бар екенін түсіндіреді. Осының салдарынан Қазақстанның үш құрамдас экономикалық-географиялық аймағы қазақтардың үш жүзінің шекараларын анықтады.

Персонификация құралы ретінде өмірбаяндық материал қызмет етеді. Оқулықта көптеген тарихи қаһармандарға сипаттама берілген (Томирис, Аттила – Еділ, Мәде). Оқушылардың жеке жұмысы үшін арнаулы карточка-лар әзірлеу орынды.

Үлестіру материалы

Иордан Аттила туралы

Ол халықтардың зәресін алып, көптеген елдің үрейін үшіру үшін жарық дүниеге келген ер аза-

мат еді; ол қандай жеребе тастағаны белгісіз, жүрттың бәрін қалтыратып, өзі туралы сүмдық қорқыныштармен атын қалдырды. Ол жүргенде маңғазданып, онға да, солға да жанаарын қадап, жүріс-тұрысымен өзінің құдіретін барынша аспандатты. Соғысты жақсы көрді, қолы жомарт еді, ой-санасы өте күшті болды, сенген адамына мейірімді өрі қайырымды болды. Сырттай қараганда аласа бойлы, кен иықты, басы үлкен, беті жалпақ, көзі қысық келген, сақалы сирек, ақ кіре бастаған, терісінің түсі көріксіз еді, осындаи көрінісі арқылы ол өзінің шыққан тегін айғақтап тұратын.

Мұғалім тарихи материалды шиеленістіру тәсілін қолдана алады. Еліміздің өткен тарихының оқиғаларын пайдаланып, қоғамдық сананың жетілуін, қоғамның ең маңызды үрдістері мен даму жолдарын сипаттайтын тұлғалардың рөлі мен маңызына, көрсеткіштерге окушылардың назарын аударғаны дұрыс.

Үлестіру материалы

“Өзара қырқысу туралы білгеннен кейін хундардың шығыстағы көршілері дунхудың басшылары соны пайдаланып, соғыс жариялауды ойластыруды. Олар Мәдеден өзінің ең жақсы көретін аты мен сүйікті әйелін беруді талап етті. Хундардың ақсақалдары нағыстанып, соғыска шығып, дунхуларды жазалауды өтінді. Алайда Мәде былай деді: “Көрші отырған адамдардан бір ат пен бір әйелді аяп қалудың не қажеті бар?” деп, сұрағандарын беруге бүйрық етті. Бұдан кейін дунху шекаралас аумақты беруді талап етті. Бұл мал өсіруге қолайсыз, бос жатқан шағын шөл дала еді. Жер бейтарап еді, оны екі жақтан – бір жағынан хундар, екінші жағынан дунхулар қарауылдан тұратын. Хунның ақсақалдары: «Түкке тұрмайтын жер үшін көршілермен арамызды бұзудың жөні жок, жерді береміз бе, бермейміз бе» дейді. Мәде қаһарына мінді: “Жер дегеніміз – мемлекеттің түп қазығы, оны қалай береміз?!” дейді де, “береміз” дегендердің бастарын алуға бұйырады. Содан кейін өскерін жиып, дунхуларға қарсы жорыққа аттанады да, олардың

талқанын шығарады, көптеген мал мен мұлікті қолға түсіреді. Мәде басқарған хундардың державасы осылай пайда болды.

Мәденің: «Жер дегеніміз – мемлекеттің тұп қазығы, оны қалай береміз?!» деген сөзін сабактың эпиграфы ретінде пайдалануға болады. Мұғалім көшпелілердің жерге осындай рулық, қоғамдық мәншігін, оның ежелгі Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ орта ғасырдағы Қазақстанға да тән екенін түсіндіруіне болады.

Саяси тарихты оқыған кезде мұғалім көшпелілердің дүниежүзі тарихындағы рөлі, өскери және саяси жетістіктері туралы жалпы түсінік беруі қажет. Құжатты материалдарды пайдалану тіпті жақсы (құжаттармен жұмыс істеу тәсілі әдістемелік құралдың 7-тарауында толығырақ қарастырылады). Жазбаша деректерге қарағанда, Қазақстан аумағында шамамен тур, сақ, массагеттер, сақ-тигрохауда, савроматтар, аландар, сарматтар, аорстар, исседондар т.б. тайпалар таралған. Ертедегі деректердің мәліметтеріне сәйкес, атап айтқанда, Авеста бойынша, хорезмдіктердің солтүстігінде «сәйгүлік аттар мінген турлар тұрган». Турлар парсы деректерінде сактар деп аталады («Құдіретті ерлер» деген мағынаны білдіреді). Грек авторларының шығармаларында көшпелілерді «скифтер» деп атаған /12/.

Оқулыққа қосымша ретінде Геродот пен басқа да авторлардың парсылар мен сактардың соғысы туралы, сактардың ахеменидтердің патшасы Кирді жеңгені туралы жазғандарын айтуға болады. Сактар I Дарий басқарған парсы өскерінің құрамында соғыс жорықтарына қатысты. Олар Египет пен Грекияда соғысқан және Фермопил маңындағы үрыста көзге түсken. Сактардың тарихындағы кейір жарқын беттер Ескендір Зұлкарнайының (Александр Македонский) өскеріне тойтарыс берумен байланысты.

Сактардан кейін үйсіндер дәуірледі. Б.з.б. 2 ғасырда олар Жетісуда өз мемлекетін құрды. Негізгі аумағы Іле алқабында орналасты. Қытай деректерінде ол «Усунь-го» (Үйсін мемлекеті) деп аталады. Үйсіндердің шекаралары Шу мен Талас өзендері бойында Қаңылармен, шығысында Ғұндармен, оңтүстігінде Ферғанамен шектесті. Үйсіндердің астанасы Чигучен («Қызыл анғар» қаласы) Істықкөлде орналасты.

Мұғалім үйсіндердің, сондай-ақ қаңлылардың да эт-никалық шығу тегінің мәселесі жөнінде таластың көп екенін атап айтуды қажет. Кейбір зерттеушілер оларды шығыс-иран тайпаларына жатқызса, басқалары түркілер тегіне телиді.

Түркі халықтары этногенезінің тағы бір бұтағын ғұндар құрайды /13/. Зерттеушілердің пікірі бойынша, олардың Қазақстанға келуі түркілендірумен байланысты. Далада бес ғасырға жуық ғұндар үстемдік етіп, билік құрды. Ғұндар кезеңі оқулықта (§25–27) толығырақ айтылады, сондықтан бұл тақырыпты бекіту кезінде мұғалімнің жасайтын қорытындыларына ғана тоқталамыз:

1. Батыс ғұндар Азияның қак ортасынан шығып, қазақ даласында жергілікті тайпалармен – үйсіндермен, қаңлылармен, аландармен араласып кетті.

2. Ғұндар Аттиланың бастауымен аландарды, герман тайпаларын өзіне қосып алып, Дунайға жеткеннен кейін Рим империясының құлауына түрткі болды.

3. Қөптеген халықтар: угрофиндер, славяндар, герман тайпалары шаруашылықтың жаңа сатысына көтеріліп, феодалдық қатынастарға көшті.

Көшпелілердің әлемдік тарихқа елеулі үлес қосқанын атап өтудің маңызы зор. Қазақстанның ежелгі тұрғындары сол кездегі әлемнің ірі мемлекеттерінің – Грецияның, Рим империясының, Персияның, Египеттің, Индияның солтүстік-шығыс шекараларында тұрып, барлық саяси оқиғаларға белсene қатысты, дүние жүзіндегі жалпы жағдайларға жиі-жіңі ықпал етіп тұрды.

«Халықтардың ұлы қоныс аударуы» тақырыбына материалдар

«Халықтардың ұлы қоныс аударуының» уақыты туралы білімдер үздік-создық әрі толық емес. Бұл тақырып оқулықтың 26-параграфында айтылады. Ондағы материалдың оқушылар үшін көп сұрақтар туындалатынына байланысты, қосымша материал келтірелік. Мұғалім IV ғасырда ғұндардың біздің елдің аумағынан кеткеннен кейін Еуропа тарихының беттерін ашқанын еске сала кетеді. 375 жылы ғұндар Еділді көктей етіп, «халықтардың ұлы қоныс аударуына» жол ашқан жорық-

тарын бастады. Алғашқы құрбандыққа аландар үшірап, олардың шағын бөлігі ғана Солтүстік Қавказдың тауларын паналап аман қалды. Бұдан кейін ғұндар Кубань аймағын иемденіп, қыста мұз үстімен Керчь бұғазы арқылы Боспор патшалығына жетті. Бірнеше жылдың ішінде Қара теңіз манындағы барлық аумақты жаулап алды, жергілікті халықтың бір бөлігі Днестрден асып, Дунайды баса-көктеп Францияға, Шығыс Рим империясының шегіне орналасты.

Ғұндардың жорықтары көптеген елдер мен халықтардың жағдайын өзгертті, олардың үрейін үшірді. Марцеллиннің айтуына қарағанда, ғұндар «барлық бақытсыздықтың үрығын сеуіп, апatty жанжалдың негізіне» айналды. Сонымен бірге атап айту керек, «Жаппай қоныс аудару» Еуропаны Рим үстемдігінен құтқарды. Малға жем мен жайылым іздел, далада сандалған бытыранқы тобыр журді деп айтудың жөні жок. Бұл ілгері басудың ойластырылған қозғалысы еді. Халық Шығыстан Батысқа қарай баяу, бірақ сенімді түрде жылжи отырып, жаңа жерлерді игерді, жаңа қоныстар мен қалаларды салды.

Мұғалім ғұндардың жорықтары туралы қосымша ақпарат бере алады. 395 жылды ғұндар Шығыс Рим империясының астанасы Константинопольге жақындал, Закавказье мен Месопотамияда жорықтарын аяқтады. Руғила патшаның кезінде Панония (казіргі Венгрия) ғұн державасының астанасына айналды. Шығыс Рим императоры Руғилаға 350 фунт алтын төлеуге міндettendі. 437 жылды Бургундия корольдігі талқандалды.

445 жылды билікке Аттила (Еділ) келді. Ол бірінші соққыны ешкім күтпеген жерден Шығыс Рим империясына берді. Грекияның 70-тен астам қаласы өртеніп, тоналды. Дунайдығы Рим қамалдарының бәрі бірінен кейін бірі құлады. Империяның астанасы Константинополь аса қауіпті жағдайда қалды. Император Дунайдың оң жағалауындағы жерді Аттилаға беруге келісім жасамасқа шарасы қалмады. Оған сыйлық ретінде 2100 фунт алтын да төледі. Аттила батысқа қарай үмтүлді, олармен остгот, герул және басқа герман тайпалары бірге жүрді. Бұл өскердің саны 200 мың адамға жетті.

452 жылды көктемде Аттила Италияға баса-көктеп кіріп, жолындағының бәрін жайпап, Римге жақындалады. Император Римнен қашып кетті, ал астананың корғануға

шамасы жетпеді. Аттилаға елшілер тобы – Рим папасы I Лев бастаған императордың елшісі жіберілді. Аттила Римге қарсы шабуылдамай, ұлкен олжа алып, кері қайтты.

Ғұндар мындаған шақырым жер жүрді, олар жылжымалы шатырда немесе екі және үш ат жеккен арбада көшіп-қонып жүрді. Еуропаның ортасындағы тың соқпақтарды жолға айналдырыды. Прииск: «Соғыстан кейін тыныш өрі қамсыз өмір сүрді, өркім қолда барымен қанағат етті» деп, ғұндарды бейбіт халық ретінде сипаттады. Бірақ қауіп төнген кезде күллі Дала оянып, ду көтерілді. Ғұндар римдіктер мен гректер үшін үнемі түсініксіз болды, өйткені олар бұлардан өзгеше өмір салтын ұстанды.

Византияның өкілі Аттиланың сарайында тұтқындағы гректі кездестіріп, оған отанына қайтуды ұсынады. Алайда құлдықтан құтылған адам бас тартып, далалықтардың арасында Византиядан да жақсы тұратынын айтқан.

Жаңа материалды, диалогтарды, төл сөздерді баяндағанда шиеленістіру мен персонификацияны қолдану, көрнекілік пен картиналарды пайдалану тарихи процестердің заңдылықтарын, номадизмнің ерекше сипаттары мен өзгешеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

2.2. Тарихи түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру

Тарих дегеніміз – өткен-кеткен туралы білімдер жиынтығы гана емес, сондай-ақ болған оқигалар мен құбылыстарға өз көзқарасын ұғынуға мүмкіндік беретін ой-пікір. Тарих сабағында оқушыларды тарихи түсініктерді бейнелі түрде жаңғыртуға және ұғымдардың белгілерін таныту мен игеруге бағыттайтын проблемалық жағдаяттар жасау қажет. Оқушылар қандай мәселелерді шешіп отырғандарын ұмытып қалмас үшін, сабактың міндеттерін тақтаға жазып қойған жақсы.

Оқулыққа оралайық. Қөшпелілердің өмір салтын оқыған кезде (§13) мұғалім мынадай тапсырма береді: «Көшпелі ауылға ойша ауысып, малышлардың тұрган ауылын тастап, жаңа орынға көшуге мәжбүр болған себебін сипаттап, түсіндіріңдер». Мұғалім баяндайды:

«Сендердің алдарында біздің заманнан бұрынғы V ғасырдағы Дала. Бұдан екі жарым мың жыл бұрын

Қазақстанның тұрғындары көшпелі өмір салтын ұстанған. Біз көшіп жүрген ауылдың біріне тап болдық».

Егер балалар бірге саяхат жасады деп болжасак, әңгіме оларға қатты әсер етеді. Мұндай тәсіл оқушылардың өткен заманда «болуына» көмектеседі. Сондықтан мұғалім «саяхатқа» қатыса отырып, өзін «мен» деп айттып, олардың «ескертпелерін» қатысып отырған балалардың атынан баяндайды.

– Көштен қалып қоймандар! – дейді мұғалім.

– Жылқы табыны қатты шаңдатты ғой! – дейді оқушы.

– Қекпенбек аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Құн ендіғана шығып келеді. Ыстық болатын түрі бар. Табыншылар жылқыларды шығара бастады. Шопандар қойларды ұстай тұруы керек.

Одан әрі мұғалім көрсеткен таяқшаны алыш, үй жануарлары бейнеленген картинаны нұсқап, түсіндіре бастайды: «Қазақстанның тұрғындары жылқы мен қой бақты. Бұл малдарды бекер тандамаған. Жылқылар мен қойлар тебінге жайылуға үйренген, яғни олар қыста қар астынан азығын тауып жейді. Сонымен қатар жылқы мен қой табында жақсы үйренген.

– Иә, бірде мен қойды отардан бөлмекші болдым. Ойым іске аспады, онымен бірге бүкіл отар ойласып қойғандай, бірге қашады. Бірде-бір қойды ұстай алмадым, – деді Айдар.

– Сендерге қойды ұстап алу неге қажет болды? – деп сұрады Айгүл.

– Қойларды қораға қамау қажет. Сонда керек қойынды ұстап алу оңай болады, – деді Оспан сөзге қосылып.

Мұғалім тақтаниң жанына келіп: «Біздің ауыл жаз бойы үш рет көшті. Ақсақалдар алыстау жерге көшіп кетіп, шебі мол жерлерге бір айдан кейін қайта оралуға кеңес береді. Кейбіреулер бұл араға жаңа шөп шыгады дейді. Біздің ауыл 20–30 шақырымдай жерге барады» деп, шенбердің схемасын сызып, жайлаудың – жазғы жайылымның, күзеу – күзгі жайылымның, қыстау – қыскы тұрақтың және көктеу – көктемгі жайылымның орындарын көрсетеді.

– Қойлар титықтап қалмай ма, өйткені отарда жас қозылар көп қой? – дейді Өсел.

– Ауылдың жүретін жолы нақты шектелген. Қойлардың сусыз 4-5 шақырым ғана жүре алатынын ауылдың бөрі біледі. Соңдықтан жолда су көздері – көл, бұлак, қарасу, құдық бар осы бағытты таңдадық.

– Ауылда түйе көрдім, оған жүк артып алышты! – деді Асылбек қуаныш.

– Иә, ауылда қой мен жылқыдан басқа түйелер де бар. Мүйізді ірі қара, яғни сиырлар мен бұқалар да баршылық. Олар қойларға қараганда азырақ, бірақ олардың пайдасы аз емес, – дейді мұғалім әңгімесін жалғап. – Мысалы, түйе сусыз, жемсіз 10–12 күнге шыдайды, 300–350 килограмға дейін жүк көтереді. Дұрыс айтасың, жүкті түйеге артады, егер түйе жоқ болса, онда көмекке 2-3 атты пайдаланады. Міне, біздің ауыл белгіленген жеріне жетті. Қараңдар, қазір суват басталады.

– Анау төрт адам неге қойларды жібермей тұр, олардың су ішкісі келіп тұрган жоқ па? – деп сұрады Ержан.

– Жылқы мен түйелер лайлантанған суды ішпейді, өздері суды лайламайды. Байқап іshedі, асықпайды, ал қойлар лайлайды, – дейді мұғалім. Ол әңгімесін одан әрі жалғастырады. – Ауыл мұнда бірнеше күн тұрактайды. Қазіргі ауылдар сияқты емес, ол кездегі ауылдар көлемі жағынан онша үлкен болмаған. Бір ауылда 8–10 киіз үй болған. Біздің саяхатымыз аяқталды.

Сөйтіп мұғалім *бейнелі әңгіменің* көмегімен өткен заманды елестетеді. Проблемалық-таннымдық міндет қойылған немесе проблемалық жағдаяттар жасалған сабак оқушылардың өтетін материалға қызығушылығын тудырып, қойылған сұраққа жауап табуға ықыласын арттырады. Мұндай көзқарас кезінде оқушылар берілген тапсырмаларды өз бетінше шешіп, қосымша әдебиетті пайдаланады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, ойлау қызметінің белсенділігін арттыру мүмкін.

Мұнда басты мәселе «көшпелі мал шаруашылығын» түсіндіру болып табылады. Бұл ұғым ғылыми монографиялар мен оқулықтарда жиі кездеседі. Оқушылармен «көшпелі мал шаруашылығы» ұғымын, көшпеліліктің генезисі мен эволюциясы жөніндегі бірқатар мәселелерді талқылау керек. Қосымша мынадай сұрақ қойылуы мүмкін: «Неге мал шаруашылығын «көшпелі» және «жартылай көшпелі» деп бөледі?» Одан әрі мал шаруашылығының аталған түрлерінің әрқайсының ерекшелік-

терін талқылап, «көшпелі», «жартылай көшпелі», «отырықшы» мал шаруашылығына тән аймақтарды атап өту керек.

Оқу материалын *проблема қою* арқылы баяндауға да болады. Оқушылардың ойлануға мүмкіндік алуы қажет. Мұғалім тақырыпты талқылауды ұсынып, тапсырма арқылы белгілі бір көзқарасты дәлелдеуді немесе бекерге шығаруды тексереге алады. Шиеленістіру тәсілі көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктерін, көшпелі және отырықшы өмір салты мен шаруашылықты жүргізу арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

Шағын пікірсайыс ұйымдастыруға болады. Мысал келтірелік.

«Сақ патшасы ұлының туған күніне арналған үлкен мерекеге көптеген шет аймақтың басшылары жиналды. Мұнда алыс және белгісіз елдерден де қонақтар келді. Мол дастарқан басында қызу өнгіме басталды. Тағамдарды үлестіріп жүрген жас жауынгер атақты екі адамның талас өнгімесіне құлақ түрді. «Біз жүзім мен қарбыз, бидай мен мақта өсіріп, жерді жақсартамыз, әдемі үйлер саламыз. Біздің үлкен кітапханаларымыз бар, онда кітаптар мен құрбандық шалатын орындар көп. Біз бір жерден екінші жерге шапқылап жүрген киіктер емеспіз» деді олардың біреуі дауыстал.

Мұғалім балаларға: «Ал сендер мал өсіруші көшпеліні жақтап не айттар едіңдер?» деп сұрақ қояды.

Кейде жорамал саяхат тәсілін қолдануға болады. Оқушыларды өз өнгімесінің қатысушы кейіпкерлері іспепті, сабакта өзіңіз ұйымдастырған сахнаның қатысушылары ету қажет. «Біз ертедегі қалаға тап болдық... – дейді мұғалім. – Бұл тамаша қала – Шірік-Рабат... Бай адамның ордасына барайық... Орданы көрейік...»

«Есік қорғаны туралы ақпарат оқулықта баяндалған, сондықтан ондағы мәтінді өз беттерінше оқып аласыңдар». Мұғалім сұрақтар қояды: Есік қорғаны қай кезеңге жатады? 26 таңба жазу белгілері бар күміс тостаған нені білдіреді? «Аң стилі» дегеніміз не? Мұндай атауды қайда кездестірдіңдер? «Аң стилінің» таралуы нені білдіреді?

Мұғалім сабакта бормен қорғанның суретін салады, оны біртіндеп толықтырып отырады. Балалар ақпаратты жақсы менгереді, тарихи өткен-кеткенді білуғе ұмтылады әрі өнгімеге қатынасуға қызығады.

2.3. Оқушылардың уақыт туралы түсініктерін дамыту

6-сыныпта оқушылар тарихи оқигалардың ұзақтығын жөне олардың уақыт бойынша орналасуын қындықпен игереді. Мұның себебі, біріншіден, зерттелетін уақыт ұзақтығы хронологиялық мезгілдің даралығына жөне фактілердің уақытын белгілеудің күрделілігіне, екіншіден, біздің заманымыздан бұрынғы жылдарды есептеудің қындығына тіреледі. Оқытудың кең таралған тәсілі «уақыт ағымын» бормен пайдалану болып табылады. Балаларға кеңістікті өлшеу уақытты өлшеуден гөрі оңайға түсетіні бұрыннан белгілі.

Мұғалім бормен тақтаның бір шетінен екінші шетіне дейін сзызық жөне уақыт қозғалысының бағытын көрсететін стрелка жүргізеді. «Уақыт шартты түрде солдан онға қарай қозғалады» дейді де, мұғалім «сзызық» үстіне 2006 жылды, адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шыққан шамалас датасын (2 млн жыл бұрын) қояды, тағы бірнеше белгілі даталарды (б.з.б. 530 жыл – Томирис патшайым бастаған сақтардың парсы әскерін талқандауы т.б.) жазады.



Тәжірибелінәң көрсетуінше, оқушылар «ғасыр» үғымын есінде нашар сақтайды, даталарды тиісті ғасырмен сәйкестендіре алмайды, біздің заманымыздан бұрынғы даталарды нашар айырады. Сондықтан оқулықтағы тапсырмалармен жұмыс істеу өте маңызды. Оқушылардың біздің заманымыздан бұрынғы («б.з.б. ...жыл» деген тіркесті) жөне ағымдағы жыл («...жыл бұрын») деген тарихи уақыттың екі басты нұктесін анықтау дағдыларын қаншалықты игергенін үнемі тексеріп тұру керек. Сабакта мынадай типтерге жататын тапсырмаларды ұсынуға болады:

- Оқиға бұдан қанша жыл (ғасыр, мыңжылдық) бұрын болды?
- Оқиға қай ғасырда (қай ғасырдың жартысында, ғасырдың басында немесе сонында) болған?

– Екі оқиганың қайсысы бұрын болған? Қанша жыл бұрын?

– Біздің заманымыздан бұрынғы пәленбай жылдан қай жыл бұрын болды? Одан кейін қай жыл келді?

– Белгілі бір елде (елдің атауын атайды) мынадай оқиға болған кезде көрші елде (басқа елдің атауы) не болып еді?

– Оқиға қанша жылға созылды (белгілі бір тарихи оқиға)?

Мұғалім одан әрі уақыт үғымына үнемі оралып отырады (мысалы, сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың, ғұндардың тарихын оқыған кезде аса маңызды оқиғаларды атау керек).

Оқушылардан белгілі бір датаны сұраумен бірге, бұл даталарға қатысы бар ғасырларды да сұраған жөн.

Сабакта «ғасырдың бірінші және соңғы жылдарын айтындар» деген сияқты тапсырмалар беруді ұмытпаған жөн. Біздің заманымыздың ғасырлары 1-жылмен басталып, б.з.б. ғасырлар осы жылмен аяқталады.

Қындықтар біздің заманымыздан бұрын басталған кезеңдегі жылдың санын анықтағанда, синхрондық мәселелерді шешкен кезде т.б. кездеседі, сондықтан мұғалім даталармен жұмыс істеуін үнемі жалғастырып, тарихи даталарды көзден таса қылмай, барлық сабакта ескеріп отырғаны дұрыс.

Ғұндар тақырыбы бойынша тарихтағы жылдарды есептеуге арналған тапсырмалар

Мәде билікке б.з.б. 209 жылы келді. Л.Н. Гумилев «Хундар» кітабында Мәде бастиған Хун империясының пайда болу тарихын толық сипаттап жазған. Кітап 1993 жылы шықты. Содан бері неше жыл өтті?

Катауаун ұрысы (451 жыл) мен б.з.б. 530 жылы сақтардан жеңілген Кир жорығының арасындағы оқиғаларға қанша жыл өтті?

Жазба деректерде көрсетілгендей, ғұндардың алғаш рет аталуы олардың Қытайға жасаған жорықтары – б.з.б. 3 ғасырдың аяғына сәйкес келеді. Ғұндар бұдан неше ғасыр бұрын жазба деректерде көрініс тапты?

Б.з.б. 209 жылы Орталық Азиядағы хундарды Мәде басқарды. 445 жылы Аттила ғұндардың басшысы болды. Осы екі оқиганың арасында неше жыл өтті?

2.4. Оқушылардың кеңістік туралы түсініктерін дамыту

Тарихты картографиялық білімдерсіз түсініп, игере аламыз десек, ешкім де мұндай пікірмен келісе қоймас. Білімдік карталар ертедегі дүниемен және біздің заманымызбен арадағы сабактастықты орнатуға және тарих процестің тұтастығы туралы түсініктерді қалыптастыруға көмектеседі.

Мектеп мұғалімінің бір проблемасы – қабырға картасының жетіспеуі. Тәжірибелі өдіскерлер картаны қолдан жасауды ұсынады. Картаны былай жасап алуға болады: 2–4 парақ ватман алышп, оларды желімдейді, фильмоскоп (эпидиаскоп) арқылы кез келген оқулық, монография картасын ұлғайтып, ватман параптарына сыйып түсіреді. Жақсы боялған, шартты белгілері дәл түсірілген мұндай картаның оқушылардың материалды жақсы игеруіне көмегі тиеді /14/.

Картографиялық тапсырмаларды орындау кезінде мұғалімнің назар аударуы тиіс мынадай кемшіліктер кеңінен тараған:

1. Оқушылар ең алдымен нысанды көрсету орнына көрсеткіш таяқшаны картаның бетімен ұзак уақыт «жүргізіп» тұрады.

2. Оқушы елдерді (мемлекеттерді, өзендерді) көрсеткенде оның аумағына дейінгі жерді еріксіз шұқылайды немесе карта бетін «сипап өтеді».

3. Оқушы картадан қалаларды (өзендерді, көлдерді, тауларды т.б.) көрсеткенде оны құрайтын әріптерді көрсеткішпен «шұқылайды» немесе айналасын шартты белгімен дәнгелетіп тұрады.

Бұл айтылған ескертпелерге байланысты мұғалім қателерге назар аударып, дұрыс орындауды көрсетуі тиіс: «Өуел іздегенінді қозіңмен көрмей тұрып, таяқшаны картага тигізбе» деуі керек мұғалім. «Мен картадан елді көрсетемін» деп бастау қажет.

Өзенді көрсеткен кезде алтыншы сынып оқушысы өзенің қайнар көзін (басталуын) және аяқталуын (сағасын) түсіндіруі қажет. Тарихи-географиялық нысанның орналасқан жерін сөзбен анықтаудың кемшілігін: «Сақ тайпаларының орналасқан жері туралы толық анықтама беріндер» деген сөздердің көмегімен жөндеуге болады.

Сабакта борлы карта-схеманы пайдаланған да жөн. «Қарандаршы, сендердің алдарында Қазақстанның қазіргі шекарасы түр», – дейді мұғалім, содан соң тақтага елдің шекарасын, оңтүстіктерінде тауларды, екі өзен келіп құятын батыстағы Қаспий теңізін, Аral теңізін, шығыстағы Ертіс пен тау тізбектерін белгілейді. Борлы схемамен жұмыс істейтін бұл өдіс картографиялық білімдер мен дағыларды қалыптастыруға себін тигізіп, оқушыларға жоғарыда аталған кемшіліктердің біразын жоюға көмектеседі. Әрине, мұғалімнің бәрі суретті жақсы сала бермейді, сондай-ақ тақтага картадағы сияқты бәрін дәл бейнелеу мүмкін емес. Бірақ борлы схема елдің басты табиғи ерекшеліктерін тезірек түсінуге және есте сақтауға мүмкіндік береді, ол белгілі бір дәріске қажет ақпаратты жеткізеді, ең бастыларын көзге көрсетіп, нақтылайды (бұларды мектептегі көдімгі тарихи карталардан көрсете алмайсың). Борлы схеманы шартты белгілерімен қоса пайдалану, екінші жағынан баспа карталарын қолдану оқушылардың қажетті картографиялық жүктемелерді жаттап алуын женілдетеді.

Мұғалімге ариалған материал. «Борлы схема бойынша тапсырмалар»

1. Шығыс (Оңтүстік, Батыс, Солтүстік, Орталық) Қазақстан аумағындағы ерте темір дәуірінің тұрақтарын көрсету.
2. Есік қорғаны табылған Іле Алатауының орналасқан жерін сөзбен сипаттау.
3. Схема бойынша ... өзенін көрсетіндер.
4. Схема бойынша ... елінің орналасқан жерін табындар.
5. Сақ тайпаларының орналасуын сөзбен айтып беріндер.
6. Археологтар «Алтын киімді адам» қорғанын қазды. Осы жерді белгілендер.

Сейлеу өдісін пайдалану маңызды. Мысалы, кіріспе сабакта мұғалім әңгімесін Қазақстанның географиялық жағынан сипаттаудан бастайды:

«Қазақстан дүние жүзіндегі шекарасы ең ұзын мемлекет болып табылады, ол 15 000 шақырымға созылады. Батыста Қаспийдің суы шалқыған жерден Қазақстан-

ның Ресеймен ең ұзын шекарасы басталады. Ресеймен шекарамыз Солтүстік Қазақстан арқылы өтіп, Шығыста – Қазақстан Алтайында біtedі, оны Сібір Алтайынан айыру үшін Кенді Алтай деп атайды. Оған мұндай атау түсті металдар кенінің мол қорына байланысты берілген. Арадан бастап Жоңғар қақпасына дейін, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары арқылы еліміздің оңтүстік шекарасы туысқан Орта Азия республикаларымен және Қытаймен шектеседі».

Тарихи оқиғаларды оқыған кезде картамен бірге *тарихи құжаттарды* да пайдалану аса маңызды. Тарихи оқиғалар кеңістікте, яғни белгілі бір орында, белгілі бір жерде өтеді. Тарихи құжаттар мұндай орынды жариялауға мүмкіндік береді. Белгілі бір жердің оқиғасын сипаттауға байланысты оқушылардың белсенділігін күштейтіп, ізденуге қызықтырады, олардың танымдық қызметтің жандандырады. Ертедегі грек ғалымы Страбонның «География» кітабынан құжаттармен қоса мысал келтірейік:

«Каспий теңізінен бастап сақтардың көпшілігін дайлар деп атайды. Олардың шығыс жағында тұратын тайпалар өздерін массагеттер мен сақтар, басқаларын жалпы атаумен скифтер дейді, бірақ әр тайпаның ерекше өзаты бар. Олардың бәрі түгелдей көшпелілер... Массагеттер Кирге қарсы соғыста өздерінің ерліктерін танытты, сол үшін оларды жұрттың бәрі мақтайды... Массагеттер туралы әңгімелер мына түрде тараган: олардың біразы тауда тұрады, басқалары – жазық жерде, үшіншілері – өзен жағасындағы батпақта, төртіншісі батпақты аралдарда өмір сүреді... елде мол сулы Аракс ағады (бұл Сырдария немесе Өмудария болуы мүмкін), бұл өзен жанжаққа тарамданып, солтүстікте өзінің басқа сағаларымен қосылып теңізге және бір ғана сағасы Гиркан бұғызына құяды» /11/.

Тапсырма: Құжатқа қатысты сұрақ қойындар. Аталған географиялық нысандарды картадан көрсетіндер.

Кеңістік түсініктерін қалыптастырудың тағы бір нұсқасы басқа заттарды пайдалану болып табылады.

Тапсырма: «Қазақ әдебиеті» оқулығынан «Іле мен Қаратал» деген қазақ анызын оқындар. Оқыған шығармалардың несімен ертегіге үксайды? Оңтүстік Қазақстанның өзендерін атаңдар.

Берел қорғаны б.з.б. 5–4 ғасырға жатады. З. Самашев бастаған археологиялық экспедиция 1998–1999 жылдары қазба жұмыстарын жүргізді. Одан табылған тажайып олжаны, дүние жүзінің бәрі билетін Берел қорғанының орнын картадан табындар.

2.5. Мәдениет мәселелерін оқып үйрену

Әдетте мұғалім ертедегі мәдениеттің қандай деңгейде болғанын өзара салыстыра келіп, жазу, тас қару-жарактар мен өнер туындылары туралы өңгіме қозғайды /15/. Халықтың бәрі «мәңгілік материал» деп аталған тасты қолданған жоқ. Қошпелілерде ағаш, тері, жұн, киіз сияқты «тез бұлінетін» материалдар болды.

Ғылымдағы жаңа материалдар тұрақталған қафидарға күйрете соққы береді. Мысалы, ертедегі қошпелілерде жазу болмаған деген ұғымның негіzsіздігі бүгінде дәлелденіп отыр. Археологиялық олжалар, жаңа тарихи мәліметтер мұндай пікірді жоққа шыгарды. Оқулықта сақ қорғанынан археологтар тапқан 26 таңбалебелгі жазылған тостаған туралы баяндалған. Бұл олжа таңбалық рәмізден сына /руника/ жазуының пайда болуы туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Таңба – жергілікті әліппенің негізі, ру мен тайпанын әмблемасы, олардың символы, ғасырлардың көктей өтіп, біздің заманымызға дейін жетті. Қазақ тайпалары мен руларының өз таңбасы бар. Бәлкім ертедегі Қазақстанның жазуы өз жолымен жүріп отырып, пиктограммалар, таңбалар арқылы әріп белгілеріне ұласқан шығар.

Үйсіндер мен ғұндардың да өз жазулары болған. Геродоттың кезіндегі /б.з.б. 5 ғасыр/ қошпелілер таңбалық символдарды пайдаланған. Л. Н. Гумилев қошпелілікке мәлім болған ғұндардың жазуы туралы қытай дипломатының мәлімдемесін келтіреді. 245 және 250 жылдардың аралығында қытай елшілігі Камбоджаға барған. Делегация мүшесі Кань Тай осы сапар туралы былай дейді: «Оларда кітаптар бар және оларды мұрагаттарда сактайды. Олардың жазуы ғұндардың жазуын еске түсіреді».

Қазақстанның ертедегі тұрғындарының өнері мен қолөнері туралы оқулықта жан-жақты материал берілген. Мұғалім осы жазба деректер мен сақ қару-жарак

жасаушыларының шеберлігі және металлургия өндірісінің жоғары деңгейі туралы археологиялық мәліметтермен сәйкес келетін жерлерін атап өтуи тиіс. Бір ғылымның мәліметтерімен екінші ғылымның мәліметтерінің астасып жатуы Қазақстан тарихындағы, оның ертедегі кезеңіндегі тарихта кездескен өте сирек құбылыс.

Мұғалім өнер тақырыбын аша отырып, оқулықтағы мәліметтерді толықтыра алады. Бүгінде Қазақстанның батыс және солтүстік облыстарындағы белгілі өнер түндыларын «аң стиліне» жақындана туседі. Жалпы алғанда, Батыс, Солтүстік Қазақстан аумағындағы өнер үлгілерінің сақтардың «аң стилімен», Қазақстанның орталық және шығыс аудандарындағы тайпалардың өнерімен үқастығы туралы айтуға толық мүмкіндік бар.

Бейнеленген жануарлардың көрініс құрамы жергілікті фаунаны – қос өркешті түйені, жылқыны, киик пен ешкіні еске түсіреді. Бүркіттің таутекеге түсуі, түйелердің айқасы, жортып бара жатқан қасқыр, дала қыраны немесе күшігеннің басы бейнеленген түрлі тенгелер кен таралған. Аңдар мен құстардың фигуralарынан құралған композициялар да кездеседі.

Жекелеген тақырыптарды оқығанда Қазақстан аймағындағы мәдениетке тоқталып өткен дұрыс. Оқулықта Иле өзенінің аңғарындағы археологиялық ескерткіштер (§18) мен атақты Берел олжалары (§ 17) баяндалған. Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның ерте темір кезеңі ғылымда жақсы сипатталған.

Мұғалім оқулықты біраз толықтыра алады. Мысалы, археологиялық қазбалардың арқасында «сақталып қалған зираттар феноменін» ашуға мүмкіндік туды. Бұл молада көмілген 13 ат ешқандай бұзылмастан, өбзел-саймандарымен түгел сақталған. Қызыл түсті былғары, матамен қапталған ерлер мен барлық ат өбзелдері «аң стилінде» әшекейленген. Биолог ғалымдар аттардың асқазанындағы жеген шебін зерттей келе, олардың әр тараптан өкелінгендейтерін тапты.

Солтүстік және Батыс Қазақстандағы тайпалардың мәдениеті туралы айтқанда (§§ 20, 28, 29), б.з.б. 7–4 ғасырдағы сарматтардың жерлеу ерекшеліктерін атап өту керек. Оларда әдейі тұрғызған төбелер мен үйінділер жоқ. Кейде бір үйіндінің астына бірнеше адамды жерлеңген. Атақты адамдардың қабірінің үстіне биіктігі 3–4

метр, диаметрі 60 метр үйінділер тұрғызған. Жерлеу кешендерінде көптеген қару-жарактар мен ат өбзелдері кездеседі. Олардың еуразиялық далалардың басқа аудандарындағы қару-жаракпен жəне ат өбзелдерімен ұқсастығы көп, бірақ өз ерекшеліктері де бар. Негізінен садақ оғы мен қылыш, найза табылды, неғұрлым бай зираттарда жебенің қола ұштары 300-ге дейін жетеді. Өзір мұндай бай олжалар басқа жерлерден кездескен емес. Жебе ұштарының он үш түрі табылды.

Савроматтар тайпаларының ғұрыптық ыдыстарының ішінде бүйірінде бір немесе бірнеше дәңгелек тесіктері бар. Үдыстарға қылқан жапырақты, хош иісті шөптерді, сораның дәндерін, әр түрлі шайырларды жағып түтеткен. Савроматтар обасынан сондай-ақ өте шағын алебастр ыдыстар да табылған. Оларды әйелдер опа-далап салып қою үшін пайдаланған болуы мүмкін.

Ежелгі Қазақстанның тарихы бойынша мәдениет туралы алғашқы білімді оқушылар 5-сыныпта алды. Қазақстан тарихының алғашқы сабактарында 6-сыныпта ертеде пайда болған мәдениет элементтерін материалдық жағынан да, рухани жағынан да көрсету керек. Еңбек қызметінің процесінде білім мен өнер сияқты нақты дүниені танудың әр түрлі формалары пайда болды. Тарихтың ертедегі кезеңдеріне адамгершілік, діни, эстетикалық, сондай-ақ ғылыми білімдердің адам санасында өлі де бөліне қоймауы тән. Адамның қоғамдық практика, өндірістік қызметтің барысында дамығанын атап айтуды керек.

Оқулықта ертедегі қоғам мәдениетін сипаттайтын ауқымды материалдар берілген. Бұл материалды жеке оқу тәсілі арқылы менгере аламыз. Басқа нұсқасы: **ұжымдық оқу тәсілі әдістемесін** пайдаланып, мәтінді оқып білуге болады /16/.

Параграфтар азат жолдарга бөлінеді. Оқушылар жұп-жұппен әркім қалауынша отырады. Әркім бір абзацтан оқиды, зерттейді, таныс емес терминдерді, ұғымдарды, сөздерді/егер бар болса/көшіріп алады, абзац бойынша бір-біріне айтып, сұрақтар қояды. Бұдан кейін олар бір-бірімен ауысып отырады да, ақпар «алмасады», бәрі абзацтармен алмасып болғанша, осылай жалгаса береді.

Мұның бір нұсқасы ұжымдық ойлау қызметі технологиясының тәртібінде дәріс беру болуы мүмкін /17/. Жұмыстың мұндай формалары балаларды қанаттандырып, белсенділігін арттырады, өз ойын ашық айтады, ойлайды, өз көзқарасын қорғайды. Мұғалім мұндайда білім берумен қатар тәрбие міндеттерін де шешеді (бірін-бірі тыңдауға, өзгенің пікірін құрметтеуге, өз пікірін негіздеуге т.б. үйретеді).

Оқулықтарда көшпелілердің өздерінің дамыған мәдениеті болғаны туралы – ғұндардың жазуы және олардың батыспен өзара байланысы туралы, әйелдердің саясатқа қатысуы туралы, тұрмыс түрінің ізгілігі және әкімшіліктің сындарлы жүйесі туралы /18, 19/ айтылған.

Шағын топтарда жұмыс істеу әдістемесі

1. Мұғалім дәрістің мақсатын айтып, мәселеге кіріседі.
2. Сынып бірнеше топқа бөлініп, 3-4 адамнан тұратын «Төрттік» немесе 7 адамнан тұратын «Жетілік» шағын топтарда тапсырманы орындаиды. Әр топ өз материалын әзірлейді.
3. Жаппай талқылау. Шағын топтардың әрқайсысы «шығармашылық есеп» береді және дайын материалмен сынып алдына шығады.

Мұғалім үйлестірушінің рөлін орындалп, топтардың өзара байланысын ұйымдастырады, жұмысты бақылайды және қате жағдайда көмекке келеді /20; 21/.

Оқушылар үшін қының дін мен өнердің қарым-қатынасы туралы дүниеге көзқарас мәселесі болып табылады. Мұғалім адам енбегінің өнер мен діннің пайда болуына да түрткі болғанын атап өтеді. Өнер дүниені көркемдік-бейнелік түрінде танытса, дін адамды өзін қоршаган дүниеге тәуелді түрінде баяндайды.

Мұғалімге арналған материалдар «Менің ататегім»

/Тапсырмасы бар шағын дәріс/


Көп халықтарда өз аргы ата-бабаларының 15–20 үрпақтарына дейін аты-жөні мен фамилияларын, қашан туғанын және өмірбаяндарының ерекше фактілерін жадында сактап, жазып алу және өз балаларына қал-

дыру дәстүрлери бар. Қазақтар «Жеті атасын білмеген – жетімдіктін белгісі» дейді; мұнда өзінің қайдан шыққанын, тарихын, мәдениетін, халқының салт-дәстүрлерін білу қажеті ескертілген. Міндет – жеті атасына дейінгі өзінің тегін білу. Қазақтар ататегін еркектерге байланысты жұргізген. Ұлынан туған баланы – «немере»; қызынан туғанды немереге жатқызбай, «жиен» деп атаған. Даланың жазылмаған заны бойынша осылай есептеген, қыздарын тек басқа рудың адамдарына берген.

Ал немереден туған баланы «шөбере», одан туғанды «шөпшек», яғни «құйтақандай», «кіп-кішкентай» деген. Шөпшектен туған баланы «немене» – «түсініксіз» десе, одан тарағанды «туажат» – «жаттан туған» деп атаған.

«Өз ата-анаңың көмегімен өзіңнің ататегінді анықтап көр. Ол үшін келесі кестені немесе схеманы – «ата-тек дарагын» толтыру қажет, яғни онда көрсетілген туған-туыстардың бәрінін атын, әкесінің атын, фамилиясын /тегін/, туған датасы мен жерін жазу қажет».

Үлгі



Түсініктемелер. Бұл жаттығуды жұргізген кезде мұғалім мыналарды ескеруі тиіс: мұнда басты нәрсе схеманы толтыру емес, тым болмағанда әкесінің аты-жөнін және туған жылын білу үшін әкесімен бірнеше рет қарым-қатынас жасауға тура келетінін ескерген жөн. Бұл күрделі тапсырманы орындаған баланы міндетті түрде мақтап қойған дұрыс. Орындалған жұмыс үшін бұрынғыдай баға қоюдың /«3», «4», «5»/ қажеті жоқ қой деп ойлаймыз.

2.6. Дін мәселелерін оқып үйрену

Алтыншы сынып оқушыларына дін үғымы бұрыннан таныс, олар оның анықтамасын беріп, Ежелгі Шығыс, Ежелгі Грекия, Египет елдерінің діндері туралы

әңгімелеп бере алады. Мұның бәрін олар ежелгі дүние тарихы курсынан өткен, сондықтан мұғалім мына екі сұрақтың нақты мазмұнына көніл аударуы керек:

1. Фалымдар діннің алғашқы қауымдағы адамдарда пайда болғанын қалай білген?

Мұғалім оқулықты толықтырады: кейбір ғалымдар діннің шығуын шамамен бұдан 50–60 мың жыл бұрынғы уақытқа, яғни неандертальдықтардың тіршілік еткен уақытына жатқызады

2. Діннің пайда болу себептері.

Түсіндіменің оқулық нұсқасын ұсынуға болады, одан кейін барлық табиғат құбылыстарының табиғи себептері болады деген ойды атап айтуды керек. Бірак алғашқы қауымдағы адамдар бұл туралы білмеген.

Мұғалім діннің үнемі болмағаны туралы негізгі пікірді ашып айтқаны дұрыс. Алғашқыда жүз мындаған жыл бұрын алғашқы қауымның адамдары табиғаттан тыс нәрсеге сенуді білмеген, жаңуарларға табынбаған және ғұрыптық жерлеулер жасамаған.

Археологиялық ескерткіштер Қазақстандағы тайпалардың Күн мен отқа табынғандығын дәлелдейді. Қошпелілер табиғатқа табынған. Мысалы, ғұндар «өзінің ата-бабаларына, көкке, жер мен аруақтарға» құрбандық шалған. Шаньюй екі рет – таңтерең шығып келе жатқан Күнге, кешкे Айға табынған. Фарышқа табыну сақтарға тән болды. Сондай-ақ о дүниедегі өмірге де сенген.

Біздің пікірімізше, мұғалім оқушыларға өз таңдаулаты бойынша мына тақырыптарға тарихи шығарма жазуды ұсынуына болады:

«Дін және қоғам».

«Құдайға сену қалай және неге пайда болды?»

«Дін мен өнердің байланысы».

«Ғылым мен дін».

З-тарау. ДӘРІСТІН БЕЛСЕНДІ ЖАТТЫҒУ ТҮРЛЕРІ

3.1.1. Оқытудың арнаулы жаттығу түрлері

Тиімді оқыту міндеттерін іс жүзіне асыру белсенді жаттығу түрлеріне көшуге мүмкіндік береді /20; 21/. Жаттығуларды өткізу мақсаттарының бірі біліктілікті қалыптастыру болып табылады, яғни оқушыны шындықты бірдей әрі терең ұғынуға, жағдайды дұрыс бағалауға және өз білімін орынды қолдануға жетелейді. Біліктілік біліммен ғана белгіленбейді, дүниеге көзқарас тұрғысынан, табиғат, қоғам, адам туралы жалпы түсініктермен анықталады.

Оқытудың жаттығу түрлерінің дәстүрлі ақпараттық түрлерінен айырмашылығы – материалды игеру, соның негізінде оны ұғынбай қабылдау және қайта жаңғырту емес, керісінше, ойлау қызметінің тәсілдерімен оқу материалын менгеру болып табылады. Дәрістің жаттығу түрлерінің негізгі сипаты оқушыны жұмысқа жұмылдыру болып табылады. Бұл ретте қатысуышылардың рефлексісіне көніл аудару қажет.

Оқытудың жаттығу түрлерінің міндеттері баланың жеке өзін дамыту, оны салыстыруға, талдауға, басқаларды тыңдау мен есітуге, шешім қабылдауға, сөйлеуге және сендеруге, өз ұстанымын ашық жариялауға дағдыландыру болып табылады.

Әдістемелік жағынан алғанда, өуелі бір *жеке жаттығудан* бастаған дұрыс. Мұның ыңғайлылығы – балаларды отырғызып өуре болмайсың, сырттай қарағанда, бұл жеке ойлау әрекеті қарапайым бақылау жұмысы мен шығарма жазуды орындауға ұқсас. Жеке жаттығуды игергеннен кейін балаларды жұмысқа екеуlep – *жұптық жаттығуга* үйрету оңайға түседі. Бұдан соң 3-4 адамнан құралған *шагын топтарға* және *орташа топтарға* /7-8 адам/ көшуге болады.

Көпшілік түрлерін шагын жаттығуды игергеннен кейін пайдаланған дұрыс. Мысалы, «Әткенешек» белгілі дайындықты қажет етеді, үстелдерді сынып ортасынан алуға, бетпе-бет *екі шеңбер* құрып тұруға т.б. мәжбүрлейді. Төменде Қазақстан тарихы бойынша

дәрістерге қолдануға жарайтын нақты жаттығулар келтіріледі. Тәжірибелің көрсетуінше, кез келген проблеманың бірнеше нұсқасы болады, демек жаттығу арқылы оларды талқылауға, «жақтаушылар» мен «қарсыларды» анықтап, шешім қабылдауға және қабылдаған бағытпен жұмыс істеуге болады.

Төменде үлгі ретінде дәрістің жаттығу түрлерін ұйымдастыру мен өткізудің үлгісі берілген. Жаттығудың мазмұнын әрбір нақтылы жағдайда педагогтың өзі ірікте алып, өзінің даярлығына байланысты, сиынпен жеке оқушының қабілетіне қарай белгілі тапсырмаларды орындауды ұсынады.

3.1.2. «Бетпе-бет» (жұптасып жұмыс істеу). «Мениң қаһарманым»

Балалар жұптасып тұрганнан кейін, мұғалім нұсқау береді. «Сендердің әрқайсың өзінің жақсы көретін тарихи қаһарманың туралы естеріңде түсіріп, әріптестеріңде сол туралы айтып беруге тиіссіндер». Оқушыларға сүйікті тарихи қаһарманына байланысты жағдайды есіне түсіру үшін уақыт беруге (2 минут) және бірінші кезеңде дербес жұмыс болатынын ескертеді. Талқылау біткеннен кейін атқарылған жұмыс туралы өз ойларын ортаға салу үшін, кейбір жұптарға сөз беру керек.

3.1.3. «Төрттік» (3-4 адамның шағын тобы). «Ақсақалдар портреті»

Бұл сабакты өткізу үшін үстелдерді екі-екіден қойып, сиынптағы балаларды шағын топтар бойынша (3-4 адамнан) отырғызу керек. Содан кейін оқушыларға қандай шағын топқа кіретіні туралы мәселені шешіп алып, олардың әр түрлі шағын топтарда қашшалықты жиі жұмыс істеген сайын соншалықты мол тәжірибе жинақтыйтынын түсіндіруге болады.

Әрбір шағын топ өз бетінше жұмыс істейді. Мұғалім тек проблемага ғана кіріспе жасайды: «Өздерің білесіндер, ерте кезде халықты ақсақалдар басқарды. Ақсақалдарды ең лайықты адамдардан сайлады. Олар өз сайлаушыларының мүддесін көздеуі, елдің мүддесін қорғауы, мемлекеттік маңызды мәселелер бойынша аса

маңызды шешімдер қабылдауы тиіс болды. Бұл үшін ақсақалдар көп білуге және қолдан келгенін аямауга, жақсы қасиеттерді игеруге тиісті. Мысалы, бір кездे қазақ қоғамында көп мәселені билер шешкен. Бірақ қазақтар билерді дауыс беру арқылы сайламаған. Билерді хан жарлығымен де тағайындаған. Би болу үшін заңдарды жақсы білу және шешендік өнерін менгеру керек еді. Ондай адамдар туралы пікірлер тез тарады, олардың аттары әйгілі болды, сонда ғана адамдар оған дауды шешіп беруге, дау-дамайдан құтқаруға ақыл сұрап, келе бастады. Би атағы даулы істерге билік етуге рұқсат берді, ешқандай тәртіптік шара қолданбады, бәрі ашық бәсеке, сөз айтысы түрінде өтті. «Мен сендерге билердің суреттерін жайдан-жай өкелген жоқтын. Қазір сендер Томирис заманындағы ақсақалдар кеңесі өкілінің портретін жасауға тиіссіндер.

Әр топ портрет жасайды, ол үшін өз топтарындағы мүшелерден түскен барлық ұсыныстарды жазып алуларың керек, ал мұндай ұсыныстар көпшілік дауыспен қабылданғаннан кейін беріледі. Бұған 7 минут уақыт бөлінеді.

Жалпылама портрет жасалғаннан кейін, әр шағын топ оны бүкіл сыйыптың алдында талқылауға ұсынады. Ол үшін әр топтан бір адам ауызша бейнеленген портретті оқып, сыйыптың берген сұрақтары болса, соған жауап беруі тиіс.

Жұмыс соында қай ақсақалдың портретінің жақсы шыққанын сыйып шешеді».

Мұғалім топ мүшесіне қажет болған жағдайда жәрдем береді. Мысалы, балалар өз портретіне пайдалану үшін кейбір сөздерді түсіндіруді сұрайды, бұл сөздердің мағынасына күдіктеніп тұргандарын айтады.

Жеке шағын топтарға ақсақалдардың нақты бір белгісін дәл айтудың қажеті жоқ.

3.1.4. «Фажайып жетілік» (7-8 адамның ықшам тобы). «Тыйым салу»

Педагог сыйыпқа 7-8 адамнан топ құруды ұсынады. Сыйып жұмысқа даяр болған соң, кіріспе сөз сөйлейді. «Бір келіншектің күйеуінін Өзенбай, Қамысбай, Қасқырбай, Қойшыбай, Қайрақбай, Пышақбай есімді алты ағасы бар екен.

Бір күні келіншек су алуға барса, өзен жағасындағы

қамыс ішінде жайылып жүрген қойға қасқыр шауыпты. Жас келін айғайлап қасқырды сескендіріп, үйге қарай жүгіреді. Қой арам өлмей тұрғанда, жан даусы шығып, көмекке шақырады. Бірақ қазақтың салты бойынша, қайнагаларының атын атауга болмайды. Тапқыр келіншек үйге жақындал, саспастан: «Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлым-ма жеп жатыр. Маңырама өлмей тұрғанда, білемеге жаңыманы жанып-жанып жіберіп, маңыраманы сойып әкеліндер» депті.

Бұл көпке мөлім оқиға қазақтардың түрмисы мен тіршілігінен хабар береді. Ол көшпелілердің салты бойынша тыйым сөздерді балама сөзбен тұспалдан жеткізуге болатынын көрсетсе, екінші жағынан, этикалық (әдеп) нормаларын сақтау керектігін де ескертеді.

Тапсырма. Балалар, сендер 10 минут ішінде көшпелі қоғамдағы тыйым сөздерге мысал ойлап табыңдар.

Мұнда негізгі жұмыс топ ішінде орындалады. Педагог топтың жұмысына, бәрі өз пікірлерін түгел айта алуына, қатысушылардың түйік балаларды тыңдайтынына не тыңдамайтынына назар салып отыруы тиіс. Мұндай бақылауды жүргізу үшін сыныптың ортасына жайғасып, балалардың жұмысына көп араласпай, сырттай шолып қарағаны дұрыс. Кейір балалар көп сөйлеп, жиі-жиі дауласса, оларға көмектесу керек. Әркімнің дауысқа салу құқығы бар екенін әдеппен жеткізу қажет. Бұл жаттығудың басты міндеті – әлеуметтік қарым-қатынас жасаудың тәжірибесін және оқушылардың үлкен тобының өз ойларын жеткізу біліктілігін арттыру болып табылады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін топтар өзара ақпарат алмасады. Егер қажет болып, басқа топтардың өкілдері белгілі бір сөздің мағынасын табуға мысал келтіруді сұраса, онда мұндай сұрақтарға жауап беру керек. Әр топтың өкілі өз көзкарасын білдіруі үшін, жалпы талқылау ұйымдастырыған дұрыс, одан өрі мұғалім жұмысты қорытындылайды.

3.1.5. «Аквариум» (оқушылардың белсенді тобымен жұмыс істеу)

Бұл жаттығуды жүргізу үшін сыныптың ортасынан орын босату керек. Мұғалім талапкерлерді тақтаға немесе сынып ортасына шығуға шақырады. Оларға нақты

тапсырма беріледі. Қалған оқушылар оқиғаның өтіп жатқанын жақсы көре алатында тәртіппен дөңгеленіп отырады. Олардың негізгі міндеті – оқиғаны бақылау. Кейін жаттығуды талқылаған кезде өз әсерлерін, ескертпелерін, ұсыныстарын айтады.

«Қазақ халқының шешендік өнері»

Тақырып жарияланғаннан кейін, мұғалім шамалы кіріспе сөз сөйлейді: «Далада сөздің рөлі күшті болды. Шешендік сөздердің қарымы өте кен ауқымды болып, әр түрлі мәселелерді – мұліктік даулардан бастап екі елдің немесе халықтардың өкілдері арасындағы бейбіт келісімдерге дейін қамтыды. Даулар жекелеген адамдардың ар-намысын қорғаумен ғана шектеліп қалған жоқ.

Халықаралық келісімдерде шешендер сөз өнерінің көмегімен өз халқы мен елінің ар-намысын қорғауды ең басты міндетім деп санаған. Сондай даудың бірі 18 жасар Қаз дауысты Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқан сөзі халық арасында сакталған. Бұл шешендік сөзде қазақ елінің тыныштықты, тату-тәтті көршілікті сүйетіндігі көрінеді:

Сен – темір де, мен – көмір,
Еріткелі келгенмін.
Екі еліктін баласын
Теліткелі келгенмін.
Егесетін ер шықса,
Иілткелі келгенмін.
Тұтқыр сары желіммін,
Жабысқалы келгенмін.
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Жарысқалы келгенмін.
Танымайтын жаттарға
Танысқалы келгенмін.
Қазақ, қалмақ баласы –
Табысқалы келгенмін.
Табысуға көнбесен,
Тұрысатын жерінді айт,
Алысқалы келгенмін.

Әскерін сайлап, бейбіт жатқан елді шауып, тонап, тозтозын шығаруға дайындалып келген қалмақ ханы бұл сөзді естігеннен кейін райынан қайтып, кері қайтқан екен.

Ал енді сендер өздерінді тарихи процеске қатысушылар деп санандар. Батыс Қазақстан аумағында сарматтар тұрды. Олардың оңтүстік-шығыс шекарасы сақтар тіршілік еткен ортаазиялық қос өзеннің – Өмудария мен Сырдария аймағымен шектескен. Сендердің пікірлерің бойынша туысқан екі рудың арасында қақтығыстар болып тұрды ма, әлде бейбітшілік сақталды ма екен, түсіндіріндер (себебі: даулы аумақтар).

Сыныптың ортасында (жаттығуға қатысушылардың белсенді мүшелері) төрт бала отыр, олардың билік айту құқы бар. Сендердің айтатын шешендік сөздерінен, қойылған сұрақтарға берген жауаптарынан халықтың (жаттығуға қатысушылардың – сыныптың) тағдыры шешілуі тиіс, соны ойлаңдар».

«Аквариумдегі», яғни белсенді қатысушы балаларға дайындалуға және өз сөздерінің тезистерін жазып алуға 2 минут уақыт беріледі. Одан соң әрбір қатысушы шығып сөйлеуге 1 минут, пікір білдірушілердің немесе «халықтың» сұрақтарына жауап беруге тағы 1 минут уақыт беріледі. Төртеудің бәрі сөз сөйлеп, сұрақтарға жауап бергеннен кейін, «халық» кімге және не үшін дауыс бергенін шешеді.

Үміткерлермен алдын ала жұмыс жүргізіп, өз сөздерінің тезистерін дайындаудың өтінген жөн. Мұндай нақты ұсыныстар жаттығуды жандандырып, іс жүзінде «халықтан» сайланған бақылаушылар талқылауға қатысып, көптеген сұрақтар қойылады.

Сабак қызықты өтү үшін бұл тақырып алдын ала талқыланып алуы керек (белгілі бір сабакта, дәрісте шешілген жөн).

Белсенді жұмыс істейтін оқушылар үшін мұғалім жасаған үзіліс кезінде (сыныптың ортасында немесе тақтада тұрғандар, яғни еріктілер үшін) кез келген «бақылаушы» мұғалімнің рұқсаты бойынша белсенді әрекетке көше алады. Бұл өз құрбыларын сырттан көруге мүмкіндік алумен бірге, ұсынылған жаттығуға қатысқысы келмегендердің де іске кіріскенін байқайды.

Мұғалім сөз алғандардың бәрі бірдей жағдайда болуы үшін (даярлық кезінде және сойлегенде уақыттың тенденциядан) пайдалану) регламент сақтап, барынша сак болуы тиіс.

Жаттығу біткеннен кейін қорытынды шығарылып,

сабакты талқылау қажет. Белсенді қатысушыларға: жұмыс істеуге не көмектесті, не кедергі жасады, өзіне баса назар аударылған кезде адам қандай сезімде болады, мұндай жаттығуды даярлау кезінде уақыт жеткілікті болды ма немесе оны көбейту керек пе еді деген сияқты сұрақтар қойылуы мүмкін. Бақылаушыларға да: кімнің сейлекен сөздері анағұрлым дәлелді, шебер, сенімді болды? Сөз сейлекен шешеннің сөзінің өсеріне байланысты кім өз шешімін өзгерту? Сенің шешімің қалай қарай өзгерді деген сұрақтар қойылуы мүмкін.

Нәтижелері жай көшпілік дауыспен қабылданып, шешім шығарылады.

3.1.6. «Өткеншек» (екі шенбермен жұмыс істеу). «Демократияны жақтаушылар»

Балалар бір-біріне бетпе-бет тұрып, екі шенбер (ішкі және сыртқы) жасағаннан кейін мұғалім нұсқау береді. «Біз ерте заманда өмір сүріп жатырмыз деп есептедер. Біздің елімізде соңғы кезге дейін *әскери демократия* билік жүргізді. Қауымның әрбір мүшесінің дауыс беру құқығы болды. Бұдан соң тайпа қосемдерінен шыққан патшалар билікті қолға алды. Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим, Ежелгі Шығыс пен Ежелгі Қазақстан тарихы сабактары арқылы қоғам дамуының бұл екі моделі сендерге жақсы таныс.

Сонымен сендердің міндеттерің:

– бірінші топтық рөл (ішкі шенберде тұрғандар) Ұлы Дарада демократия басқаруы тиіс деген ұстанымды қорғайды. Сендердің міндеттерін демократия басқарудың ең жақсы нысаны екеніне өз әріптесіңің (қарсы тұрған) көзін жеткізу.

Екінші топтық рөл (сыртқы шенберде тұрғандар) демократияға қарсы шығу. Олардың ұстанымы бойынша ел басқаруды «жоғарыдан», патша, хан жүзеге асыруы тиіс.

Жұптардың проблемаларды талқылау уақыты – 3 минут.

Содан кейін мұғалімның белгісі бойынша (мүмкін мұғалім алақан соғатын шығар) сыртқы шенберге қатысушылардың бәрі бір мезгілде бір не екі адым онға қарай жылжып, жаңа әріптестің алдына келіп тұрады. Мұндай ауысулар бірнеше рет жасалады.

Ереже былай: егер жаттығу бірінші рет өткізілсе немесе жаңадан келгендер мұндай нысанның орындалуын білмесе, онда ойын қағидаларымен таныстырады. Естерінде болсын, басқа жұптарға (көршілеріне) кедергі жасамас үшін, сыбырлап сөйлеуге тырысу керек. Оқушылардың диалог кезінде әріптесінің пікірімен санасуы, оны тыңдауы, өзінің де пікір айтуы қажет екенін естеріне салған дұрыс. Ол үшін әріптесін әдеппен тоқтатып, өз дәлелдерін көлтіріп, пікірлерін айтуда керек.

Проблеманы талқылағаннан кейін мұғалім қорытынды шығарады. Сондықтан ол Даладағы демократияны «жактаушылар» мен «қарсылардың» барлық дәлелдерін тақтаға (немесе бір парапаттаманға) жазады.

3.1.7. Үлкен жаттығу шенбері. «Халықтың әдет-ғұрпы»

Үлкен шенбер құрып жайғасып алғаннан кейін, балалар кезектесіп сыныпқа халықтың бір әдет-ғұрпын айтады. Ол барынша қысқа, мысалы, 1-2 минуттан аспауы тиіс.

Бірінші оқушы сөзін бітіргеннен кейін келесі оқушы шығады, осылайша бәрі айтып үлгіргенге дейін жалғаса береді.

Көптеген жасөспірімдер үшін бұл барынша күрделі тапсырма болуы мүмкін, ейткені олардың бәрі бірдей көркем әдебиетті, тарихты оқымауы ғажап емес. Ондай балаларға ерекше назар аудару қажет. Жаттығу басталмас бұрын оқушылар даярланып алу үшін үй тапсырмасын беріп қою керек. Бұл ретте ата-аналар оларға бірнеше әдет-ғұрыптарды айтып, көмек бере алады. Балалар үйде жаттығып алуына болады.

Оқушының біреуі әңгіме айтып тұрғанда, қалғандары оған жәрдемдесіп, өздерінше басқа нәрсе туралы (кедергі көлтірмес үшін) айтпауы тиіс. Мұның бәрін жаттығу басталар алдында түсіндіріп, бұл қағиданың орындалуын қадағалау керек.

3.2. Шағын топтардағы жұмыс технологиясы

Оқытудың ең көп таралған нысаны – шағын топтармен жұмыс істеу. Оқытуды үйымдастырудың тәсілдері

педагогтың мақсатын – оқушыларды бірлескен белсенді танымдық қызметке қатыстырудың қажеттігін анықтайды. Топтардағы жұмыс үш технологиялық қайталаумен сипатталады /17/.

Бірінші өлшем (такт) – оқыту проблемасын жолға қою және оған кірісу, яғни жұмыс процесін үйімдастыру. Сол арқылы оқушылардың оқуға белсенділігі артады – олардың ішкі мақсаттарының алғашқы міндеттері жүзеге асырылады.

Екінші өлшем (такт) – туындаған мақсатты орнықтыру үшін дербес іс-әрекеттің нақты өрісі ұсынылады. Оқушылар шығармашылық ықшам топтарға бөлінеді де, шағын топтардағы қарым-қатынас арқылы өзінің ішкі мақсатын іске асырып (нақтыладап, айқындалап), педагог көтерген оқу проблемасын сезінеді, іздегенін анықтайды, оны шешу үшін бірлескен қызмет тәсілдерін өзірлейді, мақсатын жүзеге асырады.

Үшінші өлшем (такт) – жалпы талқылау. Ол бірлескен педагогикалық қызметтің келесі кезеңі ретінде қажет, оның процесінде педагог өзінің оқу проблемасын шешудің ақиқатын дәлелдеуге топтарды жұмылдырады. Әр топ өз позициясын басқа топтардың алдында жарияладап, белсенді түрде қорғап шығады. Тараптардың дәлелдерінің негізділігі бойынша пікірсайыс, кейде әр түрлі, қарама-қайшы көзқарастар туындаиды, тексеріледі. Негізделген дәлелдердің талап етуі бойынша педагог оқушыларды оқыту проблемасының дұрыс шешіміне алып келеді.

Шағын топтардағы жұмыс технологиясы

1. Кіріспе

2. Топтар
жұмысы

3. Жалпы
талқылау

Топтардың жұмыс кезеңдерін жүйеге түсіру рефлексия болып табылады. Практиканың көрсетуінше өзінің және ұжымның іс-әрекетін жете түсінуге (рефлексия) оқушыларды жұмылдырса, оқыту нәтижесі бірнеше есе артады. Рефлексия оқушыны оның іс-әрекетінің нақты әдістеріне, жүйеллікке, оларды қорытуға, қате тәсілдер

мен көзқарастан бас тартуға үнемі бағыттап, өзінің жеке басын дамытуға жетелейді.

Барлық технологиялыш өлшемдер өзара тығыз байланысты. Жұмыс процесінің барысында «жаңылыс» кетсе, рефлексия қосылады да, оқушының іс-әрекеті кезінде өз кателерін көруіне және сол жерде-ак түзетуіне мүмкіндік береді. Шағын топтардың жұмысы көбінесе жалпы талқылауда аяқталады.

3.3. Оқушыларды жаттығу арқылы бағалау

Оқыту әдістерін өзгерту мен дәрістерде белсенді жаттығулардың нысандарын пайдалану оқушылардың жұмыс нәтижелерін бағалауды өзгертуге апарып согады. Әдістер мен құралдардың көмегімен жүзеге асырылатын бақылау мен бағалау әр түрлі функцияларды: бағдарлау, диагностикалық, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, бақылау мен басқару қызметтерін орындай алады. Алайда көптеген мұғалімдердің практикасында олар бір нәрсеге – бағаларды жинақтау мақсатындағы білімді бақылауға саяды, ал бағаның өзі ынталандыру мен жазаладын құралына айналады.

Әдетте мұғалім дәстүрлі дәрістерде оқушыларға откен сабакта нені оқытқанын тексереді (материалды, тақырыпты түсіндіреді, өз пәннің курсынан негізгі фактылар мен қағидаларды қайта жаңғыртуды күтеді). Сөйтіп оқыту қайталау сипатына ие болады. Шынында, бірінші күннен бастап мектепте оқушыға күн сайын қайталарап, олар уйде оқулықтағы белгілі бір параграфты оқуы, белгілі бір есепті шыгаруы, белгілі бір жаттығуды орындауы тиіс екенін құлағына құйып отырады. Күн сайын, көптеген жылдар бойы мектептегі оқу барысында оларды кездейсоқ, іріктелген сұрақтың, тексерудің астына алады, сөйтіп олардың сабакқа даярлығын қадағалайды, откен материал бойынша білім мен дағдыларын тексереді. Олардан өздерінің енбегімен жеткен нәрсені сұрамай, мұғалімнің айтуы бойынша оқулықтағыны сұрау, бұл дәстүрлі оқыту тәсілі. Бұдан мынадай заңды сұрақ туады: мұндай жағдайда оқушының дербестігін, жұмысқа шығармашылық қарым-қатынасын дамыту мүмкін бе; егер мұның бәрін біреу жоспарлап қойса ше, егер тіпті осы жоспарланған жұмысты өз

бетінше орындаудан шеттелсе ше? Өйткені бәрі мұғалімнің нұсқауы бойынша жүзеге асады емес пе.

Жаттығулар оқушыларды жаңа білімдермен қару-
ландырып қана қоймай, оларды жоғары нәтижелерге
жету үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Оқушылар
жаттығулар арқылы ойлап үйренуі, топта зерттеу
жүргізуі, деректерді өз бетінше зерттеуі, оларды
түсіндіруі керек. Басқаша айтқанда, олар негізгі ақпа-
рат көзі ретінде мұғалімнен төуелсіз болуы тиіс. Мұндай
жағдайда оқушының жұмысын дәстүрлі әдістемелермен
бағалау қыынға соғады. Мысалы, қарым-қатынас дағды-
лары үшін баға қою керек пе? Немесе мұғалімнің
пікірімен сөйкес келмейтін өз пікірі үшін баға қою керек
пе? Көдімгі сабакта немесе сынақта проблема жоқ,
мұғалім оқушының «қаншаға» жауап бергені бойынша
өз пікіріне сөйкес бағаны қояды. Мұндай көзқарас
мұғалімнің субъективтік көзқарасынан алыс кетпейді.

Сұрақтың (дербес, шұғыл, «ширак» т.б.) қалыптас-
қан түрлерінің ең басты кемшілігі сол – игерген матери-
алдың санын (сабакқа қанша бала даярланды) және са-
пасын (дайындық деңгейін) анықтауға мүмкіндік
бермейді. Демек оны оқу-тәрбие процесін басқаруда
одан әрі қолдануға негіз жоқ. Мұндай тексеруден кейін
мұғалімнің айтқан қорытындысы дәл болмайды.

Жаттығулар тек материалды игеруге ғана емес, сон-
дай-ақ анағұрлым жоғары деңгейге – дәлелдеу мен
қарым-қатынас дағдыларына да есептелген. Нәтижесінде
оқушылар тарихтың белгілі бір фактілерімен бірге олар-
ды талдап, сини ой елегінен өткізе білуі тиіс. Жаттығу-
лардың мақсатын стратегиялық жоспарда қарасақ,
оқушы мектепті бітіргендеге теориялық білімдермен қоса
оны шынайы өмірде пайдалана білуі де қажет.

Мұғалім оқушыны бағалайтын өлшемдерді өзірлеуі
керек. Егер оқушы өзінің жұмыстарының мақсаттары-
ның қандай екенін және ол жұмыстардың қалай бағала-
натынын білсе, онда бұған мақсаттылықпен дайындалып,
тапсырманы орындауда мүмкіндік туғызыар еді.

Мұғалімдердің жаттығуларды жиі-жиі және тұрақ-
ты пайдалануына болады, бірақ бұл ретте баға қоймай,
оны балалардың білімін тексеруге мүмкіндік мол көдімгі
сабактардың үлесіне қалдыра аллады. Олар үшін жатты-
гулар дегеніміз – балаларды дамыту тәсілі, ұжымда,

топтарда жұмыс істеуді үйрету мүмкіндігі, сейлеуді, аналитикалық қабілеттерді жетілдіру мүмкіндігі. Оқытудың белсенді нысандары арқылы олар оқудың дәстүрлі сынып – сабак жүйесіндегі кемшіліктердің орнын толтырады.

Шетелдік өріптестердің тәжірибесі қызығушылық туғызды. Оқушылар жұмысын бағалау үш түрлі көзқарас түрғысында – білім мен икемділік, логикалық ойлау қабілеті (акыл-ой дағдылары) және ақпаратты (қарым-қатынас дағдылары) дәл таратуды үйрену түрғысында жүргізіледі. Нәкты өлшемдер бағалау ісінде /22; 23/ қажетті ақпараттан және субъективтік пікірлерден құтылуға көмектеседі. Оқушылар да бағалаудың осы өлшемдерін біледі.

Сонымен бірге оқыту процесін түрлендіріп, оны жандыратын бір проблеманы шеше отырып, сондай-ақ жаттыгулар кезінде балалар көрсеткен білімдер мен икемділікті бағалаудан бас тартып, мұғалім басқа бір проблемаға тап болуы мүмкін. Балалар «ойнауға» дағдыланып, оқытудың «оыйнсыз» нысандарын ықылассыз қарсы алады, ал өздерінің жұмыстары бағаланбаса, жаттыгулар кезінде мұғалімнің нұсқаулары мен тапсырмаларын орындаудың міндетті емес екені туралы проблема пайда болады. Сондықтан белгілі бір жаттыгууды бағалаудың белгілі бір тәсілін тапқан дұрыс.

3.4. Тірек конспектілерді пайдалану

Тірек конспектілер әдістемелік сипаттағы тапсырмаларды орындаپ, пәндік білімдер корын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Оларды алғашқы рет оқып, игерген кезде білімдерді ұтымды ұйымдастырудың функциялары көрініс табады. Практиканың көрсетуі бойынша, тірек конспектілер жөніндегі жұмыс оқушыларды оның нәтижелерін өздері тексеруге үйретеді, пән бойынша базалық білімдерді қалыптастырады, оқушының жадында нақты білімді үялатады.

Оқу материалын ірі блоктармен оқыту әдістемесі педагог-ғалымдар П.М. Эрдниев /24/, Л.И. Балашова /25/, С.Д. Шевченко /26/ т.б. педагогтар мен авторлар, психологиялтар тарапынан да сипатталған /26; 27; 28/.

Біздің идеямыз бойынша, оқушыға нақты, көрнекі, женіл және онай қабылданатын материал беруді қарас-

тыру. Сапалы түрде жадында сақтау, қайта жаңғырту олардың ішкі дүниесімен қабылдануы үшін тірек конспектілер құрылымдық-логикалық негізде жасалуы тиіс. Мұндай көзқарастың дәстүрлі оқыту жүйесіне мыналар енгізілуі тиіс: бағдарламалар мен оқулықтарда оқу процесін құрастырғанда бірлік үшін оқулық тақырыбы, яғни оқу материалының тұтас өрі логикалық жағынан аяқталған бөлігі алынады. Екінші жағынан, оқыту процесінің өзінде оқушылар үшін оқитын тақырып тек атауымен ғана көзге түседі, оны мұғалім оқыту алдында ғана хабарлайды, олар үшін нақты тірлік жеке сабак емес, тақырып қана болады. Мұндай қарама-қайшылық дидактикада білімдер жүйелілігінің көмегімен шешіледі де, оқу процесінің құрылым бірлігі оқу тақырыбы болып табылады. Проблеманы құллі тақырыптың ақпаратын бір парапқа «сығызып», тірек конспектілерінің көмегімен шешуге болады. Жаңа тақырыпты оқытқан кезде мұғалімнің міндеті бұл ақпаратты «ашып көрсету» болып табылады.

Тірек конспектілері тірек сигналдарының – мұғалім мен оқушылар өзірлеген ерекше тілдің көмегімен бейнеленеді. Оларды есте сақтау мен жаттап алуға нұсқау берілмеген.

Тірек конспектілері өр түрлі болуы мүмкін, бірақ олар үшін қойылатын талап ортақ – қарапайымдылық өрі бейнеллік, бұлар оңай есте сақтауға жәрдемдеседі. Сондықтан біздің пікірімізше, құрылымдық-логикалық схемага тақырыптың мазмұнын материялдандыру ештеңе де бермейді. Оларды қайта жаңғырту өрекетіне алгоритмді ұсынған маңызды, өйткені ол оқушылардың теориялық білімі мен практикалық ептілігін біріктіруге мүмкіндік береді.

Озық педагогикалық тәжірибе тірек конспектілерімен жұмыс істеудің өр түрлі нысандарын ұсынуы мүмкін.

Мұғалімге көмек ретінде

Тірек конспектімен жұмыс істеу өдіstemесі.

1. Жаңа материалды түсіндіру (15–20 минут).

2. 2-3 минутта айтылғанды тірек конспекті бойынша қысқаша мазмұндау (тірек конспекті тақтаға немесе ватманның парагына жазылуы тиіс).

3. Тірек конспектілерінің жекелеген бөліктерін оқушылардың айтып беруі. Біреу айтады, қалғандары тыңдайды. Егер конспектіде 5 блок болса, онда тиісінше 5 оқушы айтуы тиіс.

4. Тірек конспектілерін дәптерге жазу (басқа нұсқа бар шығар: егер әр оқушыда типографиялық әдіспен көбейтілген дайын тірек конспектілері бар болса, онда бұл кезеңді қолданбау керек).

5. Тірек конспекті бойынша жұмыс істеу немесе айту.

Тірек конспекті бойынша жұмыс істеу үшін балаларды екі нұсқаға бөледі: 1-нұсқада отырган балалар бірінші блокты, екінші нұсқада отырган балалар екінші блокты айтады. Егер сыйып жұмыстың осындай нысанағына дағдыланған болса, онда ауысым құрамында жұптасып айтуды біртіндеп өткізуге болады.

Тірек конспектілері оқытудың қосымша құралдарының бірі болып саналады. Олар оқушылардың қызын материалды игеруін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Тірек конспектілерімен жұмыс істеу, шығармашылық тірек конспектілерін жасау, оларды айту, тұрақты және ауысым құрамында жұптасып жұмыс істеу оқушылардың сөйлеуін жетілдіру, минимум білімді игеру үшін жағдай туғызып, материалдың бөлшектенуіне жол бермеу проблемасын шешеді. Практиканың көрсетуінше, блоктар бойынша оқу уақытты тиімді пайдалану міндетін де шешеді. Тұтас тақырыптар енгізілген, бірынғай көріну тізбегімен құрылған, оқушылар нақты түсінетін тарихи материалды блоктармен оқу идеясы жаңа сапалық нәтижеге жеткізеді.

4-тарау. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ЖҰМЫСЫ

4.1. Дербес жұмыс түрлерін жіктеу

Оқушылардың дербес жұмысы – дамыта оқытудың куралдары мен нысандарының бірі. Бұл бағыт кенес психологтары мен дидактикері И.Я. Лернер /29/, тарихшы-әдіскер Г.И. Годер /30/, П. В. Гора /31/, Н.Г. Дайри /32/, Н.И. Запорожец /33/, П.С. Лейнбенгруб /34/ т.б. тарих материалы негізінде дербес жұмыстың әр түрлі тәсілдерін баяндау арқылы өзірленген.

Педагогикалық әдебиетте оқушылардың өнімді шығармашылық қызметі жөнінде дербес жұмыстың түрлерін әрқалай жіктеу кездеседі.

Зерттеудің көрсетуінше, оқушылар бір кезде әлдекімнің өткен заманы қазір келгенін қындықпен мойындейды, сондықтан егер мұғалім дәрістің нақты мақсатын белгілесе, онда ол таңдаған жаттығулар интеграциялық сипат алуды тиіс (әңгіме құрастыру, шығарма жазу). Оқушыны оқылатын кезеңнің күөгері, зерттеушісі, көз көргені позициясына қойып, мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындаудың қадағалауы тиіс. Қындық деңгейі оқушының білім деңгейіне сәйкес келуі және сондай-ақ олардың біліктілігін дамытуға жәрдемдесуі қажет. Мысалы, мұғалім тапсырма беріп, «Ертедегі көшпелілер туралы тарихи жазбалар», «Дін қалай пайда болды», «Халықтардың жаппай көшүі», «Көшпелілердің өркениеті және олардың мәдениетке қосқан үлесі» деген шығармалар жаздыра алады.

Тапсырмаларды Қазақстан тарихы бойынша дәрістердің әр түрлі кезеңдері үшін қолданып, оларды үжымдастық әрі мынадай дербес жұмыстар үшін де пайдалануға болады:

– жаңа материалды оқыту барысында проблемалық жағдаяттар жасау және проблемаларды жолға қою құралы ретінде. Осы түргыда жауап беру үшін өткен сабактарда игерілген фактілерді, ұғымдар мен заңдылықтарды білу қажеттігіне тапсырмалар ұсынылады;

– белгілі бір сабакта оқылған фактілерді, ұғымдарды, заңдылықтарды игеру сапасын бекіту мен бақылаудың тәсілі ретінде;

– келесі сабактарда білімді тексеру құралы ретінде. Сұрақ барысында кейбір тапсырмалар барлық сыйыпқа үжымдасып жұмыс істеу үшін ұсынылса, басқа тапсырмалар ауызша жауап беруге шақырылған оқушыға сұрақтар ретінде қойылады, ал үшінші тапсырма жеке оқушыға немесе барлық сыйыпқа жазбаша жауап беру үшін ұсынылады, ал төртінші тапсырма тақтаға жазылып (мысалы, кесте құрастыру), орындалған жұмысты түзету мен бағалауға сыйып қатыстырылады;

– қайталау мен қорыту процесінде осы мақсат үшін арнайы бөлінген сабактарда білімді қолдану құралы ретінде;

– кейбір тапсырмаларды факультативтік дәрістерде, сыйыптан тыс (үйірме) жұмыста және тарихтан олимпиада өткізу үшін пайдалануға болады.

4.2. Оқушылардың дербес жұмысын басқарудағы мұғалімнің рөлі

Тарихи материалды оқыған кезде алынған ақпарат пен іс-әрекет түрлері арасындағы тепе-тендікті, оқушылардың дербес оқуының даму қабілетін сақтау педагогикағылымындағы аса маңызды проблема.

Тапсырмалар мен жаттығулар үлгі бойынша білімдерді жаңғыртушы ретінде, сондай-ақ құрделі ойлау операцияларын – талдауды, дөлелдеуді, өз қорытындыларын талап ететін шығармашылық сипат ретінде де ұсынулығы тиіс. Біз ұғымдармен, тарихи терминдермен байланысты бірнеше жұмыс нұсқауларын ұсынып отырмыз:

- мазмұны түсіндірілген терминдерді белгілеу;
- сөздері қалып қойған сөйлемдерді толықтыру;
- кестені толтыру;
- контурлы картамен жұмыс істеу;
- әңгіме немесе шығарма жазу;
- карта, схемалармен және иллюстрациялармен жұмыс істеу;
- хронологиялық тапсырмаларды шешу;
- сөйлеуді жетілдіру мен бейнелі ойлауға арналған тапсырмалар;
- пікірсайыс проблемаларымен, даулы мәселелермен, өз түжірымдарымен, тарихи тұлғалардың рөлімен, қоғамда орын алған процестермен байланысты тапсырмалар;

- тест тапсырмалары;
- өлемдік мәдениет барлық халықтардың күшжігерімен жасалғаны туралы қорытынды игеруге бағдарланған тапсырмалар.

Мұғалімнің жұмысы балалардың аналитикалық қабілеттерін дамытуға, дербес ойлай білуіне бағдарлануы тиіс.

Тапсырмаларды орындау білім беру міндеттерін шешуге жәрдемдесіп, әр түрлі көзқарасты үғынуға, оларды құрметтеуге, басқаша көзқарасқа, пікірлердің, бағалар мен қорытындылардың әр түрлілігіне төзімділікпен қарауға үйретеді. Мұндай көзқарас оқуда позитивтік жағдай жасауға мүмкіндік беріп, өз беделін, өзіне сенімін сезінетін тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі.

Дербес жұмысқа басшылық ету мұғалім тарапынан оның оқыту қызметінің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Оған мынадай негізгі тізбектер енеді:

- дербес жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- оқытудың құралдары мен әдістерін жоспарлау, таңдау;
- оқушылардың дербес жұмысын үйымдастыру;
- ағымдық бақылау мен түзету;
- нәтижелерді тексеру, талдау;

Оқушылардың іс-әрекетін жоспарлау, танымдық дербестік әдісі оқу материалының нақты мазмұнына сүйенуі тиіс. Әрбір нақты жағдайда қолда бар тапсырмалардың ішінен оқушылар дербес түрде орындаі алғындынын жөне жүзеге асыра алатынын бөліп алған маңызды.

Оқыту қызметінің рөлі мен функциялары түрғысынан қарағанда, тапсырманы екі типке: бұрынырақ игерілген ұғымдарға қатысты фактілерді талап ететін тексеру-жаттығу жөне шешу тәсілін дербес іздеу нәтижесінде жана білімдерді меңгеруді көздейтін шығармашылық ізденіс типтеріне болуғе болады.

Мұғалімдердің көбісі әдіскерлер өзірлеген арнаулы тапсырмалар жинақтарын пайдаланумен қоса өздері де сұрақтар мен тапсырмалар жасайды. Тапсырмаларды таңдау жөне оларды қолдану тәсілі мұғалімнің тәжірибесімен, сыныптың білім мен дағдыларының даму деңгейімен, кейбір оқушылардың білімділік дәрежесімен жөне пәнге қызығушылығымен, мұғалім жүргізетін

сынып және сыныптан тыс жұмыстың сипатымен және үйлесуімен анықталады.

Мұғалім құрастырған тапсырмалардың мазмұны алтыншы сынып оқушылары игеруге тиіс негізгі ұғымдар мен заңдылықтардың қалыптасуымен байланысты болуға тиіс. Қоғам өмірін жан-жақты қарастырып, барлық тақырыптар мен сабактарды қамту арқылы тапсырмалар жасау аса маңызды. Тапсырмалар отансүйгіштік, эстетикалық тәрбие беруді жүзеге асыру ісіне бағытталуы тиіс.

Тапсырмаларды орындау барысында оқушылар әр түрлі логикалық іс-әрекеттерді жасайды. Оларда мына дағдылар қалыптасуы тиіс:

- тарихи фактілерді уақыт пен кеңістік бойынша орналастыра білу, атап айтқанда, оқигалардың даталарын тарихи құбылыстармен және процестермен сәйкестендіру;
- тарихи картаны білім көздері ретінде пайдалану;
- қоғам дамуының игерілген ұғымдары мен заңдарына сүйене отырып, тарихи материалды талдау және қорыту, себеп-салдарды және заңды байланыстарды, құбылыстар мен оқигаларды түсіндіру және қорыту;
- біртекtes тарихи фактілерді салыстырып және салыстырып, олардың әр түрлі кезеңдері дамуынан өзгерістер табу;
- дәлелдеулерді, қорытындыларды қалыптастыру мен негіздеу, логикалық жағынан дұрыс құру;
- тарихи және археологиялық мәліметтерді талдау;
- фактілерді салыстыру процесінде кестелер жасау;
- иллюстрацияларды талдау;
- құжаттар іріктеу және олардан тұжырымдар жасай білу.

Тапсырмаларды жүйелі, жоспарлы түрде қолдану оқушыларды дамытудың аса маңызды құралы ғана емес, сондай-ақ білімді қалыптастырудың тиімді тәсілі де болып табылады.

Тапсырмаларды құрастырған кезде біз дербес жұмыс-қа арналған тапсырмаларға қойылатын педагогикалық талаптарға сүйенуіміз қажет /29, 30/. Материал мен тапсырмаларды тақырыпқа және сабакқа іріктеу проблемасын әрқашан мұғалім шешеді. Мысалы, ғұндардың Орталық Азияда пайда болуы және олардың Қазақ-

станға қоныс аударуы туралы мәселені оқыған кезде (§25) мұғалім қүрделілігі үдемелі деңгейдегі мынадай тапсырмалар бере алады:

– ғұн мемлекеті пайда болған кезеңдегі оқиғалардың хроникасын құрастырындар;

– оқулық мәтінінің негізінде Мөденің билікке келуіне қандай факторлардың себеп болғанын ойланындар (ауызша);

– ғұндардың Қазақстан далаларына қоныс аударуының себептері неде? (ауызша немесе жазбаша);

– «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» дегенді қалай түсінесіндер? (ауызша).

Тапсырмалардың қындығы оқушылардың жаңғырту, түрлендіру немесе шығармашылық, сандық және қүрделілік сияқты іс-әрекетінің сипатымен байланысты. Білім көздерінің қолемі, қындығы, мөлшері мен сипаты тапсырманың қүрделілігін анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалім жоспарлау кезеңінде тапсырмалар үшін оның мәніне сәйкес орындалу нысанын анықтап алуы керек. Мысалы, тапсырмалар үшін салыстыруға берінен де жазбаша дерек жақсы, ейткені алтыншы сынып оқушыларына тапсырманың барлық шарттарын «тыңдау арқылы» есте сақтау және қүрделі құбылыстар мен оқиғалардың бірнеше белгілері бойынша салыстыру киынға соғады.

Бақылаудың көрсетуінше, топтық және ұжымдық жұмыс кезінде мұғалім оқушылармен бірге материалды кезең бойынша талдағанда алтыншы сыныптарда ауызша салыстыру онтайлы. «Көзбен көру» қажет деп саналатын хроникаларды жасауға, кезеңге бөлуге арналған тапсырмалар тек қана «жазбаша» болып саналады.

Оқушылардың жұмысын бақылау мен түзету арқылы мұғалім оларды өзін-өзі бақылау дағдыларына бағдарлайды, тиісті жаднамалар мен қабылданған іс-әрекет жоспарын салыстыруға үйретеді. Алтыншы сыныпта балаларға дербес оқу-танымдық қызметтің іргетасын қалауды үйрету аса маңызды. Оқулықтағы мәтінді жақсы игеру мақсатында мынадай тапсырмалар түрін енгізуге болады: «Сендер оқулықтағы мынадай пікірді қалай түсінесіндер?», «Оқулықтан... оқындар», «Оқулықтағы... иллюстрацияларды пайдаланындар», «Оқулықтағы... картаны пайдаланындар».

4.3. Дербес жұмысты ұйымдастыру мен бақылау

Зерттеулердің дәлелдеуінше, оқушылардың дербес жұмысына педагогикалық басшылық жасаудың негізгі элементтері тапсырмаларды тұжырымдау мен түсіндіру, нұсқау беру, жұмысты қадағалау, оқушылардың сұрағына мұғалімнің жауап беруі, жұмысты түзету, нәтижелерді тексеру мен талдау болып табылады. Аталаған элементтердің әрқайсысын оқушыларға қажеттілігін есептеп қолданудың маңызы зор. Тапсырманы тұжырымдау мен түсіндіру барысында мазмұндылығы мен өдістемелігін мұқият ойластырған жөн. Мұғалім қызметінің маңызды бөлігі нұсқау беру болып табылады. Бақылау қадағалауды және қажетті ретте түзетуді талап етеді. Мұғалім тапсырманың мәнін нақтылауы, күрделі кезеңді ескертуі, аралық нәтижелер дұрыстырын тексеруі, өзін-өзі бақылаудың қажеттігін ескеруі қажет. Мұндай машиқтандыру кезеңі мұғалімге оқушылардан игерілген білімдерді және жаңа жағдайтарда іс-әрекет жасау тәсілдерін қолдануды, шығармашылық тапсырмаларын шешуді талап етуге мүмкіндік береді.

Мұғалім жұмысты жоспарлау мен ұйымдастыруда картотекалар жасауға және біртіндеп толықтыруға көмектеседі. Әрбір сыныпты оқытуудың педагогикалық шарттарына неғұрлым сәйкес келетін тапсырмаларды таңдау мұғалімнің педагогтық міндеттері мен өлшемдері болып табылады.

Салыстыратын нысандардан жалпы мен әртүрлілікті табуға және олардың тарихи байланысындағы оқигалардың, құбылыстардың ерекшелігін табуға, берілген белгілер бойынша құбылыстарды салыстыру мен қарама-қарсы қоюға арналған сұраудың және тапсырмалардың үлгілері білім беру мен тәрбие беру маңызын арттырады. Диалектикалық ойлау стилін дамытады, белгілі бір біліктілік пен білімді игеруге мүмкіндік беріп, олардың логикалық, дербес, сынни ойлауына жол ашады.

Жұмысты оқушылардың дербес және міндетті түрде орындағанын тексеру мен талдаудың нәтижелері көрсетеді. Не дұрыс, не бұрыс жасалғанды талдамастан, кемшіліктерді жоймастан, алға жылжу мүмкін емес.

Қорытындыны сыйнпта талқылаған жөн. Кей жағдайларда өзін-өзі тексеру оңтайлы, мысалы, ауқымды жұмысты орындағаннан кейін, мұғалім сыйнypен бірге ақтық шешім қабылдап, оны дайын күйінде тақтаға жазып қояды, ал оқушылар өз нәтижелерін онымен салыстыруы тиіс. Егер қателер табылса, оларды жөндеу қажет. Сондай-ақ оқушылар бір-бірінің жұмыстарын өзара тексерулеріне де болады.

Тапсырмаларды мұғалімнің талдауы мен түсіндіруі арқылы жүргізген дұрыс. Оқушылар жұмыстың тексерілуіне ерекше қызығушылық танытады, мұғалім не жақсы орындалды, не кемшілік кетті деп, ескертү арқылы бағалайды. Оқушылар мұндай ескертпелерді мүқият зерттеп, кейбір оқушылардың жазғанымен салыстырады.

Оқушыларға мәтінді жаңғыртуға, оның негізгілерін көрсетуге, нысан белгілерін тану мен танбалауға, үғымды анықтауға, қорытынды жасауға, құбылыстардың байланысын таба білуге мүмкіндік беретін тапсырмаларды өзірлеу қажет. Дербес жұмысқа оқушылардың бәрі – күштілері де, әлсіздері де қатыса алуы үшін күрделілігі өр түрлі тапсырмалардың бірнеше нұсқалары ұсынылады. Мұндай көзқарас тапсырманы үш түрге бөлуді көздейді.

1. Дайын күйінде берілетін ақпаратты игерудің тексерілуін үйімдастыруға мүмкіндік беретін көшірме сипатындағы тапсырмалар;

2. Шығармашылықпен ойлауды дамытуға есептеген аналитикалық қызметіне бағдарланған тапсырмалар;

3. Білімдерді неғұрлым өзгертілген жағдайларда қолдануды, соның ішінде пән ішіндегі және пәнаралық байланыстарды пайдалануды, сондай-ақ сабактан тыс ақпарат құралдары арқылы алынатын білімдерді талап ететін тапсырмалар.

Тапсырмалардың ұсынылған түрлері оқушылардың дербес танымдық іс-әрекетін дамытудың үш деңгейіне сәйкес келеді. Олар: дайын күйінде мұғалім ұсынатын ақпаратты игеру; білімдер мен дағдыларды үлгі бойынша қолдану; білімдер мен дағдыларды жаңа оқу жағдайында шығармашылықпен қолдану.

Оқушылардың даму және өзірлік деңгейіне байла-

нысты тапсырмаларды жіктеу мынадай жолмен жүзеге асырылуы мүмкін:

- оңтайлы нұсқалары ұсынылған тапсырмалар;
- оқу бағдарламасының белгілі бір мәселесіне қатысты тапсырмалар;
- «Дербес жұмысқа арналған тапсырмалар» деген жинақтағы сұрақтарға сәйкес келетіндерін таңдап алу.

Тапсырмаларды тұжырымдау оқушылардың дайындық деңгейіне, оқыту жағдайына байланысты түрлендірілуі мүмкін. Алайда жана тақырыпты оқуға кірісерде оларды кез келген жағдайда белгілеп, тек осы негізде оқушылардың жүйелі, дербес жұмысын ұйымдастырады да, басты білім беру мақсаттарына жетуге бағыттады.

Дербес жұмыстардың тиімділігі мұғалім тарапынан басқарудың мақсаттылығына, дәйектілігіне байланысты болады. Ол іс-әрекеттер кешенін – тапсырмалардың орнын анықтаудан бастап бақылау мен түзету шараларына дейін енгізілуі тиіс.

Мұғалімге көмек ретінде

Танымдық тапсырмаларды орындайтын оқушыларға арналған жаднама.

1. Тапсырманың шартын мүқият оқындар және оның сұрақтарын естерінде сақтаңдар.
2. Мәтінде берілген шарттарды ойластырындар және олардың сұраққа жауап берудегі көмегін анықтаңдар.
3. Егер шарттарда белгілі бір мәліметтер жетіспесе, ойланындар, тапсырманың тақырыбы бойынша не білесіндер, бұл білімдердің ішінен шешімін табуға не көмектесуі мүмкін.
4. Өз шешімдерінді міндетті турде дәлелдендер. Егер тапсырманың шартынан бірнеше қорытынды шығарылса, онда олардың әрқайсысын дәлелдеу керек. Тексеріндер, сендер дәлелдерінді нақты әрі дәл баяндауға даярсындар ма?
5. Тексеріндер, сендердің шешімдерін тапсырманың сұрағына түпкілікті жауап бола ала ма? Жауаптарың толық па? Тапсырманың сұрағына қатыссыз артық нәрсе жоқ па?

6. Тағы да тексеріңдер, осы тапсырманың шарттарында сендердің шешімдерің қайшы келетін мәліметтер жоқ па? Сендер барлық мәліметті ескердіңдер ме?

7. Ойланыңдар, тапсырманың барлық сұрағына қатысты мүмкін қорытындылардың бәрін орындаپ, дәлелдедіңдер ме?

8. Ойланыңдар, тапсырманың шартында берілген мәліметтер бір-біріне қайшы келмей ме, кейбір мәліметтер осы шарттағы басқа да мәліметтердің мөнін түсінуге жәрдемдеспей ме?

4.4. Оқулық материалымен байланысты жалпы ойлауды дамыту

Оқулық бойынша жаңа білімдерді дербес игеру тәсілдерінен басқа (бастыларын айқындау, жоспар жасау, конспектілеу т.б.) себеп-салдарлық байланыстарды салыстырып, дәлелдеуге, қорытынды жасай білуге үйретудің маңызы зор.

Иллюстрациялармен – схемалармен, суреттермен, контурлы карталармен және карта-схемалармен жұмыс істеу маңызды орын алады. Иллюстрациялармен жұмыс істеуге арналған тапсырмаларды ұсынамыз: оқулықпен жұмыс істеген кезде оқушыларға оқулықта көрсетілген белгілі бір еңбек құралдары туралы әңгімелуеу, карта бойынша жұмыс істеуге тапсырма беру керек.

Сабакта оқулықпен дербес жұмыс істеудің мынадай нұсқалары болуы мүмкін:

а) оқытушы оқушыларға материалды бағдарламаға сәйкес түсіндіреді, оқушылар қайталап, оқулықты пайдалану арқылы оны бекітеді. Қайталау барысы жоспар жасаумен немесе тірек конспектімен үйлестіргенде маңызды;

ә) мұғалім негізгі материалды ғана түсіндіреді, ал күрделі емес мәселелерді оқушылар оқулық бойынша дербес түрде менгереді;


б) мұғалім тест тапсырмаларын қысқаша түсіндіреді де, дербес жұмыс істеу жөнінде оқушыларға нұсқау береді;

в) оқушылар мұғалімнің басшылығы бойынша жұмысты дербес орындаиды.

Сабакта тәсілдерді оқулық бойынша қолданудың мына төмендегі үлгісін береміз.

Үлестіру материалы

Диаграмма. Қазақстан аумағындағы көшү кеңістігі мен маргиналдық зонаның арақатынасы.




Сабакта (§§ 12, 13) маргиналдық зоналар дегеніміз – егіншілікпен шұғылдануға мүмкін болған аймақтар деп түсіндіру қажет. Қазақстан аумағында көшпелі мал шаруашылығына байланысты проблемалар қарастырылады. Оқулықпен дербес жұмыс істеуге қанша уақыт жұмсалатынын анықтау үшін оқушылардың көшпелілер туралы бұрыннан білетінін ескеру керек. Алғашқы білімді олар 5-сыныпта алған, сондықтан мұғалім көшпелі мал шаруашылығына көшудің себептерін түсіндірумен ғана шектелгені дұрыс. Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы қалай дамығаны туралы, ертедегі тұрғындар малдың қандай түрін ұстағанын оқушылар оқулықтағы материалды өз бетінше оқып, бұрыннан біліп алған. Бұдан кейін мұғалім параграфтың соңындағы сұрақтар бойынша әңгіме еткізеді.

«Көшпелі бақташылық – шаруашылықтың негізгі түрі» тақырыбында (§13) көшпелілердің тіршілігінен хабар береді. Оқушылар Қазақстан аумағында ертедегі тұрғындардың қалай қоныстанғаны, олардың тіршілігі мен тұрмысы туралы ақпарат алады. Оқулық мәтінінің құрылымы мен әдістемелік тәсілдері барлық жағдайға сәйкес келеді, олар оқулықта ойдағыдай баяндалған. Сондықтан мұғалім игеру деңгейін жеткілікті турде көрсеткен сұрақтарды тұжырымдал, оқулықпен жұмыс істеу үшін оқушыларға тапсырмалар ұсынумен шектеледі. Көшпелі қоғам дегеніміз не? Мал шаруашылығының тұрлерін атандар. Олардың айырмашылығы қандай? Көшпелілердің маусымдық көшіп-қонын схема түрінде бейнелеген дұрыс. Тапсырманы орын-

дағаннан кейін, оқушылар тиісті материалды сабакта оқулық бойынша өз бетінше оқып алады.

Көшпелілердің аумақты пайдалануы



Мұғалім схеманы түсіндіріп, малдың құрылымы аймақтар бойынша ерекшеленетінін қоса айтуды тиіс: Оңтүстік Қазақстанда қой, Батыста түйе мен жылқы басым болды, Қазақстанның Солтүстік-шығыс бөлігі мұйізді ірі қараның молдығымен ерекшеленді, бұл мал шаруашылығында жартылай көшпелі кезеңдердің болғанын дәлелдейді. Көшіп-кону радиусы 20-дан 500 шақырымға дейін, Қазақстанның батысында кейде ол 750–1000 шақырымға дейін жеткен.

Қазіргі кезде мектеп оқушыларын тұлға ретінде жанжақты толыққанды дамытудың басымдылығы көпке белгілі. Бұл жерде оқулық материалы ойлау өрекетінің сипатты өлшемі бола алады. Ирітеп алынған оқулық материалы оқушыларды шығармашылық, өнімді ақыл-ой қызметін қалыптастыруға жетелейді.

Кейде тақырыпты оқуды дербес тапсырмадан бастауға болады. Мысалы, «Сақтардың тәуелсіздік үшін куресі» (§16), парсы және грек-македон басқыншыларына қарсы соғыс туралы тақырыпты өткен кезде мұғалім материалды баяндағаннан кейін, оқушыларға параграфты оқып алуды ұсынып, мынадай сұрақтарға жауап беруді тапсыруы мүмкін: парсылар қандай аймақта тұрды? Картадан олардың қоныстанған мекенін көрсетіндер. Оқулықта бұған берілген тікелей жауап жок, бірақ жауап берудің барлық қажет мәліметтері келтірілген, оның үстіне сұрақты осылай қою бұдан сәл бұрынырақ өткен, ертедегі дүние тарихының материалын еске түсіреді. Мұғалім оқу мәтініндегі оқығалардың барысы – Кирдің жорығы, Спаргапистің тұтқынға түсүі және сақтардың женісі туралы, парсы патшасы Дарийдің және Ескендір Зұлқарнайының сақтардың жеріне жасаған жорықтары туралы айтып беруді ұсынады.

5-тaraу. ТЕСТИЛЕУ – БІЛІМДІ ТЕКСЕРУ ТҮРІ

Тестілеу – қазіргі кезде білімді тексерудің кең таралған тиімді түрі /35; 36/. Тест тапсырмалары оқытудың мақсатына сәйкес келетін нәтижені дәл анықтауы тиіс. Тест тапсырмаларын құрастырган кезде оқушылардың тақырып бойынша алған білімін нақты бейнелейтін сұрақтарды іріктең алу керек (37).

Икемділік пен дағдылар тесті – білім деңгейін анықтауға арналған нақты тапсырмаларды орындаудың кілті. Тестілеу тиімді болу үшін, мұқият құрастырылған тапсырмалардың неғұрлым қажеттерін іріктең алу қажет.

Тапсырмалар оқушылардан сұрақтарға нақты, қысқа жауап беруді талап етеді. Мысалы, «Александр Македонскийдің Орта Азияға жорығы қашан басталды?» «Сақтардың Кирмен соғысын кім сипаттап жазды?»

«*Тапсырма-жауап*» тест нұсқасының үш түрі ұсынылады:

- мектеп шығармасы – толық жауап;
- мектеп шығармасы – шағын тақырыпқа жауап;
- қысқа жауап (сөз немесе сөйлем).

«*Тапсырма-таңдау*» тест нұсқасы оқушыға ұсынылған бірнеше жауаптан дұрыс жауапты таңдаң алушы ұсынады.

«*Тапсырма-жауап*» тест нұсқасы «*тапсырма - таңдау*» нұсқасына қарағанда құрылымы онша нақтыланбаған, демек, оқушының жауап беру барысын бақылау қынырақ. Тапсырманың мұндай түрі ақпаратты іріктеуде, жауапты ұйымдастыру мен идеяны бағалауда шексіз еркіндік береді. Оқушының жауабы «керекті материалды іріктеу қабілеті», «идеяны ұйымдастыру мен бағалау қабілеті» сияқты жалпы білімдерді анықтауда пайдалы болуы мүмкін, бірақ дәл жауаптарды бағалау үшін пайдасы онша емес. Оның білім деңгейін нақты анықтауға жарамайтын себебі – жауап беруді таңдаудың еркіндігіне байланысты.

Шағын тақырыпқа шығарма жазу – неғұрлым нақты тапсырма. Мұндай бақылау ерекше фактілерді түсінү үшін пайдалы, өйткені оқушыға шығарманы жазып шығуға аз уақыт қалдырып, идеяны ұйымдастыру қабілетін бақылауға болады.

Тапсырма-жауап оқушының жауабын шектейді, себебі қысқа жауапта және қалып қойған сөздерді то-лықтыруда бір сөз немесе бір сөйлем беріледі.

Тапсырма-таңдау күрделі әрі қарапайым әр түрлі білімді бағалау мүмкіндігін:

– болжамның дұрыстығын немесе дұрыс емесін анықтауда;

– тиісті ережеге, қағидаға мысал таңдауда;

– ықтималдың көптігінен дұрыс жауапты тандауда қамтамасыз етеді.

Тест сұрақтары оқыту басталғанда (бекіту тесті), оқыту барысында (оқу тесті), оқытудың соңында (қорытынды тест) білім деңгейін бағалау үшін пайдаланылады.

Тестілеудің нәтижелерін бағалау қорытынды ретінде қарастырылмауы тиіс. Біздің пікірімізше, тестілеу оқушылар жыл бойы, не жарты жылда немесе оку тоқсанында орындаитын қалған барлық жұмыс турлерінің кемінде 20–25%-ын құрауы тиіс. Тесттер білімді бақылаудың дәстүрлі әдістер кешенінде пайдаланылады.

Үlestіру материалы

Озін-өзі тексеруге арналған сұрақтар (дұрыс нұсқасын таңдау)

1. Тарих – өткенді және қазіргіні зерттейтін ғылым.

Иә Жоқ

2. Қазақстан Азия мен Еуропада орналасқан.

Иә Жоқ

3. Қазақстан – көп ұлтты ел.

Иә Жоқ

4. Уақыт – үрпактар арасындағы кеңістік.

Иә Жоқ

5. Отан – адамның туған жері.

Иә Жоқ

6. Карта – өнгімелері көп, қызық кітап.

Иә Жоқ

7. Қазақстан – өлемдегі ең үлкен мемлекет.

Иә Жоқ

8. Қазақстан Турікменстанмен шектеседі.

Иә Жоқ

9. Жазу бұдан 5 мың жыл бұрын пайда болды.

Иә Жоқ

10. Этнография – табиғат құбылысын зерттейтін ғылым.

Иә Жоқ

11. Сақтар – Қазақстан мен Орта Азияның ежелгі тұрғындары.

Иә Жоқ

12. Ғұндар алғашқыда Монголияда тұрган.

Иә Жоқ

13. Сақтардың мұрагерлері үйсіндер.

Иә Жоқ

14. Сарматтар Қазақстанның батысында өмір сүрген.

Иә Жоқ

15. Аттила (Еділ) ғұндардың басшысы болды.

Иә Жоқ

16. «Алтын киімді адам» Алматы облысынан та-былды.

Иә Жоқ

Біздің пікірімізше, тапсырмаларды тест түрінде мынадай сипатта ұсынуға болады:

а) құрылымдық-логикалық схеманы аяқтау;

ә) берілген схемага жетіспейтін буынды толтыру және жазу;

б) берілген сөздер қатарынан схемага тиісті сөздерді таңдау;

в) схемалар қатарынан берілген тақырыпқа сәйкес келетін схеманы таңдау.

6-тарау. ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

6.1. Жұмыс дәптері – оқулық әдебиетінің жаңа жанры

Оқытуудың жаңа нысандары мен өдістемелерін іздестіру, тарихи білім беру құралдары мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бүгінде педагогикағының алдында тұрған аса маңызды проблема. XX ғасырдың 90-жылдарында жұмыс дәптері қалыптаса бастады /38/. Жұмыс дәптерлері тарихтың нақты оқулығына қосымша (толықтыру) ретінде, сондай-ақ курс бойынша құрал ретінде де пайдаланылады /39/. Дәптердің құрылымы оқулыққа үқсас, параграфтарға белінген, бақылау тапсырмалары реттілікпен өзірленген.

Жұмыс дәптері – өр түрлі тапсырмалар, жаттыгулар, сұрақтар, есептер, контурлы карталар, кестелер т.б., сондай-ақ оларды орындау жөніндегі нұсқаулар мен теорияға арналған сілтемелер баяндалған кітапша. Жұмыс дәптері өзінің маңыздылығына қарай оқулық пен есептер жинағының ортасындағы оқу құралы десек те болады. Ол дайын ақпаратты беруге және оқи білуді қалыптастыруға арналған. Тапсырманы жазбаша орындау үшін арнайы орын қалдырылған.

Жұмыс дәптерінің үш түрін айтуға болады:

1. Жаттығуга арналған дәптер немесе оны дербес жұмысқа арналған дәптер деп те атайды.

Тарихты оқыту өдістемесінде жұмыс дәптерін жылдарды есептеуге, атауларды, терминдер мен ұғымдарды, даталарды пайдалануға, картографиялық материалдарға, сондай-ақ мәтіндерге арналған тапсырмалар деп те атайды. Бірінші түрдегі жұмыс дәптерлері осы талаптарға сәйкес тапсырмаларды қамтиды. Тапсырмаларды орындау үшін оқушылар материалды менгеруі, оны жаңғырта білуі тиіс.

2. Жұмыс дәптерлерінің екінші түрі графикалық модельдеу принциптеріне негізделген. Олардың негізін сурет-таңбалар бар танымдық тапсырмалар құрайды. Танымдық тапсырмалар деп танымдық процестерді – ойлауды, қиялдауды, сөзді, жадты, зейінді т.б. жандандыруды талап ететін нақты оқу шарттарын айтады.

Фалымдар мен өдіскерлер бейнелі /30/, логикалық немесе мағыналы /29, 34/, бағалау /31/, танымдық тапсырмалар деп бөледі. Кейде танымдық тапсырмалар шығармашылық тапсырмалармен теңестіріледі /40, 41, 42/.

Екінші түрдегі жұмыс дәптерлерінде танымдық тапсырмалар графикалық модельдеу процесіндегі сурет, макет, заттар негізінде құрылады.

3. Ушінші түрдегі жұмыс дәптерлері дегеніміз – *дәптер-хрестоматиялар*. Оларда деректердің мәтіндерінен, ғылыми-көпшілік және көркем өдебиеттен үзінділер келтірілген. Бұл түрдегі дәптерлермен жұмыс істеу үшін біршама оқыту уақыты кетеді. Оларды үй тапсырмаларын орындау кезінде пайдаланған жөн.

Пәннің мазмұнын терең ашуды көздей отырып, біз жұмыс дәптері арқылы «Ежелгі Қазақстан тарихы» пәнін жана ғылыми мәліметтермен толықтыруды ойладық. Оку қуралдарында дидактикалық материалдар – тарихи құжаттар, археологиялық ескерткіштердің иллюстрациялары, картографиялық материалдар кеңінен берілген. Оқушыларға тарихшы-фалымдардың балама пікірлері, қазіргі реконструкциялар, ғылыми енбектерден үзінділер, схемалар мен кестелер ұсынылады. Бұл – мұғалімге тапсырмалармен жұмыс істеуді, оқушылардың білімдерін бағалауды үйимдастыруға мүмкіндік береді. Оқушыларға тапсырмаларды орындау, өзін-өзі тексеру және білім мазмұнын терең менгеруі үшін дербес өзіндік жұмыстар ұсынылуы керек.

Тапсырмаларды орындау оқушыларға тиянакты білім алуға көмектеседі, әр түрлі көзқарастарды қабылдауға, оларды құрметтеуге, басқаша ойлауға, пікірлердің әртүрлілігіне төзімділік танытуға, бағалау мен қорытынды жасауға үйретеді.

Дәптерде білімдерді ұлгі бойынша, сондай-ақ шығармашылық сипатта да қайта жаңғыртуға арналған тапсырмалар мен жаттыгулар жеткілікті, ал бұлар күрделі ойлау операцияларын – талдауды, дәлелдеуді, өздігінен ой қорытуды талап етеді. Мұғалім ұғымдар мен тарихи терминдер жазылған бірнеше жұмыс нұскаларын ұсынуы мүмкін:

– терминдерді (оның мазмұнын) түсіндірумен сәйкестендіру;

– сөйлемдегі бос орындарды толтыру;

- кестені толтыру;
- контурлы картамен жұмыс істеу;
- әңгіме немесе шығарма жазу;
- карта-схемалармен және иллюстрациялармен жұмыс істеу;
- хронологиялық есептерді шығару;
- сөйлеуді және бейнелі ойлауды жетілдіруге арналған тапсырмалар;
- пікірсайыс проблемаларымен, даулы мәселелермен, өз жорамалдарымен, ұстанымдарын табумен және негіздеумен, оқиғаларды бағалаумен, тарихи түлғаның рөлімен, қоғамда болған процестермен байланысты тапсырмалар;
- тест тапсырмалары;
- өлемдік мәдениет барлық халықтардың күшжігерімен жасалды деген қорытындыны игеруге бағдарланған тапсырмалар.

Жұмыс дәптері кеңістікті дербес зерттеуге жол ашық деп таниды. Егер мұғалім нақты мақсат қойса, мысалы, «Ауызша және жазбаша сөзді дамыту» десе, онда ол таңдаған жаттығулар интеграциялық сипатта болуы тиіс (әңгіме құрастыру, шығарма жазу). Оқылатын кезеңнің күәгері, зерттеушісі, кейіпкері ретінде оқушыны қойып, тапсырма беру қажет. Мұғалім оқушының тапсырмаларды орындаудың қадағалауы және онша «күрделі» емес тапсырманы ұсынуға тиіс. Қыындық деңгейі оқушының білім деңгейіне сәйкес келуі және сонымен бірге оның біліктілігін дамытуға жәрдемдесуі тиіс.

Тарихты құжаттар, археологиялық олжалар, антрополог-ғалымдардың қайта қалпына келтірulerі арқылы зерттеуге баса назар аударудың артықшылығы басым. Мұндай көзқарас оқушыға зерттеушінің жолынан өтуге, тарихи оқиғалардың себептеріне ойдана қарауға, ертедегі тарихи дәүірге көз жүгіртуге, тарихты өз бетінше тануға, сейтіп оқуды қызығылдықты өрі көрнекті етуге мүмкіндік береді.

6.2. Оқыту әдістемесі

Жұмыс дәптері оқулыққа сәйкес жасалып, тарихтың мазмұнын толықтырып, ұлғайтады. Әдістемелік дәптер оқушылардың белгілі бір құбылысқа, оқиғаларға,

фактілерге өздерінің қатынасын білдіруге болатындағы етіп құрастырылған. Сөйтіп оқушылар жұмыс дәптерлерінің көмегімен оқулық материалымен әр түрлі жұмыс нысандарын жүргізуге мүмкіндік алады.

Оқулық материалын іріктеу мен ұсыну негізінде ғылыми, ұғымдылық, күнделікті өмірмен теориялық байланыс принциптері жатыр. Құралда мектеп бағдарламасының әр тақырыбы бойынша материалдар мен құжаттар жүйелі тандаудан өткізіліп берілген. Деректерден үзінділер келтіріп, тақырыптық принцип бойынша жүйеге тусірілген және олар Ежелгі Қазақстандағы адам мен қоғамның өмірі туралы толық мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Сөйтіп оқушылар тарихи құжаттарды өз бетінше талдауды, солар бойынша қорытындылар жасауды, өз көзқарасын білдіруді үйренеді.

Құралда ұсынылған құжаттармен жұмыс істеудің нұсқалары әр түрлі:

- тарихи мәтіннен үзінді оқып, мәтінге қалдырылған сөздерді жазу;
- мәтіндегі қателерді табу;
- тарихи құжаттардағы мәліметтерді оқулық мәтінімен салыстыру;
- құжатқа сұрақтар құрастыру;
- мәтінді оқып, оқулық материалымен салыстыру;
- мәтін авторына өз көзқарасын білдіру;
- тарихшының шығармаларының біріндегі жағдайды және жұмыс процесін жаңғыртатын әңгіме жазу;
- әр түрлі тарихшылардың бір проблема жөніндегі пікірлерін салыстыру.

Ұсынылған құралдағы тарихтың мазмұнын баяндау нысандарын көрсетейік:

1. Тарихи құжаттар. Ертедегі грек және Византия авторлары Геродот, Страбон, Аммиан Марцеллин, Иордан, Приисктердің сирек кездесетін құжаттары, Сыма Цянънің қытай тіліндегі шығармаларынан (Н.Я. Бичурин аударған), парсы деректерінен үзінділер ұсынылады.

2. Заттық ескерткіштер. Зерттелген кезеңге қатысты археологиялық экспедициялардың материалдары.

3. Қазіргі тарихшы-ғалымдардың ғылыми еңбектерінен үзінділер.

4. Тарихи процесс Орталық Азия мен Еуропадағы оқиғалармен тығыз бірлікті қаастырылған.

5. Оқушыларға материалдарды, ғалымдардың белгілі бір фактілер, құбылыстар мен оқиғалар жөніндегі пікірлерін талқылау үсынылады.

6. Картографиялық материалдар – карталар, схемалар, контурлы карталар дербес жұмыстар үшін; қазіргі Қазақстанның әкімшілік-аумақтық карталары – оқушылардың кеңістік туралы түсініктерін қалыптастыратын сұрақтармен және тапсырмалармен қоса үсынылады.

7. Жаңа мазмұндағы деректер, ерте кездегі археологиялық олжалардың фотосуреттері, қазіргі заманғы суретшілердің Қазақстанның ертедегі тұрғындарының тіршілігін бейнелейтін суреттері үсынылады.

Жұмыс дәптерінде оқушылардың кеңістік туралы түсініктерін дамыту, картографиялық икемділігін қалыптастыру үшін (аңыз карталарын жасау, шартты белгілерді пайдалану) *карта-схемалар* мен контурлы карталар енгізілуі тиіс. Оқушыларға картамен жұмыс істейтін шығармашылық тапсырмалар үсынылады:

– географиялық нысандар көрсетілген Қазақстан картасы;

– ертедегі тайпалар мен тайпалар одактарының орналасуы көрсетілген Қазақстанның картасы;

– еліміздің зерттелетін аумағы мен аймақтары көрсетілген Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық картасы;

– Халықтардың ұлы қоныс аудару бағыттары, Ұлы Жібек жолы көрсетілген карта-схемалар;

– ертедегі мемлекеттер орналасқан жерлер көрсетілген карталар.

Карталарда сұрақтар мен тапсырмалар қоса берілген. Картографиялық материалдар үнемі тарихи құжаттармен бірге жүреді.

Тарихи есептер. Оқушыларға тарихтағы жыл санауды білу үшін не істеу керек деген қағидаларды тұжырымдауға арналған есептер үсынылады. Барлық тапсырмалар нақты зерттелетін материалмен байланысты. Үақыт түсініктерін қалыптастыру үшін графикалық үлгілерді, дәуірлерді, маңызды оқиғалар мен даталарды бейнелейтін суреттерді, хронологиялық реттерді, кешендерді құрауға арналған тапсырмаларды (дата-оқиға, дата-ескерткіш, дата-тұлға) пайдалануға болады. Оқушыларды ынталандыратын, қызықтыратын

кестелерді, схемаларды, иерархиялық қатарларды пайдалану керек.

Тарихты оқыған кезде 6-сыныпта ең басты дағдылар фактілер мен процесстерді түсіндіру, салыстыру және сипаттау, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды орнату шеберлігі болып табылады. Бұл икемділіктің негізінде оқулық мәтінінде басты нәрселерді нақты көрсете білу қажет. Осылдан келіп әзірлеген құралдардан логикалық және мағыналы тапсырмаларды игерген дұрыс.

Оларда сұрақтар мен тапсырмалардан басқа кейде оқулықты толықтыратын әрі оқушыларға пәнді түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми ақпарат кездеседі. Белгілі бір логикалық және мазмұндық бағыты бар дидактикалық материалдар да енгізілген. Сонымен бірге тарихи процесті қарастырып, Орталық Азия мен Еуропадағы оқығаларды байланыстырамыз.

Үлестіру материалы

Б.з.б. 519 жылы Кир қайтыс болғаннан он бір жыл өткен соң, мұндай оқиға Шығыста тағы қайталанды – бұл жолы сақ-тиграхаудаларға қарсы жорықты Дарий бастады.

Дарий патша айтты: «Мен әскеріммен бірге теңіздің ар жағындағы, шошқақ қалпақ қиетін сақтар еліне бардым. Сақтарды қатты талқандадым, бір бөлігін тұтқыннадым, басқа бөлігін қол-аяғын байлаң, менің алдыма өкелді, олардың Скунха дегенін де ұстап, маған алып келді. Онда мен көп нәрсе тындырдым, өз әмірімді жүргіздім. Сойтіл елді өзіме қараттым».

Жұмыс дәптері оқушылардың сөздік қорын дамытуы тиіс. Сондықтан «Жаңа сөздерді жазындар», «Анықтама беріндер» деген рубрикамен арнаулы тапсырмалар беріледі де, оқулықпен және сөздікпен жаңа терминдер мен үғымдар бойынша дербес жұмыс жүргізіледі.

Вербалды емес (ауызша емес) салаларды дамыту, иллюстрациялық материалды (сипаттау, құрастыру) неғұрлым мұқият ұсыну және бейімдеу, тапсырмалар ауқымын көркемдік сипаттағы шығармашылық жұмыс деңгейіне дейін ұлғайту («... суретін салындар» рубрикасы) мүмкіндігін жасау қажет.

Біз параграфтың бірлік құрылымын негізге ала отырып, оқулықты қүштейтіп, оны «көрініс таппаған» материалдармен толықтырамыз.

Мұғалімге арналған материал

«Грек-македон басқыншыларына қарсы құресті Согдыдан шыққан сақ Спитамен басқарды. Ол үш жылға жуық Македония әскерімен партизандық соғыс жүргізді. Александр Македонский Сырдариядан сал арқылы өтіп, сақтарға шабуыл жасады. Алайда бұл шабуыл өз әскерінің көзін құрта жаздады. Ми қайнатқан ыстық, жолсыздық, сақтардың үздіксіз шапқыны және «қолайсыз» тактикасы ізге түсуден бас тартуға мәжбүр етті. Далалықтар грек гарнizonы орналасқан Мараканды (Самарқан) қоршауға алды. Македонский қемекке әскер жіберді. Сол кезде Спитамен өтірік кейін шегінген болды. Сонда гректер «қорыққан» көшпелілердің ізіне түсіп, куа бастады, Спитамен әскерін кері бұрып, шабуылға қошті. Александрдың қасына ерген тарихшы Арианның хабарлауынша, гректер «өзендері (бәлкім Заравшан) шағын аралға қарай қашты. Мұнда скифтер мен Спитаменнің салт аттылары оларды қоршап алып, қырып салды». Сырдарияның аргы бетінде тұрған көшпелі тайпаларды басқыншылар бағындыра алмады, сөйтіп олар өз төуелсіздігін сақтап қалды».

Жұмыс дәптерінде біз көрнекіліктің екі түрін – заттық көрнекілікті – картиналар мен суреттерді және схемалық көрнекілікті пайдаланамыз. Көрнекіліктің әрбір түрі өзінің психологиялық-дидактикалық міндеттерін орындашығады. Тарихи сөздік қорды байыту, оқушылардың тарихи процесс туралы түсініктерін кеңейту үшін бай иллюстрациялы материалды пайдалану қажет. Жалпы сөйлеу дағдыларын дамыту және зерттеудің мәнін талдау үшін тірек, таңбалық-рөміздік және құрылымдық-логикалық схемалар қажет.

Құралда оқулық материалын бекітуге, оны түсінуге, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға арналған коптеген тапсырмалар бар. Олар өр түрлі және құрделілік деңгейі бойынша – білімдерді үлгі бойынша, шыгарма-шылдықпен пайдалануға арналған тапсырмалар, анализ, синтез, өзіндік қорытындылар мен ұсыныстарды талап ететін құрделі ойлау дағдылары болып бөлінеді.

Тек білімді ғана емес, икемділікті де талап ететін тапсырмалар бар, мысалы, тұрмыстық заттардың, қаружарактың т.б. суретін салу. Мұндай тапсырмалар қиялдауды дамытады. Оқушылар күөгердің рөліне еніп, қоныс-

тану жоспарын, тұрмыстық заттарды, баспана салу, қазбалардың материалдары бойынша жауынгердің қару-жарағын сипаттау, сақтардың ауылында қонақта болған баланың немесе кішкентай қыздың атынан әңгіме құрастыру ушін өзін оқиғаның дәл ортасында сезінуі тиіс.

Кейде жұмысты женілдету үшін ұсынылған сұрақтарға жауап берілуі қажет болады, қыстырма сұрақтар, ұсыныстар, иллюстрациялар беріледі.

Біз бағдарламада көзделген ұғымдармен және тарихи терминдермен жұмыс істеудің мына нұсқаларын ұсынамыз:

– жаңа сөздерді жазып алып, олардың мағынасын түсіндіру;

- анықтама беру;
- сөйлемде қалып қойған сөздерді толтыру;
- қажетті сөздерді қою;
- қалдырылған әріпті жазу;
- мәтіндегі қатені табу.

Сонымен бірге шығармашылық сипаттағы тапсырмалар да бар:

- картина бойынша ауызша әңгіме құрастыру;
- қарапайым қауымдастардың өмірі туралы әңгіме жазу (қалауы бойынша);
- ардагер-жауынгер атынан тарихи әңгіме құрастыру;
- бітпеген шығарманы аяқтау;
- ат қойып, оқулықтағы иллюстрация мен мәтінге сүйеніп, әңгімені жазбаша аяқтау.

Құралда оқушылардың топтық жұмыс істеуіне ұсынылған тапсырмалар, даулы мәселелерді шешуге, өз жорамалын немесе ұстанымын, оқиғаны немесе процесті, тарихи тұлғаны анықтау мен негіздеуге бағытталған пікірсайыстар мен айтыстар ұсынылған.

Мұндай тапсырмалар мәселені шешудің әр түрлі нұсқаларын, кейде тіпті мұғалімнің пікіріне және оқулықтағы қорытындыларға қайшы келетін түрлі тұжырымдарды анықтауы мүмкін. Алайда бізге маңыздысы сол, мұндай тапсырмалардың болғаны дұрыс, өйткені өз пікірінді қорғаған кезде оқушылардың дәлелдеу, сендеру, басқаның пікірімен санасу деген сияқты икемділігі де дамиды, сөйтіп өз пікірінді, білімінді қорғау барысында тәжірибе жинақталады әрі өз сенімінді нығайтады. Мұндай көзқарас әр түрлі көзқарастарды қабылдауға,

оларды құрметтеуге, басқалардың пікіріне, бағалауына, корытындысына төзімділікпен қарауға үйретеді.

Оқушының енбегін бағалаған кезде оқушы мен си-
ныптың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Тапсырмалардың басым бөлігін мұғалім тапсырма-
нын қайда – сыныпта өлде үйде орындалуы, жұмыс си-
паты мен құрделілігі қандай, оқушының мүмкіндігі қан-
дай деген сияқты нақты жағдайға байланысты бағалауы
мүмкін. Сурет салғаны үшін, қарапайым тапсырма үшін,
мысалы, жана сөздерді қоюшіріп жазғаны үшін баға
қоюдың қажеті жоқ.

Дәптермен жұмыс істегені үшін барлық параграф бой-
ынша дәстүрлі бес балдық жүйемен баға қоюға болады.

Басқа нұсқа: мұғалім балл және үпай жүйесі бойын-
ша жұмыс істейді. Ол әрбір орындалған тапсырма үшін
балл беріп, кейін оның қосындысын шығарады.

Оқу жылышын соңында дәптер байқауын немесе та-
рих бойынша ең таңдаулы дәптердің конкурсын үйым-
дастыруға болады.

Бақылаудың көрсетуінше, түсініктер мен ұғымдар-
ды қалыптастыруға бағытталған проблемалық-таным-
дық есептер сабакының жолға қойылуы, оны әрбір
оқушының шешуін талап етеді, сондықтан сабакқа он
минуттық жазбаша жұмыстарды, сурет салуды т.б.
енгізген дұрыс. Мұндай көзқарас кері байланысты қам-
тамасыз етіп, сабак барысында әрбір оқушының мате-
риалды игеруіне бақылау орнатуға мүмкіндік береді. Ең
маңыздыларды сабакта жазбаша түрде жеткізу, карти-
наны сипаттайтын сурет салу, қалдырылған сөздерді то-
лықтыру орын алған түсініктердің дұрыстығын білдіруге
мүмкіндік береді.

Жұмыстарды тексеру немесе суреттерді қарау көп
уақыт алмайды, өйткені олар онша көп емес. Практика-
ның көрсетуінше, шұғыл ауызша бекіту сұрағы кезінде
барлық оқушыларды қамти алмайсың. Жазбаша жұмыс
оқушылардың зейінін түгел жұмылдырады. Балалар
жазбаша жұмысты қызығып орындейді және баға алуға
мүмкіндігі бар. Жұмыс дәптері әрбір оқушыға
пікірлесуге мүмкіндік береді, жекелеген оқушының
бейімділігі мен қабілеті айқындалады.

7-тaraу. ҚҰЖАТТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

7.1. Тарих сабағында көркем-тарихи мәтіндер мен құжаттарды пайдалану

Тарихты оқытудың мақсаты – оқушылардың қабілеттерін дамыту, өткен оқиғалар мен құбылыстардың мәнін түсінуге мүмкіндік беру, тарихи талдаудың тәсілдерін үйрету, бүгінгі оқиғаларды қарастырганда және бағалаған кезде алған тарихи білімдерін қолдана білуге үйрету.

Жазушылардың шығармалары тарих ғылымы үшін құжаттық деректер бола алмайды, бірақ олар дәуір бейнесін, драмалық оқиғаларды, тарихи фактілерді ұсынып, оқушылардың тарихқа қызығушылығын арттырады /43/. Мұндай көзқарастың өз артықшылықтары бар: егер тарихты оқыту барысында фактілерді ғана білу міндетімен қоса адамзат, қоғам тіршілігінен хабардар болу міндеті қойылса, онда жазушылардың шығармалары мұндай жұмыс үшін таптырмас материал болып саналады. Әдеби шығармаларда көптеген елеулі мағлұматтар кездеседі. Онда өмірде болған шынайы оқиғалар бейнеленген. Ертедегі және қазіргі заманғы жазушылардың, тарихшылардың, этнографтардың шығармаларын оқу тарихи процестің мәнін түсінуге және талдауға қосымша мүмкіндік береді. Көркем әдебиет тарихты таныстырудың ең маңызды дереккөзі және олардың түсініктерін, құлықтылық және эстетикалық тәрбиеін байытудың тиімді құралы болып табылады.

Көркем әдебиетті: зерттелетін дәуірдің әдеби ескерткіштері және тарихи беллетристика деп екіге болуғе болады. Әдеби ескерткіштерге оқиғаның замандастары жазған, тарих курсында оқылатын туындылар жатады.

Көркем әдебиетті пайдалану адамдардың психикалық құрылымының ерекшеліктерін жаңғырту міндетін женілдете түседі. Жазушылар жасаған көркем туындылар өткен оқиғаларды тарихи жанрдың әдеби шығармалары түрінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұғалім көркем туындыны пайдаланып, өткен оқиғаны түсіндіреді, түзетулер мен анықтаулар енгізіп, жекелеген құбылыстарды суреттеу барысында кездескен қателерді, кемшіліктерді табады.

Мұғалім тарихшының жұмысын талдай алады. Мыса-

лы, тарихшы белгілі бір оқиғаны қашалық шынайы суреттеді, бұл неге байланысты, белгілі бір автордың фактілер мен оқиғаларды баяндағанда әлеуметтік жағдайы, саяси көзқарастары қалай әсер етті, тарихшының еңбегіне не ықпал етті (білік, біреуден қорқу, материалдық қызығушылық, адамның және азаматтың жеке қасиеттері) т.б. мәселелерге пікір айта алады. Тарихты бұрмалау мен өнін айналдыру проблемасын талқылау – тарих мұғалімінің көкейкесті міндеті.

Оқушыларды құжатты салыстыру, құжаттардың жанрын анықтау, тарихи мәтінді көркем шығармадан ажырату, авторлардың көзқарасын салыстыру, құжаттарға талдау жасау, оқу еңбегінің дағдылары мен икемділігін өзірлеуге көмектесу принципті мәселе болып табылады. Сонда ғана оқушылардың танымдық іс-әрекеті дербестікке ие болады, ал білім беріктігімен және саналылығымен ерекшеленеді. Оқушыға зерттеушінің жолын бастан кешіруге, тарихи оқиғалардың себептерін ойластыруға, зерттелетін тарихи дәүірге енуге, оқуды қызықты ету үшін тарихты өзінің талдауына мүмкіндік беру қажет /44; 45/.

Шынайы деректер (хроникалар, көзкөргеннің дәлелдері, шежіре) оқушылардың білімін тексеру мен бекітуде көмек көрсетеді. Жазушылар, ақындар, тарихшылар мен этнографтардың еңбегіне сүйену тарихи оқиғаны сыныпта талқылау үшін қолайлы болып табылады. Фалымдардың шікірлері, ғылыми енбектердің үзінділері мұғалімге мәтіндермен жұмыс істеуді ұйымдастыруға, балалардың білімін бағалауға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің мақсатты жұмысы балалардың аналитикалық қабілеттерін дамытуға, өз бетінше ойлай алуына бағдарлануы тиіс. Тарихи құжаттар танымдық қызығушылықты жандандыру мен қуаттау үшін, демек ішкі себептерді ояту үшін жағдай жасайды.

7.2. Оқушылардың тарихи құжаттармен дербес жұмысы

Тарихи құжаттармен дербес жұмыс істеу оқушылардың басты ұғымдары мен білімдерін қалыптастыруға және тарихи ой-өрісін дамытуға жәрдемдесуі тиіс. Сонымен бірге деректермен жұмыс істеу оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін үйымдастыруға, оқу және

арнайы икемділігін қалыптастыруға көмектеседі. Зерттеу тәсілі тарих пәніне қызығушылықты өрістетеді.

6-сыныпта тарихты оқыған кезде қалыптасадатын басты дағдылар фактілер мен процестерді түсіндіру, салыстыру, сипаттау икемділігі, олардың өзара себеп-салдарлы байланыстарын табу болып саналады. Бұл икемділіктің негізінде зерттелетін оқиғалардан ең бастысын таңда ала білу процедурасы жатыр. Белсенді тұлғаны қалыптастырудың жолы білімнің белгілі бір көлемін және оқу икемділігін менгеруге жетелейді.

Оқулық бойынша жаңа білімдерді дербес игеру тәсілдерінен басқа (ең бастысын таңдау, жоспарлар жасау, конспектілеу т.б.) салыстыруды, дәлелдеуді, корытуды, себеп-салдарлы байланыстарды орнықтыруды үйретудің де маңызы зор. Бұл міндеттерді шешу оқушылардың тарихи құжаттармен және материалдармен дербес жұмыс істеуін көздейді. Деректермен жұмыс істеу құжатты талдай білуге, салыстыруға, ой қорытуға үйретеді.

Сабакта құжат материалымен дербес жұмыс істеудің мынадай нұсқасы болуы мүмкін:

а) мұғалім оқушыларға бағдарламаға сәйкес материалды түсіндіреді, оқушылар түп деректерді пайдаланып, оны қайталауды және бекітеді;

ә) мұғалім тек негізгі материалды түсіндіреді де, оқушылар қын емес мәселелерді хрестоматияны пайдалану арқылы өз бетінше менгереді;

б) мұғалім мәтіннің идеясын қысқаша түсіндіріп, оқушыларға құжат материалдарымен өз бетінше жұмыс істеуге нұсқау береді;

в) оқушылар мұғалімнің басшылығымен дербес жұмыс істейді.

Тапсырмаларды орындау әр түрлі көзқарастарды қабылдауды, оларды құрметтеуді, түрлі пікірлерді, бағалау мен қорытындылауды тәзімділікпен менгеруге үйретеді.

Тарихи құжаттарды әр түрлі кезеңдерге қолданып, оларды ұжымдық, сондай-ақ мынадай жеке жұмыс үшін де пайдаланады:

– жаңа материалды оқыту барысында проблемалық жағдаяттар жасау және проблемаларды жолға қою құралдары ретінде;

– сабакта оқылатын фактілерді, ұғымдарды, занды-

лықтарды игерудің сапасын бекіту мен бақылаудың құралы ретінде;

– келесі сабакта білімдерді тексерудің құралы ретінде. Сұрақ барысында бір материал ұжымдасып жұмыс істеу үшін барлық сиынпқа ұсынылады, ал екінші материал ауызша жауап беру үшін шақырылған оқушыға тапсырма ретінде беріледі, үшіншісі жазбаша жауап беру үшін жекелеген оқушыларға немесе барлық сиынпқа ұсынылады;

– осы мақсат үшін арнайы болінген сабактарда қайталау мен қорыту процесінде алған білімді қолданудың құралы ретінде;

– тарихи құжаттар факультативтік дәрістерде, сиыптантыс (үйірме) сабактарда пайдаланылатын тапсырмалар үшін және тарихтан олимпиада өткізу үшін дереккөздері болуы мүмкін.

Тарихи құжаттармен жұмыс істеу жөніндегі тапсырмалардың ішінде проблемалық, шығармашылық, танымдық материалдар да біршама болуы тиіс. Олар білімді игеруге, шығармашылық, интеллектуалдық құрылымдарды дамытуға (баламалы ойлау т.б.), оқушыларды қолда бар және қолайлы, жалпы білім беретін маңызы бар тарихи танымның әдістемелерімен таныстыруға көмектеседі. Оқушыларға тарихи мәтіннің атын қоюға, негізгілерін бөліп көрсетуге, нысан белгілерін тануға және белгілеуге, үғымды анықтауға, қорытындыны дөлелдеуге, құбылыстардың өзара байланыстарын табуға мүмкіндік беретін тапсырмаларды өзірлеу қажет.

Оқушылардың «өз бетінше оқуын», «өз бетінше білім алуын» тиімді түрде арттыру үшін, оқиғаға, олардың себептері мен маңызына, оқулыққа карағанда ерекшеленетін, балама турдегі кейбір тақырыптарға 2-3 құжаттан ірікте алдық. Мұғалім оқушыларға өздерінің тарихи зерттеуін – датаны, автордың позициясын, оның дәлелдерін анықтауды ұсынуы мүмкін.

Әр түрлі «жаднамаларды» ұсынып, солардың неғізінде оқушылардың талдау жасауы маңызды.

Тарихи тұлғаның қызметін бағалайтын «жаднама»:

1. Кімнің мұддесін қорғады? Мұндай мұдделердің мәні неде?

2. Қандай жеке қасиеттері болған? Сендер оның мінезінде нені бағалайсындар, нені қолдамайсындар?

3. Көздеген мақсатын орындау үшін қандай өдістер қолданған?

4. Жалпы қоғам үшін қызметтің нәтижесі қандай? Ол нені жүзеге асыра алды?

5. Тұлғаның қызметін жалпы бағалау: ол кімге пайдалы, кімге қолайлы болды; қызметі елдің дамуына көмектесті ме? Өз көзқарастарынды білдіріндер: тұлғаның қандай қылышы сендерді таңғалдырды?

Мынадай құжаттармен және көркем мәтінмен жұмыс істеу пайдалы:

1. Шығармашылық, зерттеу тапсырмалары.

2. Бірлесіп жұмыс істеу үшін, мысалы, топта проблеманы талқылау үшін жаттығулар тапсырмасын ұсыну.

3. Белгілі бір тақырыптың көркемдік, тарихи-құжаттық, публицистикалық, мемуарлық, ғылыми-аналитикалық тақырыптарды ашуудың әр түрлі нұсқаларын ұсыну.

4. Талқылауға арналған мәселелерді алдын ала дайындау.

7.3. Құжаттық материалдармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар

Практикаға сүйенсек, тарихи құжаттармен жұмыс істеген кезде тапсырмаларды тұжырымдау мен түсіндіру, оқушылардың жұмысын бақылау, жұмысты түзету, нәтижелерді тексеру мен талдау маңызды болып табылады.

Тарихи құжаттар оқушылардың пәнге деген белсенділігін арттырады, жалпы білім беретін тапсырмаларды шешүге жәрдемдеседі, әр түрлі көзқарастар мен пікірлерді, тұжырымдар мен қорытындыларды төзімділікпен қабылдауға үйретеді, оқытуда көнілді жағдай жасауға мүмкіндік береді, оқушылардың табиғи қызығушылығының арттырады. Тарихи құжаттардан және көркем шығармалардан берілген тапсырмаларды орындау оқушылардың практикалық икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға, тарихи материалды игеруге ықпал етеді.

Құжатты, оған берілген тапсырмаларды таңдау негізгі ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастырумен байланысты болуы тиіс. Барлық құжаттарға тапсырмалар құрастырылған жөн. Тапсырманы орындау барысында

окушылар өр түрлі логикалық іс-шаралар жасауы қажет. Оларда мыналар қалыптасуы тиіс:

– тарихи фактілерді уақыт пен кеңістікке бейімдеу, атап айтқанда, оқиға даталарын тарихи құбылыстар мен процестерге байланыстыруды білу;

– қоғамдық дамудың ұғымдары мен заңдарына сүйене отырып, тарихи материалды талдау мен қорытудың, себеп-салдарлы және заңды байланыстардың, құбылыстар мен оқиғалардың мәнін түсіне білу;

– біртекті тарихи фактілерді салыстырып, олардан дамудың өр түрлі кезеңдеріндегі өзгерістерді таба білу;

– дәлелдер мен қорытындыларды тұжырымдау мен негіздеу, логикалық жағынан дұрыс құру;

– тарихи және археологиялық мәліметтерді талдау, оларды өзара байланыстыру, салыстыру;

– құжаттарды жіктеу және олардан қорытынды шығара білу.

Тарих мұғалімінің міндеті – адам мен қоғамның уақыт пен кеңістікте қалай өзгеретінін окуға үйрету. Құжаттармен жұмыс істеу нұсқалары өр түрлі болуы мүмкін:

– тарихи құжаттан немесе көркем шығармадан үзінділерді жаңа материалды түсіндірген кезде мұғалімнің әңгімесіне енгізу;

– тарихи құжаттың мәліметтерін оқулық мәтінімен салыстыру;

– құжатка сұрақтар құрастыру;

– мәтінді оқып, оқулық материалдарымен салыстыру;

– мәтін авторына өз көзқарасын білдіру;

– тарихшының шығармасымен жұмыс істеу және әңгіме құрастыру;

– өр түрлі тарихшылардың бір проблема жөніндегі хабарларын салыстыру;

– мұғалімнің қорытындыларын растау үшін шағын үзінділерді оқып, талдау;

– құжатты ұжымдастып оқу негізінде (шағын топтарда жұмыс істеу) зерттелетін мәселе бойынша қорытынды шығару.

Сыныпта тарихи құжатпен жұмыс істеудің ұсынылған нұсқаларының кейбіреуін қарастырып көрейік. Мысалға Страбонның «Географиясын» алайық.

Мұғалім тарихи құжаттың авторы туралы әңгімелеп

беруі тиіс. «Страбон – ертедегі грек тарихшысы өрі географы, шамамен, б.з.б. 64 жылы – б.з.-дың 24 жылы аралығында өмір сүрген. Страбонды «География атасы» деп атаған. Оның кітабында Закавказье мен Орта Азиядағы ежелгі халықтар мен тайпалар туралы көптеген мәліметтер көлтірілген». Бұдан кейін мұғалім антикалық ғалымның еңбегінен үзінділер оқып беруді және қойылған сұрақтарға жауап беруді ұсынуы мүмкін.

Тарихи құжатты оқушылардың білімін тексеру үшін дидактикалық карточка ретінде пайдалануға болады.

Үлестіру материалы

«Қытай тарихшысы Сыма Цяньнің «Тарихи жазбалар» деген еңбегінен үзінділер оқындар. Мәтінде қалдырылған сөздерді толықтырындар (тайпалармен, жауынгерлері, жайылымға, салқын, ғұндарға, көшіп».

Үйсіндер бір жайылымынан екінші _____ көшіп жүреді. Бұл жағынан олар _____ үқсас. Олардың ондаған мың шыныққан _____ бар. Алғашқыда олар ғұндарға бағынған. Кейін басқа көшпелі _____ бірігіп, оларға бағынбай қойған. Халқының саны 630 мың адам. Киіз үйлері 120 мың, өскерлері 180 800. Олардың жері үлкен, жазы _____, жайылымдары бай, жаңбырлы күндері көп болады. Олар жайылым іздел, унемі _____ жүреді.

7.4. Құжаттарды талдау

Жазба деректерден мәліметтер көлтірмес бұрын олардың авторлары туралы әңгімелеп беру керек. Мысалы, мұғалім А. Марцеллиннің Рим офицері екенін, 330–400 жылдары өмір сүргенін айтады. Парсыларға қарсы соғысқа қатысқан. Тарихшы «Әрекет» («Деяния») туындысының (31 кітап) авторы ретінде белгілі. Оның кітаптарында Оңтүстік-шығыс Еуропа тайпалары туралы көлтірген мағлұматтары біз үшін аса құнды екенін атап айту керек. Өз елінің дүшпандары туралы жазған жауынгер-офицер біз сияқты өз пікірін ашық айтқанын да ескерген жөн.

Мұғалім мысал көлтіре отырып, пікір субъективизмі дегеннің не екенін балаларға түсіндіру қажет. А. Мар-

целлииннің ғұндарды суреттеп жазғанымен таныстыру үшін, төмендегі мәтінді көбейтіп, окушыларға таратқан дұрыс.

Үлестіру материалы

A. Марцеллин ғұндар туралы

“Ғұндар өбден шыныққан, сондықтан олар отты да, адам ішіп үйренген дәмді тағамды да қажет-сінбейді. Олар еш уақытта ешқандай баспанага тығылмаиды.

Олардан тым болмаса қамыспен жабылған күркеде таба алмадық. Олар тау-таста, орманда көшіп жүреді, олар бесіктен бастап суыққа да, аштыққа да, шөлге де үйренген...

Ешқандай қалыпқа салып тігілмеген аяқ киімдері еркін жүрге кедергі келтіреді. Сондықтан олар жаяу соғысқа жарамайды, оның есесіне олар атпен бірге өскен сияқты, өте төзімді, түрлері өте сүйкімсіз, атқа отырып алыш, өздерінің үйреншікті көсібін атқара береді. Құндіз-тұні аттан түспейді, алыш-сатарлықпен шұғылданады, аттың үстінде тамақ жейді, ұйықтайды, қатты ұйықтайтыны сондай, тұс көріп жатқандай өсер береді. Маңызды мәселе жөнінде ақылдастырылары келсе, кеңесті ат үстінде отырып өткізеді. Олар өздеріне төніп тұрган патшаның қatal өкімін білмейді, егер өздерінің ақсақалдарының біреуі бастаса, жолында кездескеннің бәрін жайпап өтеді...

Олардың ешқайсысы жер жыртпайды, соқаның не екенін білмейді».

Материалмен танысқаннан кейін, мұғалім құжаттарды талқылау үшін сұрақтар ұсынады және сұрақтар бойынша материалды жұптасып, мысалы, парталас көршісімен талқылауга тапсырма беруі мүмкін.

Мұғалімге көмек ретінде

Құжатты талдауга арналған жаднама

Құжаттың авторы кім? Құжатты өзірлеуге автордан басқа кімдер қатысты? Бұл адамдар туралы не білесіндер?

Құжаттармен жұмыс істеу. Пікірсайыс материалдарына енгізілген әр түрлі авторлардың зерттелген проблемалары жөніндегі қөзқарастарын ұсыну аса маңызды болып саналады.

Тапсырма. Ежелгі грек ғалымдары Геродот пен Страбонның деректерін оқулық материалдарымен салыстырындар.

«Танаис өзенінің (қазіргі Дон) арғы жағы скифтерге қарамайтын өлке, бірақ ондағы жер иелері савроматтар болып табылады. Савроматтар Меотида көлінің ойпатынан бастап солтүстікке қарай он бес күн бой жол жүретін жер телімін алып жатыр». Геродот.

«Таулы елді керісінше қарапайым халық пен жауынгерлер иеленген, олар көршілері әрі туыстары болып есептелеетін скифтер мен сарматтардың әдет-ғұрпы бойынша тіршілік етеді; алайда олар да егіншілікпен шүғылданады. Қандай да бір мазасыз жағдай бола қалса, олар өз іштерінен де, скифтер мен сарматтардан да он мындаған әскер шығара алады». Страбон.

Оқушылардың құжаттық материалмен жұмыс істей білуі қуанарлық іс. Материалдар тақырыптары бойынша әр түрлі болуы ықтимал. Сұрақтар тізбегі – *кім, қашан, қайды, не, негежәне қалай* барлық баспа материалдары үшін ортақ болады. Бірақ қалай жұмыс істей керектігін және оны қалай пайдалану қажеттігін анықтайды.

7.5. Оқулық материалдары мен даулы мәселелер

Әр түрлі материалдарды пайдалану даулы мәселелердің тууына тұрткі болады. Даулы мәселелердің оқушылардың білімін дамыту үшін зор ағартушылық мәні бар. Оларды қолдану күрделі тіршілік жағдаяттарын зерттеуде аналитикалық дағдыларды және ақпаратты тануды, оны бағалауды қалыптастырады. Мәселелерді талқылау маңызды мәселелерді қарастырганда ұтымды әдістемелерді қолданудың әдісі мен қажеттілігін де дамытады, солар бойынша шешімдер қабылдауға үйретеді.

Даулы мәселе дегеніміз не? Мәселені шешуге қатысты қайшылықтар туындаған кезден бастап оны даулы деп есептеуге болады. Сыныпта даулы мәселені шешу мәтінінің нұсқасын ұсынамыз.

Мұғалім өр түрлі көзқарастардың бәрін түсіндіруге талпынбауы тиіс. Талқылау оқушыларға қанағаттанарлық құндылықтарды айыра білуге көмектеседі. Талқыланатын материалды іріктеген кезде мынадай өлшемдерді ескеруді естен шығармаған абзал:

- мәселелер немесе материалдар оқушылардың жас деңгейіне қаншалықты сәйкес келеді?
- олар оқушыларды қызықтыра ма?
- олар оқушылардың өзіндік ойлау деңгейіне сәйкес келе ме?
- оқулық материалымен, ақпаратпен қамтамасыз етілген бе?
- өлеуметтік маңызы бар ма?

Үлестіру материалы

Теріс түсінік

Сонғы уақытта ерте кездегі тіршілік туралы адамдардың түсінігі біршама өзгерді. Қөптеген түсініктер жөнінде дауласуға болады. Мысалы, біздің ата-бабаларымыз үңгірде тұрды ма? Ертедегі адамдар киімді білмеді дегенмен келісуге болмайды. Олар аш болған емес, тамақты жеткілікті ішіп-жеді. Өрине, өздерін тағаммен қамтамасыз ету үшін олар көп енбек етті, бірақ олардың демалуға да уақыты болды. Адамдар өте ақылды болған. Олардың ашқан қөптеген жаңалықтары бізге де пайдалы. Олар көркем өнерге өте қабілетті болған.

Адамдар өмірдің мағынасын түсінуге үмтүлған, бәлкім, олар тіршілік өлгеннен кейін де жалғаса береді деп болжаған болар.

Мұғалім шәкірттерді, олардың мұмкіндігін жақсы білуі тиіс және өзінің өмірге көзқарасы оқушылардың көзқарасын қалыптастыруға да белгілі бір дәрежеде өсер ететінін ескергені жөн. Сабакты дайындау барысында өз пікірін оқушыларға міндеттемеу керек.

Мұғалімнің міндеттері:

1. Талқыланатын тақырыпты таңдау немесе оқушылардың тақырыптарын бағыттап отыру.
2. Оқулық материалын дұрыс іріктеу.
3. Сабактан тыс сынып жұмысына тақырып бойынша қосымша ынталандыру.

4. Материалды, оның мәнін түсіндіру. Онда жетіспейтін дәлелдер мен фактілердің құрылымын көрсету.

5. Әр түрлі баламаларды анықтау мен бағалау үшін материалмен қамтамасыз ету.

6. Әр түрлі көзқарасты талқылауды ұйымдастыру керек.

8-тaraу. ТӘРБИЕ МІНДЕТТЕРІН ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ АРҚЫЛЫ ЖУЗЕГЕ АСЫРУ

Нақты педагогикалық процеске көптеген факторлар әсер етеді: оқытушы мен оқушының жеке қасиеттері, оқушылардың даярлық деңгейі, мектеп ұжымының өзара қарым-қатынасы, жалпы білім беру деңгейі. Мұғалімнің міндеті оқушылардың негізгі ұғымдарды игеруіне мүмкіндік беретін тәсілдерді баяндай алуында болып табылады.

Оқыту әдістемесін дәл таңдау мұғалімнің оқушыларға ақпаратты ұсынатынына немесе олардың ақпаратты пайдалануын қамтамасыз етуіне байланысты. Мұғалімнің ақпаратты беруі – дәстурлі әдіс, өйткені білім хабары бар адамнан (мұғалімнен) бейхабар адамдарға (оқушыларға) ауысады. Оқыту тиімділігін арттырудың қосымша мүмкіндігін қарастырайық.

Бой жазу

Дәрістің тиімділігін және жұмысқа дұрыс әзірлікті арттыру үшін бой жазудың маңызы зор. Бұл зейін аударудың қысқа ойыны, сөзжұмбақ немесе қозғалыс ойыны болуы мүмкін. Бой жазу сабактың тақырыбымен байланысты болуы міндетті емес, оның басты мақсаты – сынныпты жұмыс істеуге даярлау. Бой жазудың түрін таңдау мұғалім мен оның сынныбының қандай жағдайда болуына байланысты. Бой жазуды өткізу үй-жайдың көлеміне, сынныптағы балалардың санына (сынныптағы ауыр үстелді орындықтармен, парталармен бірге жылжыту қыынға соғады т.б.), өткен сабактың тақырыбына т.б. тәуелді болады.

Бой жазудың оқылатын тақырыпқа сәйкес келуіне қатысты мысал келтірейік. Ғұндар туралы тақырыпты оқыған кезде «Айтылғанды қалпына келтір» ойынын ұсынуға болады. Мұғалім оқушыларға көптеген сөздерді баған түрінде жазуды ұсынады:

жер
мемлекет
больш
негіз
беру
оны

сондықтан
болмайды

Бұдан кейін айтылғанды қалпына келтіруді тапсырады. Кім бұрын орындаса, сол жеңіске жетеді. Тақырыпқа көшуден бұрын мұғалім: «Жер – мемлекеттің негізі болып табылады, сондықтан оны беруге болмайды» деген сөйлемді сабактың эпиграфы етіп алатынын айтады.

Плакаттар конкурсы

Балалардың шығармашылық қиялын жандандыру мақсатында пайдаланылады. Идеяларды дер кезінде және кеңістікте жүзеге асыру, проблеманы өз қалауынша көркемдік құралдарымен шешуге ұмтылу және өз пікірін айрықша тәсілмен жеткізу үшін конкурстың пайдасы көп. Мұғалім ең басты нәрсе плакатты өдемі сөндеу ғана емес (балалардың бәрі бірдей суретті жақсы сала бермейді), ең бастысы – тамаша идеяны ұсынып, оны ватман қағазының бетінде бейнелеу екенін ескертіп қойғаны жөн.

Плакаттардың тақырыптары әр түрлі болуы мүмкін, мысалы, «Көшү», «Өскери демократия», «Билік және азатттар» т.б.

Әрбір топтың 4-5 адамнан құралғаны дұрыс. Мұғалім функцияларды бөліп-жармай, ұжымдастып орындауды ескертеді. Сонда әр оқушы идеяның авторы, әрі суретшісі, әрі қорғаушының рөлін атқарушы болады.

Жұмыс 3 кезеңнен тұрады:

1. Идеяны ойлап табу.
2. Оны жүзеге асыру.
3. Қорғау.

Плакатты қорғауға ұсыну керек. Қорғауға – плакатта сұрақтарға берілген жауаптармен бірге бейнелегенді түсіндіруге 3 минут уақыт беріледі. Ең жақсы плакаттарды (немесе бәрін) көпшіліктің көруи үшін мектептің коридорына іліп қою керек (авторын көрсету міндетті емес).

Көркем әдебиет

Оқушыларды еліміздің өткен тарихымен таныстырудың дереккөздерінің бірі, олардың түсініктерін байытудың, құлықтылық және эстетикалық тәрбие берудің тиімді құралы көркем әдебиет туындылары болып табылады.

Көркем шығарманы пайдаланып, өткен оқиғаны түсіндіру, тарихи оқиғаны талқылауды үйымдастыру оңайға түседі. Көркем әдебиетті пайдалану адамдардың психикалық құрылымының ерекшеліктерін қалпына келтіру міндетін жеңілдетеді. Мұғалім шығармалардан шайқас пен ұрыстың өткен жерін, ерлік пен тағдырдың айқасын, автордың көnlі күйін және тарихшылардың көзқарастарының сипатталуын таба алады.

Мұғалім тарихшының жұмысын талдау проблемасын шеше алады. Мысалы, мәселелерді талқылау – тарихшылар белгілі бір оқиғаны қаншалықты шынайы суреттейді, бұл неге байланысты, белгілі бір тарихшының фактілер мен оқиғаларды баяндауына өлеуметтік жағдай, саяси көзқарастар қалай әсер етеді, тарихшының енбегіне не ықпал етеді (білік, біреудің алдындағы өзінің қорқуы, материалдық қызығушылық, адам мен азаматтың жеке қажеттері т.б.). Тарихты бұрмалау мен өңін айналдыру проблемаларын талқылау – тарих мұғалімінің көкейкесті міндеті.

Көркем шығарма арқылы оқушылар дәуірдің ерекшелігін, көшпелілердің тұрмыс жағдайларын, мінез-құлқын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін, өзіндік өмір салтын сезіне алады.

Қосымша әдебиетті (повесть, әңгіме, поэма, драмалық шығармалар, өміrbаян т.б.) аса ұқыптылықпен пайдалана қажет. Мысалы, романды оқыған кезде оның тарихи дерек емес, көркем туынды екенін және автордың белгілі бір деңгейде ойдан шығару құқығы бар екенін ұмытпау керек. Әдебиетті пайдаланудың тәсілдері көп, әсіресе талқылау үйымдастырудың пайдасы зор, оның барысында оқушының оқыған кітабының мәнін қалай түсінгені анықталады. Мұндай ретте талқылауға сұрақты дұрыс дайындаудың пайдасы мол.

Сөзжұмбактарды шешу

Сөзжұмбак құрастыру – мұғалімді де, оқушыны да қызықтыратын іс. Сабактың 5 минутын балалардың ынталы ойлауына жұмсаудың зияны жоқ. Сөзжұмбактар балалардың үғымдар мен терминдерді табуына көмектеседі. Қарапайым сөзжұмбак жасау үшін тақырыптың кілті ретінде белгілі бір сөз алынады, мысалы, «құқық», «көшпелі шаруашылық» сөздері т.б. Ол «тігінен»

пайдаланылады. Қалған сөздер кілт сөздің өріптеріне сүйеніп, көлдененеңін жазылады.

«Көлденен» сөздерді тақырыпқа сәйкес келетіндей етіп таңдап алу керек. Егер балалар қаласа, оларға өз бетінше сөзжұмбақ құрастыруды тапсыруға болады.

Сыныпта оқыту

Оқушылар уақытының көбін сынныпта өткізеді. Жоғарыда айтқанымыздай, оқыту мақсатына сүйеніп, жұмыстың бірнеше түрін ұсынамыз. Мұғалім тек өзі ғана сөйлей бермеуі керек. Сыныптағы жағдайдың емін-еркін болуы үшін әңгімені түрлі деңгейде жүргізу қажет. Мұғалім әңгімені үйімдастырып және оны бағыттап отыруы тиіс. Әңгімені қызыдырып, оқушыларды ынталандырып отыру қажет. Оқушылардың сабакқа белсенділігі артқан сайын еркіндік сезімі мен жігерлілігі тасқындаі туследі.

Мұғалім жұмысқа үнемі басшылық жасай бермеуі керек. Жұмыс істеудің басқа жолдары: баяндамашыларды – жоғары сыннып оқушыларын, өріптес мұғалімдерді шақыру болып табылады, олар кейбір мәселелер туралы әңгімелеп бере алады. Мұндай қарым-қатынас оқушылардың алған білімін өмірмен байланыстыруға көмектеседі. Оқушылар да мұғалімнің рөлін ойнауы мүмкін. Ол үшін оларға топтың алдында аналитикалық баяндамалар жасау құқығын беріп, пікірсайыс жүргізген дұрыс, шағын топтарда бірлесіп жұмыс істеген жақсы. Рөлдерді осылай бөлісу лидерлік дағдыларды игеруге мүмкіндік береді, оның өміріне қатысуға қоғамның барлық мүшелерінің құқы бар деген ойды қалыптастырады. Бұл ретте әркім қалауынша басшылық рөлін ойнауға құқы бар деген ой туындаиды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Государственные стандарты среднего образования Республики Казахстан. История. Обществознание. Алматы: Казахская академия образования им. И. Алтынсарина, 1998. – 109 б.
2. Тойнби А. Дж. Постижение истории: Пер. с англ. / Сост. Огурцов А.П.; Вступ. ст. Уколовой В.И.; Закл. ст. Ращковского Е.Б. – М.: Прогресс, 1991. – 736 б.
3. Ясперс К. Смысл и назначение истории: Пер. с нем. – М.: Политиздат, 1991. – 527 б. (Мыслители XX века).
4. Карр Э.Г. Что такое история? Рассуждение о теории истории и роли историка. Алматы, 1997, – 208 б.
5. Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. / Общ. ред., сост. и предисл. А.Ю. Согомонов: Пер. с англ. – М.: Политиздат, 1992. – 543 б.
6. Масанов Н.Е. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельностиnomadного общества. – Алматы-Социнвест – М.: Горизонт, 1995. – 320 б.
7. Гумилев Л.Н. Хунну. М.: Санкт-Петербург: Тайм-аут-КОМПАСС, 1993. – 224 б.
8. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – Л.: ЛГУ, 1989. – 495 б.
9. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М.: Наука, 1967. – 504 б.
10. А.М. Хазанов. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е, доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 604 б.
11. Страбон. География, кн. 10: 2,6,8-б.; кн. 8: 3, 12-б.
12. Геродот. Историки античности: В двух томах. Том первый. Древняя Греция: Пер. с древнегреч. – М.: Правда, 1989. – 114–120-б.
13. Т. Тұрлығұл, Ө. Төлеубаев, Қ. Құнапина. Ежелгі Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2002. – 144 б.
14. Годер Г.И. Преподавание истории в 5 классе: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1985. – 207 б.
15. Байпақов К. М. Ежелгі Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Рауан, 1995. – 96 б.
16. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении: О колективном способе учебной работы: Книга для учителя. – М: Просвещение, 1991. – 192 б.

17. Вазина К.Я. Коллективная мыследеятельность – тип развивающего обучения. Учебное пособие для слушателей ИПК – Горький, Горьковский межобластной ИПК работников профессионально-технического образования РСФСР, 1989. – 73 б.
18. Артықбаев Ж.О. История Казахстана. Учебник – хрестоматия. – Астана: ИКФ Фолиант, 1999. – 282 б.
19. Абилев А.К. История дореволюционного Казахстана. Алматы, 1992.
20. Методический альманах. Пособие для преподавателей курса «Граждановедение». Вып. 1–4. – М.: Научно-внедренческий центр «Гражданин», 1994.
21. Сарсекеев Б.С. Тренинговые формы занятий в курсе истории Казахстана: – Акмола: ИПК РО, 1997. – 46 б.
22. Геокарис Клаудиа. Повышение участия учащихся: Разгаданная тайна. – Лидерство в образовании. Январь, 1997. – 72 – 75-б.
23. Жизель О. Мартин-Нип и др. Зачем я это делаю? Целенаправленное обучение через комплексную оценку. Тх. Heinemann, 1998.
24. Эрдниев П.М. О современном состоянии исследования проблемы укрупнения дидактических единиц. – В кн.: Укрупнение дидактических единиц. Материалы третьей научно-практической конференции. /Часть первая. – Элиста, 1982. – 6 – 7-б.
25. Балашова Л.И. Зависимость емкости однородной учебной информации от способов ее структурирования. – Душанбе, 1966. – 8-б.
26. Фридман Л.М. Педагогический опыт глазами психолога: Кн. для учителя – М.: Просвещение, 1987. – 63–107-б.
27. Шаталов В.Ф. Педагогическая проза. Из опыта работы школ г. Донецка. – М.: Педагогика, 1980. – 94 б.
28. Шаталов В. Ф. Куда и как исчезли тройки: Из опыта работы школ г. Донецка. – М.: Педагогика, 1979. – 136 б.
29. Лerner И.Я. Задания для самостоятельной работы по истории СССР: 8 кл.: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1988. – 111 б.
30. Годер Г.И. Задания и задачи по истории древнего мира: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1996. – 144 б.

31. Гора П.В. Методические приемы и средства наглядного обучения истории в средней школе. Пособие для учителя. М.: Просвещение, 1971. – 239 б.
32. Дайри Н.Г. Основное усвоить на уроке: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1987. – 192 б.
33. Запорожец Н.И. Развитие умений и навыков учащихся в процессе преподавания истории (4–8 классы). Пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1978. – 144 б.
34. Лейбенгруб П.С. О повторении на уроках истории СССР в 7–10 классах: Пособие для учителя. 2-е изд., дораб. – М.: Просвещение, 1987. – 144 б.
35. Грибов В.С. Тестовые задания для проверки знаний учащихся по новой истории (16 – начало 20 в.): 7–8 классы. – М.: ТЦ Сфера, 1998. – 96 б.
36. Биберина А.В. Тестовые задания для проверки знаний учащихся по истории древнего мира: 5 класс. – М.: ТЦ Сфера, 1998. – 112 б.
37. Основы современной цивилизации: Тесты /А.В. Абрамов и др.; Под ред. О.И. Бородиной. – М.: Гуманитарный центр ВЛАДОС-МПГУ; Школа-Пресс, 1993. – 128 б.
38. Захарова Е. Мир в 15–18 веках: Рабочая тетрадь для 7 класса. – М.: Открытый мир. 1997. – 112 б.
39. Сарсекеев Б.С. История древнего Казахстана. 6 класс (учебное пособие для учащихся). – Астана, Евразийский гуманитарный институт, 2002. – 58 б.
40. Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории: Пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1982. – 191 б.
41. Алексашкина Л.Н. Самостоятельная работа школьников при изучении новейшей истории. Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1988. – 128 б.
42. Донской Г.М. Задания для самостоятельной работы по новой истории: 9 кл.: Пособие для учителя. – 2-е изд., доп. и перераб.– М.: Просвещение, 1989. – 126 б.
43. Джандарбеков Б. Саки: Ист. Роман-диология. Алматы: Жазушы, 1993. – 624 б.
44. Вагин А.А. Методика обучения истории в школе. – М.: Просвещение, 1972. – 351 б.
45. Лернер И.Я. Состав и содержание образования и пути его воплощения в учебнике. В кн. Проблемы школьного учебника. Вып. 6. – М.: Просвещение, 1978. – 46–64-б.

МАЗМУНЫ

Кіріспе	3
1-тарау. Ертедегі Қазақстан тарихын оқытудың теориялық проблемалары. Номадизм – ондіруші экономиканың ерекше түрі	6
1.1. Көшпеліліктің генезисі мен эволюциясы	6
1.2. Көшпелі шаруашылықтың түрлері	10
1.3. Су пайдалану ерекшеліктері	12
1.4. Мал табынының кұрамы	14
1.5. Өндірістік цикл мәселелерін оқыту	16
1.6. Кооперацияның зандастықтары	22
2-тарау. Ежелгі Қазақстан тарихын оқыту	25
2.1. Тарихты оқытудың ауызша өдісі	25
2.2. Тарихи түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру	32
2.3. Оқушылардың уақыт туралы түсініктерін дамыту	36
2.4. Оқушылардың кеңістік туралы түсініктерін дамыту	38
2.5. Мәдениет мәселелерін оқып үйрену	41
2.6. Дін мәселелерін оқып үйрену	45
3-тарау. Дәрістің белсенді жаттығу түрлері	47
3.1.1. Оқытудың арнаулы жаттығу түрлері	47
3.1.2. «Бетпе-бет» (жұптасып жұмыс істеу). «Менің қаһарманым»	48
3.1.3. «Төрттік» (3-4 адамның шағын тобы). «Ақсақалдар портреті»	48
3.1.4. «Гажайып жетілік» (7-8 адамның ықшам тобы). «Тыйым салу»	49
3.1.5. «Аквариум» (оқушылардың белсенді тобымен жұмыс істеу)	50
3.1.6. «Әткеншек» (екі шенбермен жұмыс істеу). «Демократияны жақтаушылар»	53
3.1.7. Улкен жаттығу шенбері. «Халықтың әдет-ғұрпы»	54
3.2. Шағын топтардағы жұмыс технологиясы	54
3.3. Оқушыларды жаттығу арқылы бағалау	56
3.4. Тірек конспектілерді пайдалану	58

4-тaraу. Оқушылардың дербес жұмысы	61
4.1. Дербес жұмыс түрлерін жіктеу	61
4.2. Оқушылардың дербес жұмысын басқарудағы мұғалімнің рөлі	62
4.3. Дербес жұмысты үйымдастыру мен бақылау	66
4.4. Оқулық материалымен байланысты жалпы ойлауды дамыту	69
5-тaraу. Тестілеу – білімді тексеру түрі	72
6-тaraу. Жұмыс дәптері	75
6.1. Жұмыс дәптері – оқулық әдебиетінің жаңа жанры	75
6.2. Оқыту әдістемесі	77
7-тaraу. Құжаттармен жұмыс істеу	84
7.1. Тарих сабағында көркем-тарихи мәтіндер мен құжаттарды пайдалану	84
7.2. Оқушылардың тарихи құжаттармен дербес жұмысы	85
7.3. Құжаттық материалдармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар	88
7.4. Құжаттарды талдау	90
7.5. Оқулық материалдары мен даулы мәселелер	92
8-тaraу. Тәрбие міндеттерін тарих ғылымы арқылы жүзеге асыру	95
Пайдаланылған әдебиеттер	99

Учебно-методическое издание

Сарсекеев Бауыржан

ИСТОРИЯ ДРЕВНЕГО КАЗАХСТАНА

Методическое пособие

**Для учителей 6 класса общеобразовательной школы
(на казахском языке)**

2-е издание

Редакция менгерушісі Э. Пірманов

Редакторы Қ. Лұқпанұлы

Көркемдеуші редакторы Д. Құрманов

Техникалық редакторы Ү. Рысалиева

Корректоры Э. Кенжалина

ИБ № 070

Теруге 21.02.2011 берілді. Басуға 20.06.2011 қол қойылды. Пішімі
84x108^{1/32}. Офсеттік қағаз. Әріп түрі «мектептік». Офсеттік басылыш.

Шартты баспа табағы 5,46. Есептік баспа табағы 5,47.

Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 5630

«Атамұра корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы,
М. Мақатаев көшесі, 41.